

2015

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

1-ТОМ

«Самұрық-Энерго» АҚ



2015

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



«Самұрық-Энерго» АҚ



МАЗМҰНЫ

01. ЕСЕП ТУРАЛЫ

02. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

03. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

04. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Миссия, пайымдау және құндылықтар

Бизнес моделі

Даму стратегиясы

2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттар, мақсаттар және міндеттер

Бизнесті трансформациялау

Негізгі нәтижелер

Халықаралық ынтымақтастық

Активтерді қайта құрылымдау, жаңа компанияларды қайта құру, сатып алу және құру

Активтерді жекешелендіру

АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

05. САЛАҒА ШОЛУ ЖАСАУ

Нарық моделі

Көмір нарығы

Нарық жағдайындағы SWOT-талдау

06. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өндірістік қызмет

Еншілес және тәуелді қоғамдар туралы ақпарат

Қаржылық нәтижелер

Компания қызметінің нәтижелеріне жасалған менеджмент талдауы (MD&A)

Инвестициялық қызмет

Инновациялық қызмет, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру

07. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару құрылымы

Акционерлер туралы ақпарат

Директорлар кеңесі

Ішкі аудит қызметі

04

06

08

10

12

14

15

17

18

20

24

25

26

27

28

29

35

37

40

41

46

57

59

75

79

82

83

83

84

94

Басқарма	95
Корпоративтік басқару кодексі	107
Қойылған мақсаттарды орындауға мониторинг жүргізу рәсімдері	108
Сақтық қағидаттары	108
Хартиялар мен бастамаларға қатысу	109
Мүдделерді қорғау жөніндегі қауымдастықтарға және/немесе ұлттық және халықаралық ұйымдарға мүшелік	109
Омбудсмен: Жанжалдарды басқару	110
08. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ	112
09. ОРНЫҚТЫ ДАМУ	122
Экологиялық факторлар	123
Әлеуметтік факторлар	128
Экономикалық факторлар	151
Қоғаммен өзара іс-қимыл жасау	154
Өнім үшін жауаптылық	156
10. СЫРТҚЫ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	158
Сыртқы аудиторды таңдау критерийлері	159
Аудиторлық ұйым туралы ақпарат	159
Тәуелсіз аудитордың қорытындысы	161
11. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	162
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	162
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп	164
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	165
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	166
12. ҚОСЫМШАЛАР	168
Пайдаланылатын қысқартулар	168
Есептің GRI нұсқауына сәйкестілік кестесі	171
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	175


01

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы біріктірілген есеп (бұдан әрі — Есеп) «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі — Компания немесе Қоғам) компания қызметі туралы мәнді деректерді көрсетеді. Есеп барлық мүдделі тараптарға «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының 2015 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанда қоса алған мерзімде атқарған қызметінің нәтижелері мен жеткен жетістіктерін көрсетеді. Қоғамның осы Есепте көрсетілген 2015 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2015 жылғы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2014 жылғы есебі «Прайсуотерхаус-Куперс» ЖШС («PwC») тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып табылады.

Осы Есеп аясында компанияның экономикалық қызметі, орнықты даму, қаржы-операциялық нәтижелер мәселелері бойынша ақпарат келтірілген. Ақпарат пен сандық мәліметтер 2015 жыл үшін берілген, алайда көрсеткіштер бойынша берілген ақпаратты салыстыру мен оларға талдау жасаған кезде қолдануға болатын тұстарда 2013 және 2014 жылдардың да деректері пайдаланылды.

Қоғамның қаржылық емес есептерін қалыптастыру тарихы 2010 жылдан бастау алады. 2010 жылы Қоғамның 2009 жылы атқарған қызметінің қорытындысы бойынша бірінші есебі жарияланды.



2011 жылы Қоғам Жылдық есеппен қатар «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының орнықты дамуы туралы есепті жариялады, ол 2010 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанда қоса алғандағы кезеңді қамтиды. Алдыңғы Біріктірілген жылдық есептің жарияланымы 2015 жылы мамырда өтті.

Қоғам Біріктірілген есепті жыл сайын дайындауды жоспарлайды.

ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ҮДЕРІСІ

Осы есеп «Есептілік бойынша ғаламдық бастама» (бұдан әрі – нұсқасының GRI) есебін дайындау қағидаттарын ескере отырып, электр энергетикасы (Electric utility, EU) саласындағы GRI салалық хаттамасына, БҰҰ Жаһандық шарты есептілігінің талаптарына, сондай-ақ Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес әзірленді. Есепке кесте қоса берілді, онда Есептегі стандартты элементтердің орналасу реті көрсетіледі (2-қосымшаны қараңыз: Есептің сәйкестілік кестесі).

ЕСЕПТИҢ ҚАМТУ САЛАСЫ МЕН ШЕКАРАЛАРЫН ШЕКТЕУ

Қоғам басқарушы компания болып табылады, ол өндіру қызметімен айналыспайды, сондықтан оның қоршаған ортаға тигізетін ықпалы да елеусіз болады. Осы есепте орнықты даму саласындағы көрсеткіштерді толық ашу мақсатында 38 еншілес және тәуелді ұйымнан тұратын «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы (бұдан әрі – Компаниялар тобы немесе Холдинг) бойынша шоғырландырылған ақпарат ұсынылған. Мына ұйымдардың жөні бөлек:

- «Forum Muiders B.V.» – басқарушы компаниясы, «РУСАЛ» ЖАҚ – пен бірлескен кәсіпорын (50 % СЭ);
- Mersal Coal Holdings Ltd, Manetas Coal Holdings Ltd, Grasedol Coal Holdings Ltd, Bleson Coal Holdings Ltd, GROUCH ESTATE Ltd, ALLOYAL Limited, WEXLER LTD, METTLERA CORPORATION LTD, «Энерго-ТрейдУголь» ААҚ, «Ресурсэнергоуголь» ААҚ – «Forum Muiders B.V.» еншілес компаниялары;
- «Бұқтырма ГЭС» АҚ, «Шүлбі ГЭС» АҚ және «Өскемен ГЭС» АҚ – жалға берілген және концессияда.

ЕСЕПКЕ ЕНГІЗІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТТАРДЫ ДАЙЫНДАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БОЛЖАМДАР МЕН ӘДІСТЕМЕНІ ҚОСА АЛҒАНДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕР МЕН ЕСЕПТЕУЛЕРДІ ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІ

Дерек көздері мемлекеттік статистика органдарына жыл сайын берілетін ресми есептілік нысандары болып табылады. Көрсеткіштердің бірқатары ішкі аудит рәсімдері аясында компанияның жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жиналып, есептеледі.

Қоғамның Есебінде ұсынылған өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есептеу, жинау және шоғырлау есептілік қағидаттарына және GRI Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқасының ұсынымдарына (Global reporting initiative, GRI) және Қоғамның корпоративтік басқару рәсімдеріне сәйкес жүргізілді. Орнықты даму саласындағы көрсеткіштердің әр санаты бойынша сандық мәліметтердің қате берілу ықтималдығы барынша азайтылды. Қатынастар мен үлестік шамалар абсолютті мәндермен толықтырылған. Сандық мәліметтер жалпыға бірдей қабылданған өлшем бірліктерін пайдалану арқылы көрсетілген және стандартты коэффициенттердің көмегімен есептелді.

БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ

Есепте болашаққа қатысты келтірілген мәліметтер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. «Жоспар» белгісі бар «санайды», «болжайды», «күтеді», «бағалайды», «көздейді», «жоспарлайды» секілді сөздер мен осыған ұқсас сөздер бұл жағдайда әңгіме болжамдық мәлімдеме туралы болып тұрғанын көрсетеді. Нақты нәтижелердің жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижелерден, болжамды мәлімдемелердегі бағалар мен ниеттерден айтарлықтай айырмашылықтары болуы мүмкін. Болжамдық мәлімдемелер Есеп жарық көрген күнге ғана жарамды. Компания болжамды мәлімдемелердегі күтілетін қызмет нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан олар неғұрлым ықтимал немесе типтік сценарий ретінде қаралуға тиіс емес және қарала алмайды.

02

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



**БЕКТЕМІРОВ ҚУАНЫШ
ӘБДІҒАЛИҰЛЫ**

*«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы*

Құрметті оқырмандар!

2015 жыл қабылданатын шешімдердің сипатына өзінің әсерін тигізген қарама-қайшы оқиғаларға толы болды. Жаһандық экономиканың құлдырауы барысында басқару жедел жауап қатуды талап етті. Стрестік жағдайлар – қуаттың артық өнділіріп, оны тұтынудың азаюы, көмірге сұраныстың кемуі, валюта дәлізінің өзгеруі – бизнестің барлық резервтері мен әлеуетін пайдалануға ынталандырды.

Компанияның Директорлар кеңесінің атынан 2015 жылғы жұмыс нәтижесінің жоғары болғанын атап өткім келеді. Қызмет тиімділігін жақсарту мақсатында операциялық және инвестициялық шығындарды оңтайландыру бойынша іс-қимылдар жасалды, соның нәтижесінде операциялық пайда 46 млрд теңгеге жетті, бұл

2014 жылғы деңгейден болғаны 3%-ға төмен. Шоғырландырылған қорытынды залал 77,8 млрд теңгені құрады, бұл шығындардың бағамдық айырмасындағы көрініске байланысты.

Жағдайды нақты бағалау және прагматикалық тұрғыдан есеп жасау – нақ осы ұстанымға сүйене отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі 2015 жылы қазанда 2025 жылға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын қабылдады, ол Қазақстан нарығының тиімді операциялық холдингін, көшбасшысын құруға бағытталған. Компанияның миссиясы қоршаған ортаға қамқорлық пен ұқыпты өндіру қағидаттарын басшылыққа алатын Еуразия жеткізушісі және Қазақстанды энергиямен жабдықтаудың жоғары технологиялық кепілі ретінде акционерлер, қызметкерлер және қоғам үшін құндылықтарды жасау болып табылады.

Дамудағы басты назар аударылатын мәселе – «жасыл» энергетика объектілерін салу. «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан нарығындағы ірі электр энергиясын жеткізуші бола отырып, төмен көміртекті экономиканы жөніндегі жоспарларды іске асыруда шешуші рөл атқарады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жүргізіліп жатқан технологиялық трансформация 2025 жылға қарай өндіруші қуаттар

құрылымында ЖЭК-ті 10%-ға дейін көбейтуді көздейді.

Таяу арадағы келешекте біз үшін Алматы энергетикалық торабында инвесторларды тарта отырып су-, жел өндіруді дамыту бойынша бірқатар ірі жобаларды іске асыру маңызды. Жасыл энергетиканың жаңа объектілерінің пайда болуының нышаны бейінді заңнамаға қажетті тариф деңгейін қарастыратын түзетулер болып табылады. Бұл бағытта заң шығармашылығы үдерісі белсенді түрде қамтамасыз етілуде.

Қазіргі кезде Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорының тапсырмасы бойынша активтерді жекешелендіру үдерісі жүріп жатыр, ол экономиканы ырықтандыру бойынша жұмыстың бір бөлігі. Жекешелендіруге, бәсекелес ортаға беруге жататын объектілердің түпкілікті тізбесі белгіленуде. Компания активтерінің түпкілікті құрылымы оның IPO-ға шығу бойынша жұмыстарды жалғастыруына мүмкіндік береді.

Қосымша эмиссияның шамамен 20-25%-ы Қазақстан нарығында бастапқы орналастыру аясында ұсы-

нылатын болады.

Экономикадағы үрдістер Трансформациялау бағдарламасының уақытылы бастау алғанын көрсетеді. Өзгерістер «Самұрық-Энерго»

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін «Самұрық-Энерго» АҚ операциялық холдинг қағидаттары бойынша басқаруға көше отырып, трансформациялау бағдарламасын іске асыруда.

АҚ-ның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Негізгі міндет - оның Акционері үшін компанияның табыстылығын арттыру мақсатында холдингті басқарудың операциялық моделіне көшуге қолдау жасау, функцияларды орталықтандыру, озық әлемдік тәжірибелерді автоматтандыру және ендіру.

Компанияның іске асырған жобалары бойынша жинақтаған жемісті тәжірибесі мен практикасы барлық стратегиялық мақсаттарға қол жеткізетінімізге және олардың орындалатынына сенім ұялатады.



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ



**СӘТҚАЛИЕВ АЛМАСАДАМ
МАЙДАНҰЛЫ**

«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқарма төрағасы

Құрметті оқырмандар!

«Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясына және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес Қоғам баламалы энергия көздерін көбейтуде. 2015 жылы «Келешекте 300 МВт-ға дейін ұлғайту мүмкіндігімен қуаты 45 МВт Ерейментау ЖЭС-сын салу» жобасы іске асырылды. Жоба еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының қорытындылары бойынша жалпыұлттық телекөпір барысында таныстырылды. ЖЭС45-тің іске қосылуымен жыл сайын 110 мың тонна көмірді үнемдеу арқылы қоршаған ортаға шығарылатын парниктік газдардың шығарындылары азайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның қоршаған ортаға әсерді азайту және «таза» технологияларды дамыту бо-

йынша жүргізіп жатқан мақсатты жұмысына жоғары баға берілді. 11 желтоқсанда экология және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы жетістіктері үшін «Самұрық-Энерго» АҚ 2015 жылғы «Парыз» Елбасы сыйлығының Гран-при жүлдесін иеленді. Жоғары награда біздің орнықты даму, корпоративтік басқаруды жетілдіру, еңбекті қорғау, отандық тауар өндірушілерді ауқымды қолдау салаларындағы жетістіктерімізді көрсетеді.

Біздің жылу электр станцияларымыз шынымен де бұрынғыға қарағанда таза әрі қоршаған ортаға мейірімді бола бастады. Компаниялар тобы бойынша күл шығарындылары 3 еседен артыққа – 36 мың тоннаға азайды. Мұндай нәтижелер шекті тарифтер бағдарламасы аясындағы жаңғыртудың арқасында мүмкін болды – Екібастұз ГРЭС-1 мен Екібастұз ГРЭС-2-нің барлық блоктарына электр сүзгілер қойылып, Алматы ЖЭО-2-дегі тазарту жүйесі жаңғыртылды.

Шардара СЭС-сын қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Жарты ғасыр бойы электр энергиясын өндіріп келе жатқан су электр станциясын техникалық тұрғыдан толық жаңарту станцияның қуатын 26%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Жұмыс өндірісті тоқтатпастан жүргізілуде, 2017 жылы аяқталады.

Үкімет пен Акционердің қолдауымен инвестициялық бағдарлама табысты іске асырылуда. Екібастұз ГРЭС-1 станциясында әрқайсысының

*«Самұрық-Энерго»
АҚ Қазақстан на-
рығындағы ірі электр
энергиясын жеткізуші
бола отырып, төмен
көміртекті экономи-
каны құру жөніндегі
жоспарларды іске
асыруда шешуші рөл
атқарады.*

қуаты 500 МВт №8 және №2 блоктары қайта жаңартылып, пайдалануға берілді. «АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2 бойлерін қайта жаңартуды аяқтады. Алматы қ. электр желілерін дамыту бағдарламасы бойынша «АЖК» АҚ Бесағаш, Мамыр, Есентай, Алтай қосалқы станцияларының құрылысын аяқтады. Ақтөбе қ. ЖЭО-ны қайта жаңарту, Алматы ЖЭО-2 №8 ст. қазандық агрегатын қайта жаңарту жұмыстары аяқталуда. Аталған жобаларды іске асыру шығындарды азайтып, электр- және жылумен жабдықтау сенімділігін арттырды.

Ағымдағы жылы 30 қарашада, ҚР Тұңғыш Президенті күнін мерекелеу қарсаңында «Богатырь-Көмір» ЖШС энергетикалық көмір тиеуді 1,5 миллиард тоннаға жеткізе отырып, көмір кесігінде өзінің көмір өндіре бастағанына 45 жыл толу оқиғасын атап өтті. «Интер РАО» ЖАҚ пен «РУСАЛ» БК ресейлік серіктестерімізбен ынтымақтастықты дамытудың негізгі басым бағыттарының бірі болып келеді.

2015 жылы экономиканың өсу қарқынының баяулауына және ұлттық валютаның еркін айналым бағамын енгізілуіне байланысты өндіру мен энергия тұтыну көлемінің азаюы байқалды. Аталған факторларды бір деңгейге келтіру мақсатында компанияның Акционері мен Директорлар кеңесі орта мерзімді жоспарларды шығындарды азайту және инвестициялық бағдарламаны оңтайландыру жағына қарай қайта қарады.

Әлемдік деңгейдегі Standard & Poor's рейтинг агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін – «BB» деңгейінде, қысқа мерзімді кредиттік рейтингін – «B» деңгейінде растады. Рейтингтердің өзгеру болжамы – «Тұрақты». Баға мемлекет үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның стратегиялық мәніне сүйенеді, ол қаржылық

қолдаудан, сондай-ақ компанияның өзге де нарықтық ұстанымдарынан көрінеді.

2015 жыл бойында компания қолданыстағы заңнамаға 2016 жылдан бастап электр қуаты нарығы, Ұлттық оператордың жұмыс істеу тетіктері, Нарық кеңесінің құрылымы, функциялары және ұйымдастыру мәселелері бөлігіне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасы Энергетика комитетінің, KAZENERGY қауымдастығы Энергетика саласын дамыту жөніндегі үйлестіруші кеңесінің «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзір-

леу жөніндегі жұмыс кеңесінің отырыстарына қатысты.

Стратегиялық мақсаттарға жету үшін «Самұрық-Энерго» АҚ трансформациялау бағдарламасын іске асыруда. Операциялық холдингке көшу үшін қызметтің мынадай бес бизнес-бағыты деңгейінде активтер басқару шоғырландырылды: «Көмір», «ЖЭК», «Тарату және өткізу», «Генерация», «Сату және трейдинг».

Өзгерістер ішкі нарықтағы тұтынушылармен және экспорттық жеткізілімдер бойынша жұмысты жандандырды – Қазақстанның электр энергиясы Ресей нарығына қайтып оралды, сондай-ақ Қырғыз Республикасына да электр энергиясы жеткізіледі.



03

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

25% Қазақстандағы жалпы электр энергиясын өндіру көлемінің 25 %-ын құрайды

31,8% ҚР БЭЖ-дегі станцияның белгіленген жиынтық қуатының 31,8 %-ына немесе **6 774 МВт**-қа ие.

36% ҚР-дағы көмір өндіру көлемінің 36 %-ын құрайды

70,111
мың км

Әуе және кабельді ЭБЖ
220-0,4 кВ ұзындығы
70,111 мың км

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2013	2014	2015	2016 (жоспар)	2017 (жоспар)
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтсағ.	28 587 *	28 216 *	22 318	23 259	26 059
Электр энергиясын тарату көлемі	млн кВтсағ.	8 133	8 605	8 414	8 758	9 135
Электр энергиясын беру көлемі	млн кВтсағ.	11 859	12 344	12 113,6	12 332,0	13 068
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	6 792,5	7 561	6 907	7 359	7 987
Көмір өндіру көлемі	млн тонна	41,7	38,0	34,5	32,5	35,6

* Ертіс ГЭС каскадын есепке алмағандағы электр энергиясын өндіру көлемі.

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 *	2015	2014-пен салыстырғанда 2015-те	2016	2017
				ауытқу, %	болжам	болжам
Топ акционерлеріне тиесілі барлық табыс (залал)	млрд теңге	15,94	-77,83		6,25	41,71
Қоғам акционерлеріне тиесілі бағам айырмасын есептемегендегі барлық табыс (залал) **	млрд теңге		29,01	182%	20,24	41,71
EBITDA	млн теңге	76 129	84 895	112%	85 581	69 156
EBITDA Margin	%	34%	37%	109%	33%	57%

* Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызмет бойынша ЕТҰ-ны толық шоғырландыруға көшіруді ескере отырып қайта есептелді.

** Бағам айырмасы бойынша шығыстардың әсерін есепке алмағандағы барлық пайда.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2012	2013	2014	2015 (жоспар)	2015 (нақты)
Инновациялық-технологиялық даму рейтингі	%	71	70	91,2	75	75,2

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Атауы	Өлшем бірлігі	2011	2012	2013	2014	2015
Корпоративтік басқару рейтингі	%	61,9	65	— *	73,5	81

* 2013 жылы корпоративтік басқару рейтингін бағалау жүргізілген жоқ.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2013	2014	2015
Қызметкерді қатыстыру деңгейі	%	63	65	65
Жыл сайынғы кадр тұрақтамаушылығы	%	10,1	8,6	11,9
Мың адамға шаққанда өндірістегі жазатайым оқиғалар саны	ед.	0,48	0,17	0,5
Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	74	76	74

2015 ЖЫЛҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТОБЫНДА 2015 ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТІЗІМІ:

№ р/с	Тегі, аты-жөні	Награда түрлері	ЕТҰ атаулары
1	Молдабаев Қ.Т. - Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары	«Құрмет» ордені	«Самұрық-Энерго» АҚ
2	Мұхамед-Рахимов Н.Т. - Басқарма Төрағасы	«Ерен еңбегі үшін» медалі	«Алматы электр станциялары» АҚ
3	Мишин И. Г. - Орталықтандырылған жөндеу цехы бастығының орынбасары	«Ерен еңбегі үшін» медалі	«Екібастұз 2-МАЭС» АҚ
4	Шахтрин В.Л. - «Богатырь» кесігінің экскаватор машинисі	«Ерен еңбегі үшін» медалі	«Богатырь Көмір» ЖШС
5	Улядаров В.П. - 1-отын-көлік цехының ауысым бастығы	«Ерен еңбегі үшін» медалі	«Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС

04

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



2015 жыл «Самұрық-Энерго» тобының қаншалықты мықты екендігін мейлінше сынақтан өткізді. Мұнай бағасының төмендеуі мен валюта дәлізіндегі ауытқулар кезіндегі экономикалық жағдай компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясындағы өзгерістердің катализаторына айналды.



Өндіруші қуаттардың жұмыс істеп тұрғандарын жаңарту және жаңаларын іске қосу жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру мақсатында 2007 жылы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы құрылды. Қоғамның құрылған кездегі құрылтайшылары «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ және «Қазтрансгаз» АҚ болып табылды. Қоғам 2007 жылы 10 мамырда тіркелді.

2008 жылы 3 қарашада «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ-ны қосу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның құқықтық мирасқоры болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері болды.

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының аумағында энергетикалық және көмір өндіруші кәсіпорындарды басқаратын холдингтік компания болып табылады.

Қоғам активтерінің құрамында ірі қуат өндіруші компаниялар, оның ішінде Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 станциялары сияқты ұлттық маңызы бар станциялар, сондай-ақ Алматы өңірінде және Ақтөбе қаласында жылу мен электр энергиясын өндіретін басқа да станциялар бар; республиканың Ертіс ГЭС каскадының құрамына кіретін негізгі су электр станциялары, сонымен бірге еліміздің оңтүстік аймағындағы СЭС-тер (Шардара СЭС пен Мойнақ СЭС) солардың қатарында. Сондай-ақ Қоғам активтерінің құрамына Алматы өңірі, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстарының аймақтық бөлу желілері мен өткізу компаниялары және Қазақстандағы ең ірі көмір өндіруші кәсіпорын – «Боғатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын Топтың қуат өндіруші объектілеріне және Қазақстанда, Ресей Федерациясында орналасқан үшінші тараптарға көмір жеткізеді.

МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

МИССИЯ

Қоршаған ортаға қамқорлық пен ұқыпты өндіру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Еуразия жеткізушісі және Қазақстанды энергиямен жабдықтаудың жоғары технологиялық кепілі ретінде акционерлер, қызметкерлер және қоғам үшін құндылықтарды жасау.

ПАЙЫМДАУ

Еуразиялық маңызы бар тиімді операциялық энергетикалық холдинг – Қазақстан нарығының көшбасшысы.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1. *Меритократия:* әркімнің үлесі мен жетістіктерін бағалаудағы әділдік пен объективтілік.
2. *Құрмет:* команданың басқа мүшелеріне құрметпен қарау.
3. *Адалдық:* Қоғам ішінде және өз серіктестеріне адалдық.
4. *Ашықтық:* серіктестермен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастықта жұмыс істеу барысындағы ашықтық пен мөлдірлік.
5. *Командалық рух:* қызметте неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ұжымдық жауапкершіліктің болуы.
6. *Сенім:* өзара көмек және сенім мәдениетін ұстанушылық.

ЖҰМЫС ҚАҒИДАТТАРЫ

1-қағидат. Энергия көздерінің сенімділігі мен қолжетімділігі

Өсіп келе жатқан әлем халқының сұранысын қанағаттандыру үшін энергия көздерінің сенімділігін әрі қолжетімділігін қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Біз бұл мәселе бойынша бізге қызметімізді жүзеге асыруға лицензия мен өкілеттік беретін, энергетикаға салынатын инвестицияның тұрақтылығына кепілдік беретін реттегіш құқықтық базаның күнілгері болжағыштығын қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылымдармен және азаматтық қоғаммен жұмыс істегіміз келеді.

2-қағидат. Тиімді энергия жүйелері

Энергияны тиімді өндіруге, беруге және жеткізуге ұмтыламыз, қоршаған орта мен климатқа тигізетін жағымсыз әсерлерді мейлінше азайта отырып, тұтынушылардың энергия тұтынуды тиімді басқару мәселесін ілгері бастыруына ықпал етеміз, сонымен бірге іс-әрекеттеріміздің келешек ұрпаққа тигізетін салдарларын үнемі ескеріп отырамыз.

3-қағидат. Жауапты азаматтық мінез-құлық

Қоғамның қажеттіліктері мен ұмтылыстары туралы түсінігімізді тереңдетуге, азаматтық қоғам және үкіметтермен ынтымақтастық пен ашықтық негізінде өзара іс-қимыл жасайтын жауапты корпоративтік азаматтар мен сындарлы серіктестер болуға ұмтыламыз.

4-қағидат. Экономикалық дамуға үлес қосу

Энергетика секторының жұмысымен байланысты қоғамдастықтарды нығайтуға айырықша көңіл бөле отырып, өзіміз жұмыс істейтін қоғамдастықтардағы экономикалық өсімге, жұмыспен қамтуды арттыруға, оларға инновацияларды енгізуге ықпал етеміз.

5-қағидат. Энергетикалық сауаттылықты арттыру

Энергетикалық сауаттылықты арттыруға, деректерге негізделген және сенімді әрі объективті ақпаратты ескере отырып әзірленген саясатты жүргізуге атсалысамыз.



БИЗНЕС МОДЕЛІ

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы аумағындағы энергетикалық және көмір кәсіпорындарын басқаратын тігінен интеграцияланған холдинг болып табылады.

Қызметтің басым бағыттары және негізгі өндірілетін өнім:

- Электр энергиясын өндіру;
- Жылу энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын тарату және бөлу;
- Электр энергиясын сату;
- Энергетикалық көмір өндіру;
- Жаңартылатын көздерден энергия өндіру;
- Желілердегі электр энергиясының шығынын азайту;
- Қоршаған ортаға шығарылатын зиянды әсерді барынша азайту;
- Отынның үлестік шығынын азайту, жабдықтардың жұмыс режимін оңтайландыру;
- Қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес энергетикалық

жабдықтардың пайдаланылуын қамтамасыз ету;

- Қолданыстағы энергетикалық қуатты қалпына келтіру, жаңғырту және қайта құру, сондай-ақ жаңа энергетикалық қуаттарды салу.

2015 жылы Қазақстан Республикасындағы электр энергиясын өндіру 90 796,6 млн кВтсағ. құрады, мұның өзі 2014 жылмен салыстырғанда 3138,6 млн кВт/сағатқа немесе 3,4 %-ға жоғары (93 935,2 млн кВтсағ.).

Аталған көрсеткіш бойынша Қоғам алдыңғы орынға ие және ERG (19 521 млн кВтсағ.) мен Kazakhmys Energy (6 843 млн кВтсағ.) құрылымына кіретін электр энергиясын өндіруші ірі компанияларды басып

озады.

Қоғамның электр станциялары (ГРЭС-1, ГРЭС-2, АлЭС, Ақтөбе ЖЭО, Шардара СЭС және Мойнақ СЭС) 22 318 млн кВтсағ. электр энергиясын немесе Қазақстанда өндірілетін электр энергиясының 25 %-ын өндірді.

Қоғамның неғұрлым ірі тұтынушылары - «KEGOC» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «ҚазФосфат» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қостанай Энергоорталық» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Көкшетау Энергоорталық» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС.

Электр энергиясы Қазақстанның БЭЖ Батыс өңірін қоспағанда (электр байланыстарының жоқтығынан),

республиканың барлық өңірлеріне жеткізілді.


Қазақстан БЭЖ солтүстік өңірінің тұтынушыларына электр энергиясын жеткізу үлесі энергия тұтынудың жалпы көлемінің 12%-ын, ал БЭЖ оңтүстік өңірінің тұтынушыларына электр

энергиясын жеткізу 67%-ды құрады. Мұнда облыстар арасында электрді тұтыну көлемі бойынша жеткізілім көлемі үлесінің мейлінше жоғары көрсеткіші - Алматы облысы бойынша (83%), Жамбыл облысы бойынша (65%), Оңтүстік Қазақстан облысы

бойынша (45%), Қостанай облысы бойынша (31%).

Қырғыз Республикасының электр энергиясына мұқтаждығын жабу үшін Қоғамның электр станциялары 401 млн кВтсағ. көлемінде электр энергиясын экспорттады.

БИЗНЕС МОДЕЛІ



«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасындағы ірі көмір өндіруші компания «Богатырь-Көмір» ЖШС (50%), сонымен қатар Ресей Федерациясына экспорттық жеткізілімдерді жүзеге асыратын «Ресурс Энерго Уголь» ЖШС трейдингілік компаниясының иесі болып табылады. Компания өндіретін көмірдің қомақты бөлігі «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына кіретін электр станцияларға, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының өзге де электр станцияларына, сонымен қатар өңірдің коммуналдық кәсіпорындарына жеткізіледі.

Компаниялар тобы ҚР-дағы жарамды қуаттың 31,8%-ына иелік етеді. Топқа «ЕГРЭС-1» ЖШС, «ЕГРЭС-2» ЖШС, «АлЭС» АҚ, «Мойнақ СЭС» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, «Шардара СЭС» АҚ, «New Light Energy» ЖШС және жиынтығында Қазақстан Республикасындағы жалпы өндірілген электр энергиясының 30%-дан астамын құраған басқа да өндіруші кәсіпорындар кіреді. «Самұрық-Энерго» АҚ өндірген электр энергиясының жалпы көлемі 22,3 млрд кВтсағ. құрайды.


Электр энергиясының көтерме сауда нарығына ұлттық маңызы бар энергия өндіруші компаниялар, сондай-ақ ірі тұтынушылар, оның ішінде: «KEGOC» АҚ, «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қостанай Энергоорталық» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «Көкшетау Энергоорталық» ЖШС, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС, сонымен қатар басқа да ірі тұтынушылар қатысады.

Электр энергиясын беру және тарату негізінен «KEGOC» АҚ магистральдық желілері арқылы және аймақтық энергетикалық компаниялар (АЭК) желілері арқылы жүзеге асырылады. «Самұрық-Энерго» АҚ тобына «АЖК» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ, «МЭБК» АҚ сияқты бірқатар өңірлік компаниялар кіреді.

Электр энергиясының бөлшек саудасымен энергия таратушы ұйымдар (ЭТҰ) айналысады. ЭТҰ электр энергиясын халыққа, ОШБ-ға, сонымен қатар өзге де бюджеттік, өнеркәсіптік және институционалдық тұтынушыларға өткізеді. Екіжақты шарт жасасу арқылы ЭТҰ өндіруші компаниялардан электр энергиясын сатып алып, оны бөлшек тұтынушылармен дәл осылай екіжақты шарт жасай отырып сатады. «Самұрық-Энерго» АҚ тобына екі ЕТҰ кіреді: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС және «Шығысэнерготрейд» ЖШС.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС және «Шығысэнерготрейд» ЖШС бойынша тұрмыстық, өндірістік және институционалдық тұтынушылар 1 229 376 дербес шотты құрайды, оның ішінде: 1 182 705 дербес шот - тұрмыстық тұтынушылардікі, 2 763 дербес шот - өндірістік тұтынушылардікі, 3 255 дербес шот - бюджеттік тұтынушылардікі және 40 653 дербес шот -өзге (соның ішінде, коммерциялық) тұтынушылардікі.

БИЗНЕС СЕГМЕНТТЕРІ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ трансформациялау аясында, сондай-ақ өзгерген нарық талаптары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің электр энергетикасы саласындағы басымдықтарына байланысты Қоғам

өзінің ұзақ мерзімді Даму стратегиясын өзектендіру жөніндегі жұмысын бастады. Стратегияны өзектендіру жөніндегі жұмыс Boston Consulting Group халықаралық консалтингтік компанияны тарта отырып өткізіл-

ді және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 15 қазандағы шешімімен бекітілді. Стратегиямен қатар 2015-2025 жылдарға арналған Стратегияны іске асыру жөніндегі Жол картасы әзірленді.

5 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША «100 НАҚТЫ ҚАДАМ» СТРАТЕГИЯҒА НАҚТЫ ШЕКТЕРДІ БЕЛГІЛЕЙДІ

50	Электр энергетика саласын қайта құру, бірыңғай сатып алушы моделін енгізу
51	Аймақтық электр желілік компанияларды (АЭК) ірілету
52	Электр энергетикасында жаңа тарифтік саясат енгізу
59	Энергия үнемдеу саласына энергия сервистік шарттар механизмі арқылы инвесторларды тарту
62	Нақты компанияларды қолдауға бейімделген «ұлттық чемпиондар» бастамасын іске асыру
63	Ғылымды қажет ететін экономиканың негізі ретінде екі инновациялық кластерді дамыту
64	«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтердің нәтижелерін коммерциялау туралы» Заңды әзірлеу
65	ҚР-ның халықаралық транспорттық-коммуникациялық ағымға қосылуы
70	Астана Ехро 2017 инфрақұрылымы базасында арнайы мәртебе бере отырып Астана халықаралық қаржы орталығын (AIFC) құру
71	Капитал нарығына қызмет көрсетуге мамандарылған Қаржы орталығын дамыту стратегиясын әзірлеу
74	Халықаралық есептілік стандарттары жүйесін енгізу арқылы жер қойнауын пайдаланудың ашықтығын арттыру
75	Барлық пайдалы қазбаларға келісімшарт жасасудың жеңілдетілген әдісін енгізу

Іске асыруға тікелей қатысу

Іске асыруға жанама қатысу

2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

Өз миссиясын орындау және Қоғамның талап етілетін нәтижелеріне қол жеткізу аясында бірінші деңгейдің үш стратегиялық мақсатын іске асыру болжанады:

1. Энергия ресурстарының қатысу
2. Акционерлік капиталдың құнын арттыру.
3. Бизнестің әлеуметтік жауапкер-

шілігін, орнықты дамуды қамтамасыз ету.

Бірінші деңгейдің стратегиялық мақсаттары жұмыс істеп жатқан бизнес-бағыттар үшін мынадай мақсатты бағдарларды алға қояды:

- дәстүрлі қуат өндіру – жоғары технологиялық даму, Қазақстан Республикасында көшбасшылық және экспортқа шығарылатын артық қуатты тиімді монеталау;
- ЖЭК – Қазақстан Республикасында ЖЭК-қуат өндіру технологияларын белсенді өндіру және дамыту;
- көмір бизнесі – жоғары технологиялық көмір бизнесін дамыту, өсудің жаңа орындарын іске асыру;
- тарату және сату – Қоғамның тобы бойынша Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында активтерді сату.

1) «ДӘСТҮРЛІ ҚУАТ ӨНДІРУДЕГІ ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ АЯСЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- Сауда үйі базасында сатуды, коммерциялық оңтайландыру мен трейдингті күшейту;
- Инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру (өндіруші қуаттардың оңтайлы теңгерімі);
- Бос қуаттардың талап етілетін өнімділік деңгейін қамтамасыз ету;
- Реттеушімен өзара іс-қимыл жасау қызметін күшейту;
- Жаңа бизнестер мен қызметтерді дамыту, сатуды ұлғайту және экологиялық тиімділікті арттыру үшін шектес бизнестерге әртараптандыру;
- Ішкі нарықта қосымша сату арналарын дамыту;
- Сыртқы нарықта қосымша сату арналарын дамыту;
- Таза көмірдің инновациялары мен технологияларын дамыту, көміртекті тұту және сақтау.

2) «ЖЭК-ҚУАТ ӨНДІРІСІН ДАМУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ АЯСЫНДА ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- Жоспарланған жобаларды тиімді іске асыру және ЖЭК-тің қарқынды дамуын қамтамасыз

ететін жаңа жобаларды анықтау арқылы ҚР-да ЖЭК-ті дамыту бойынша көшбасшылықты қамтамасыз ету;

- электр энергияны сақтау технологияларын дамыту.

3) «ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨМІР БИЗНЕСІН ДАМУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ АЯСЫНДА ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- ҚР-да байытылмаған көмір бизнесін дамыту;
- РФ-да байытылмаған көмір бизнесін дамыту;
- Көмір бизнесінің операциялық тиімділігін жоғарылату;
- Көмір қыртысын байыту, дамыту бойынша бизнестің жоғары технологиялық бағыттарын дамыту;
- Инновацияларды және ҒЗТҚЖ-ны дамыту.

4) «ТАРАТУ ЖӘНЕ САТУ» БИЗНЕС-БАҒЫТЫ АЯСЫНДА ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- Жекешелендіру жоспары бойынша активтерді сату.

5) «ЖАЛПЫ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ» АЯСЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЫНАЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- Корпоративтік орталықта қызметтерді ішінара орталықтандыра отырып, операциялық холдингті басқару қағидаттарына өту;
- Компанияның трансформациялау бағдарламасын іске асыру;
- Акционерлердің мүдделерін қорғау және акцияларды тиімді бастапқы орналастыру;
- Үздік тәжірибелерді қолдана отырып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша міндеттемелерді орындау;
- Инновациялық даму;
- Инвестициялық жоспарлау және жобаларды басқару үдерісін жетілдіру.

БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ – СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Бағдарлама 2015 жылғы 4 шілдеде ресми түрде басталды. Бастапқы кеңес электр энергетикалық холдингтің еншілес және тәуелді кәсіпорындарының ұжымымен телекөпір режимінде «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ Басқарма Төрағасының қатысуымен өтті.

Трансформациялау жобасы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның әдістнамасы бойынша жүргізіледі және 3 негізгі бағыттан тұрады: Адамдар, Үдерістер және Технологиялар.




АДАМДАР

- Ынталандыру
- Жауаптылық
- Құрылым
- Біліктік
- Штат

ҮДЕРІСТЕР

- Басқаруға болатындық
- Нәтижеге бағыттылық
- НҚК-нің ашықтығы




ТЕХНОЛОГИЯЛАР

- Регламенттер мен стандарттар
- Тәуекелдер мен бақылаулар
- Автоматтандыру

Бірыңғай интеграцияланған
АТ Жүйе

БИЗНЕСТІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ – СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ
ҚОҒАМНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТ-
КІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



Трансформациялау бағдарламасының негізгі мақсаты – озық әлемдік тәжірибелерді қолдана отырып, корпоративтік басқару, қаржылық және операциялық тиімділік деңгейі жоғары бәсекелес және орнықты компания құру.

Осы бастамаларды іске асыру:

1. Еңбек өнімділігін 40%-ға арт-

тыруға;

2. 2020 жылға қарай экономикалық қосылған құн көрсеткіштерінің оң мәніне шығуға (EVA) мүмкіндік береді.

Қоғам өз миссиясын қоршаған ортаны қорғау туралы қамқорлық және үнемді өндіру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, ак-

ционерлер, қызметкерлер, қоғам үшін құндылық жасау деп біледі. «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы трансформация Қоғамның жаңа бәсекелес әрі орнықты холдинг құруына, өз миссиясы мен даму стратегиясын толығымен іске асыруына мүмкіндік береді.

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖОБАСЫНЫҢ АЯСЫНДА ЖАҢА БИЗНЕСТЕРДІ ДАМУ

Бизнесті әртараптандыруға арналған бағыттар бойынша мысалдар		
Экологиялық тиімділікті арттыру және қалдықтарды пайдалану	Аралас өнімдерді/қызметтерді өткізудің өсуі, сервистерді дамыту	Электр энергиясын өткізудің өсуі, жаңа электр сыйымды өндірістердің өзара іс-қимылы мен ынталандыру
Электр станциясынан шығатын жылу: • жылыжай шаруашылығын дамыту • балық аулауды дамыту Күл-қож қалдықтарын құрылыс шикізаты ретінде пайдалану: • құрылыс материалдарын өндіру, өндірісте цементті пайдалану • түсті және қара метал концентратын айыру • шаладан көмірді айыру	Өнімдерді/сервистерді ұсынуды кеңейту: • таратылған генерация және энергия тиімділігі бағдарламалары • жеткізілімнің жаңа сызбаларымен жұмыс • нарықты теңгерімдеуге қатысу	Мұнай химиясын дамыту: • Электр сыйымды өндірістерді дамытуға қатысу, мысалы, ПВХ* • ОЭР-ді пайдалану кешенділігін арттыру* Түсті металлургияны дамыту: • Бозшакөл және Ақтоғай кешендеріне жеткізу бойынша шарттар жасау • «Тау-Кен Самұрық» жобалары бойынша шарттар жасау • ҚР-да алюминий өндірісін дамыту, боксит ресурстарын пайдалану

* ОЭР - отын-энергетикалық ресурстар, ПВХ - поливинилхлорид.

2015 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

2015 ЖЫЛЫ ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ МЫНАДАЙ БИЗНЕСТЕГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕР БОЛДЫ.

Күні	Оқиға
1 ақпан	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ электр энергиясына босату бағасының төмендеуі
20 ақпан	Қоғам Standard & Poor's рейтингін «BB/B» және «kzA+»-ға дейін төмендетуі, болжам – «Тұрақты»
27 ақпан	ОКҚ-да «2014 жылы энергетикадағы және Қоғамның қызметіндегі МҮИИДБ жобаларын іске асыру туралы» брифингі
2 наурыз	Қоғам 2015 жылға жоспарланған күрделі шығындарды 23%-ға азайтты
10 сәуір	Алматы қ. негізгі тұтынушылары үшін «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС тарифінің төмендеуі
27 сәуір	Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес «IN GOOD STANDING» сертификатын тапсыра отырып, ДЭК Қазақстан ұлттық комитетінің қызметін жоғары бағалады
18 мамыр	«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ның 50% акциясы сатылды
19 мамыр	Инвестициялық жобалар мен шығындардың қымбаттауына байланысты «Мойнақ СЭС» АҚ жеке тарифін көбейту
22 мамыр	АЭФ аясында Қоғамның «Stanford University» жеке зерттеу университетінің Primus Power Corporation компаниясымен және Калифорнияның Беркли университетімен инновациялық технологияларын дамыту бойынша келісімдерге қол қойылды
20 маусым	ОКҚ-да «KAZENERGY Еуразиялық Форум: «Энергетиканың жаңа көкжиектері, ынтымақтастық келешектері және инвестициялар» брифингі
4 шілде	Қоғамның Трансформациялау бағдарламасының бастау алуы
14 тамыз	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС жел электр станциясының құрылысын аяқтау/іске қосу
17 қыркүйек	Қоғам «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы бойынша Кредиттік келісімде көзделген қаржылық ковенант бойынша Еуропа қайта құру және даму банкінен вейвер (келісімхат) алды
23 қараша	Қоғам 3 млрд теңге мөлшеріндегі жергілікті облигациялары өтеді
2 желтоқсан	ЕҚДБ кредиттік қаражатына рұқсат берілді және «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасын іске асыру аясында алғашқы іріктеу жасалды
15 желтоқсан	Standard & Poor's агенттігінің «BB/B» және «kzA+» «Тұрақты» болжамы деңгейінде рейтингтерді растауы
21 желтоқсан	2015 жылы станцияны жаңғыртуға арналған жабдықтардың құнының өсуіне байланысты «Шардара СЭС» АҚ үшін жобасы үшін 9,50 теңге/кВтсағ. мөлшерінде (қолданыстағы мөлшерге 211%-ға өсіре отырып) жеке тарифтің бекітілуі. Тариф 2016 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңге бекітілді.
23 желтоқсан	Fitch Ratings агенттігінің компанияның рейтингін растауы, «BBB» болжам - «Тұрақты»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2015 жылы мамырда VIII Астана экономикалық форумы (бұдан әрі - АЭФ) аясында Қоғам мен Primus Power Corporation арасында Стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды, ол Қазақстандағы аккумуляторлық технологиялар саласындағы бизнесті ұйымдастырудың мейлінше өзара тиімді мүмкіндіктері мен ынтымақтастықты дамытуға жол ашады. Аталған ынтымақтастық аясында EnergyPod энергия жинақтау жүйесін ендіру бойынша пилоттық жоба іске қосылды, ол энергетикалық жүйенің резервтік қуатын арттыруға және икемділігін жақсартуға, халық көп қоныстанған аудандарға қосымша қуаттарды салуға, баламалы және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар АЭФ аясында Қоғам мен АҚШ университеттері арасында, атап айтқанда, «Stanford University» жеке зерттеу университетімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды, оның аясында тараптар ғылыми-зерттеу, білім беру және инновациялық қызмет саласында өзара тиімді ынтымақтастық орнатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ Калифорнияның Беркли университетімен ынтымақтастық орнатуды, оның аясында тараптар денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулер мен инновациялық технологияларды әзірлеу мәселелері бойынша ынтымақтастық орнатуды жоспарлайды.

Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық аясында 2015 жылы Қоғам мен ҚХР кәсіпорындарының

арасында бірқатар Меморандумдар мен Келісімдерге қол қойылды.

2015 жылы 21 қаңтарда Қоғам мен Қытай халықаралық су шаруашылығы және энергетика корпорациясы (бұдан әрі - ҚХСШЖЭК) арасында «Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейту көзделген қуаты 60 МВт ЖЭС салу» жобасын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

2015 жылы 20 наурызда Қоғам мен Sinohydro Corporation Limited арасында «Ерейментау қ. ауданында қуаты 205 МВт ЖЭС салу, III кезең.» жобасын қоса алғанда, дәстүрлі және жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ҚР Премьер-Министрінің 2015 жылы 27 наурыздағы ҚХР-ға сапары аясында Қоғам мен ҚХСШЖЭК арасында «Іле өзенінде контрпреттеуші Кербұлақ СЭС-ін салу» жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойылды.

2015 жылы 1 қыркүйекте ҚР Президентінің ҚХР-ға сапары аясында Қоғам, Қытай Мемлекеттік Даму Банкі және «Қазақстан Даму Банкі» АҚ арасында «Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейту көзделген қуаты 60 МВт ЖЭС салу» жобасы бойынша қаржыландыруды ұйымдастыру туралы үшжақты келісімге қол қойылды.

2015 жылы қазанда «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының мерейтойлық X Еуразия форумына қатысу аясында Қоғам қуаты

45 МВт Ерейментау жел электр станциясының жобасын таныстырды. Қоғам дайындаған стенд «Diploma of the Best Audience Choice» - «Аудиторияның үздік таңдауы» дипломымен марапатталды.

2015 жылы 3 қарашада Мемлекет басшысы ресми сапармен Ұлыбританияға барды, оның аясында Қазақстан-Британ Іскерлік Кеңесінің құрылтай отырысы және Қазақстан-Британ Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның екінші отырысы өткізілді. Қазақстан-Британ Іскерлік Кеңесі аясында 3 құжатқа қол қойылды:

1. Қоғам мен Еуропа қайта құру және даму банкінің арасында Кредиттік келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісім.
2. Қоғам мен «Enzen Global Ltd» арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандум, ол электр энергиясын өндіру, тарату, оның ішінде жаңартылатын энергия көздері саласындағы операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған басқарудың модельдері мен қолданбалы құралдарын әзірлеу мен қолдану мақсатындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты көздейді.
3. Қоғам мен Innovator Capital Limited (бұдан әрі - ICL) инвестициялық компаниясының арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум, оның аясында ICL күлі көп көмірді өндіру мен байытудың, көмірді газдандыру

технологиясын ендірудің озық технологиялары, CO₂ тұту технологиясы, CO₂-ні өнімділігі жоғары химиялық заттарға айналдыру технологиясы бойынша серіктестер іздеуге жәрдемдеседі.



АКТИВТЕРДІ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ, ЖАҢА КОМПАНИЯЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ, САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ҚҰРУ

1. «EREYMENTAU WIND POWER» ЖШС

2015 мамырда акционердің «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы компанияларды басқару деңгейлерін қысқартуға қатысты тапсырмаларына сәйкес, Қоғамның тікелей меншігіне «Ereymantau Wind Power» ЖШС жарғылық капиталына 99,9% қатысу үлесі берілді. Кейіннен екінші қатысушы - Е.Т. Қалыбаевтан «Ereymantau Wind Power» ЖШС-нің 0,1% қатысу үлесі сатып алынды (2015. 21.07. жылғы сатып алу-сату шарты).

Қазіргі кезде Қоғам «Ereymantau Wind Power» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы болып табылады.

2. «БІРІНШІ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ» ЖШС

2015 жылы мамырда акционердің

«Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы компанияларды басқару деңгейлерін қысқартуға қатысты тапсырмаларына сәйкес, Қоғамның тікелей меншігіне «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС жарғылық капиталына 99,994% қатысу үлесі берілді.

2016.25.01. сатып алу-сату шарты бойынша екінші қатысушы «Нусупова Д.К.» ЖШС-дан «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС -ның 0,004% қатысу үлесі сатып алынды.

Қазіргі кезде Қоғам «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы болып табылады.

3. «ЭНЕРГИЯ СЕМИРЕЧЬЯ» ЖШС

2015 жылы мамырда акционердің «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы компанияларды басқару деңгейлерін қысқартуға қатысты тапсырмаларына сәйкес, Директорлар кеңесінің шешімімен (№03/15 хатта-

ма) Қоғам тарапына Қоғамның тікелей меншігіне «Энергия Семиречья» ЖШС жарғылық капиталына 51% қатысу үлесі берілді.

Қазіргі кезде мыналар қатысушылар болып табылады:

- «Самұрық-Энерго» АҚ – 51 %;
- «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ – 49 %.

4. «NEW LIGHT ENERGY» ЖШС

2015 жылы мамырда акционердің «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы компанияларды басқару деңгейлерін қысқартуға қатысты тапсырмаларына сәйкес, Директорлар кеңесінің шешімімен (№03/15 хаттама) Қоғам тарапына Қоғамның тікелей меншігіне «New light Energy» ЖШС жарғылық капиталына 99,9% қатысу үлесі берілді.

2015.22.05. сатып алу-сату шарты бой-

ынша екінші қатысушы «Е.Т.Қалыбаев» ЖШС-дан «New light Energy» ЖШС -ның 0,1% қатысу үлесі сатып алынды.

Бизнесті трансформациялау аясында жекелеген бейінді емес функцияларды шығару бөлігінде басшылық серіктестік негізінде Қоғамның корпоративтік орталығын әкімшілік қамтамасыз ету бойынша шарт жағдайында қызмет көрсету үшін сервистік компания құру туралы шешті. 2016 жылы наурызда серіктестік мақсаттары мен қызмет түрлерін өзгертіп, «Energy Solutions

Center» ЖШС болып қайта тіркелді. Самұрық-Энерго «Energy Solutions Center» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы болып табылады.

5. «БАЛҚАШ ЖЭС» АҚ

Басқарма Төрағасының 2015 жылғы 1 сәуірдегі №3 хаттамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Балқаш ЖЭС» АҚ жарғылық капиталындағы қатысу үлесін 50% - 1 акцияға дайын ұлғайту мақұлданды.

6. «АҚТӨБЕ ЖЭО» АҚ

Активтердің құрылымын оңтайландыру мақсатында «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 100% акциясы «АЖК» АҚ-дан Қоғамның меншігіне берілді (2015. 03.12.сатып алу-сату шарты).

7. «КАРАГАНДАГИПРОШАХТ И К» ЖШС

2015 жылы шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ «Қарагандагипрошахт и К» ЖШС-ның 90,0004% мөлшердегі үлесін Қоғамның жарғылық капиталына берді.

АКТИВТЕРДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

«Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №280 қаулысына сәйкес, квазимемлекеттік сектордағы бірқатар активтерді, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін активтерді сату көзделді. Аталған қаулыны орындау аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның мынадай компаниялар сатуға жатқызылды:

- «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 100% акциясы;
- «ШҚ АЭК» АҚ-ның 100% акциясы, оның ішінде 100% «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ның 100% қатысу үлесімен;
- «МЭБК» АҚ-ның 75% + 1 акциясы;
- «АЖК» АҚ-ның 100% акциясы;
- «АлЭС» АҚ-ның 100% акциясы;
- «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның 100% қатысу үлесімен;
- «Тегіс Мұнай» ЖШС-ның 100% қатысу үлесімен, оның ішінде 100% «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС-ның 100% қатысу үлесімен;
- «Жамбыл ГРЭС» АҚ-ның 50% акциясы.

Активтерді мынадай бағалаушылар бағалады, оның ішінде:


- «Деллойт ТСФ» ЖШС 2014 және 2015 жылдары мына активтерге бағалау жүргізді: «МЭБК» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ (оның ішінде «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ның 100% қатысу үлесімен), «Т.И. Батуров атындағы ЖГРЭС»;
- «КПМГ Валюэйшн» ЖШС 2015 жылы мына активтерге бағалау жүргізді: «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ, «АЭС» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС. Аталған активтерді сату ашық конкурс тәсілімен өткізілді. 2015 жыл бойында мына компаниялардың акциялары/қатысу үлестері сауда-саттыққа қойылды:
- «МЭБК» АҚ (Қаулыға сәйкес, «МЭБК» АҚ акцияларының бір бөлігін KASE алаңында SPO арқылы сату ұйғарылды);
- «ШҚ АЭК» АҚ;
- «Тегіс Мұнай» ЖШС, оның ішінде «Маңғышлақ Мұнай».

2015 ЖЫЛҒЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. «ЖГРЭС» АҚ акциялары сатылды және 2015. 31.03. №КП-43 сатып алу-сату шартына сәйкес, жаңа меншік иесіне (екінші акционерге) берілді (барлық өтелетін талаптар орындалып, өзара есеп айырысу жасалды);
2. Қалған активтерді сатуға қатысты екі сатылы ашық конкурстар бірінші кезеңде тек бір ғана өтінім берілуіне байланысты өткен жоқ;
3. Өтінім санының жеткіліксіз болуы салдарынан «МЭБК» АҚ акцияларының бір бөлігін SPO арқылы KASE-де сату жүзеге асырылмады.




АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ





«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕР КАРТАСЫ



05

САЛАҒА ШОЛУ ЖАСАУ



Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме нарығы мынадай қосалқы нарықтардан тұрады:

- Электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығы
- Орталықтандырылған сауда нарығы
- Электр энергиясын жеткізу мен тұтынудың келісімді көлемінен ауытқушылықты сатып алу-сатуды теңгерімдеуші нарық

• Жүйелі және қосалқы қызметтер нарығы

Электр энергиясының бөлшек нарығының ұйымдық құрылымы мынадай үш экономикалық тәуелсіз субъектілерден тұрады:

- Энергия өндіруші компаниялар
- Өңірлік электр желілік компаниялар
- Энергиямен жабдықтаушы компаниялар


ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯ НАРЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СТАНЦИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

Электр энергиясын өндіру, млн кВтсағ.	2013	2014	2015	2014-пен салыстырғанда 2015
ЖЭС	77 622,0	78 772,9	74 091,7	-4 681,2
СЭС	7 701,0	8 235,8	9 250,3	1 014,5
СЖЭС	6 645,8	6 915,9	7 279,5	363,6
ЖЭС	3,1	9,4	130,2	120,8
КЭС	0,8	1,2	44,8	43,6
Барлығы	91 972,7	93 935,2	90 796,6	-3 138,6

САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТОБЫ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ БОЙЫНША ҮЛЕСІ

СЭ бойынша өндіру
22 318 млн кВтсағ.



ҚР ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ НАРЫҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҮШ АЙМАҚҚА БӨЛІНГЕН:

Солтүстік аймақ – Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Астана қаласы. Солтүстік аймақта ҚР-да өндірілетін жалпы электр энергиясының 76,63 %-ына дейін өндіріледі. Солтүстік аймақта негізгі көмір кеніштері және су энергетикалық ресурстар орналасқан.

Осының нәтижесінде солтүстік аймақта электр энергиясын өндіру құны барынша төмен. Артылған электр энергиясы энергия тапшы оңтүстік аймақтарға жіберіледі және Ресей Федерациясына экспортталады.

Оңтүстік аймақ – Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы. Бұл аймақ электр энергиясының тапшылығымен және оның бағасының жоғары болуымен сипатталады. Тапшылық солтүстік аймақтардан және ішінара Орталық Азия БЭЖ-інен Электр энергиясын жеткізу есебінен жабылады.

Батыс аймақ – Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары. Мұнда көмірсутекті шикізат қоры мол. Осыған қарамастан, бұл аймақ электр энергиясына зәру аймақ болып табылады, бұл тапшылық электр энергиясын Ресей Федерациясынан жеткізу есебінен жабылады.

2015 ЖЫЛЫ АЙМАҚТАР БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ

Оңтүстік аймақ

19 393,3 млн кВтсағ.

Солтүстік аймақ

60 399,2 млн кВтсағ.



Батыс аймақ

11 054,7 млн кВтсағ.

* «KEGOC» АҚ ЖО ҰДО дереккөзі

2015 ЖЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ТҰТЫНУ ҚҰРЫЛЫМЫ





ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕС ОРТА

2015 жылы электр энергиясының көтерме сауда нарығында мынадай энергия өндіруші ұйымдар ең ірі бәсекелестер болды:


Бәсекелес компаниялар	2015ж. электр энергиясын өндіру көлемі	
	Млн кВтсағ.	ҚР-дағы өндіруден түсетін %
«Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ	14 667,9	16,2%
«Павлодарэнерго» 3-ЖЭО	2 942,8	3,2%
Қарағанды МАЭС-2 (KazakhmysEnergy)	5 130,2	5,6%
«Қарағанды Энергия орталығы» 3-ЖЭО	3 488,2	3,8%

ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ІРІ МЕНШІК ИЕЛЕРІ МЕН ОПЕРАТОРЛАРЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТТАР

Бәсекелес компаниялар	МВт	ҚР-дағы өндіруден түсетін %
«Самұрық-Энерго» АҚ	6 774	31,8%
ENRC	3 262	15,3%
AES	1 361	6,4%
«МАЭК Казатомөнеркәсіп» ЖШС	1 330	6,2%
«Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы» АҚ (ОАЭК)	1 141	5,36%
«Kazakhmys Energy» ЖШС	930	4,4%
Басқа	6 509,2	30,54%
Барлығы	21 307,2	100%

НАРЫҚ МОДЕЛІ

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НАРЫҚ МОДЕЛІ



Электр энергиясы нарығы екі деңгейден тұрады: көтерме нарық және бөлшек нарық. Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме нарығы мынадай қосалқы нарықтардан тұрады:

- электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығы, ол нарыққа қатысушылардың электр энергиясын тараптардың келісімімен белгіленетін баға мен жеткізу талаптары бойынша

жасайтын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейді;

- орталықтандырылған сауда нарығы – қысқа мерзімді және форвардты келісімшарттар жасау мақсатында аукциондар өткізу арқылы бірыңғай алаңда жасалатын электр энергиясы саудасы;
- нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін электр энергиясын жеткізу мен тұтынудың шарттағы көлемінен ауытқуларды сатып

алу-сатудың теңгерімді нарығы. Қазіргі кезде теңгерімді нарық имитациялық режимде жұмыс істейді;

- жүйелі және қосалқы қызмет нарығы, мұнда Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету және электр энергиясы сапасы стандарттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті қызметтер сатылады.

ЭЛЕКТРЭНЕРГИЯ МЕН ҚУАТ НАРЫҒЫНЫҢ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫРҒАН МОДЕЛІ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

2015 жылы 12 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды (бұдан әрі - Заң). Заңды «Бес конституционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» ұлттық жоспарының 50 және 52-қадамдарын, сондай-ақ бекітілген Тұжырымдаманы іске асыру үшін Қазақстан электр энергетикалық қа-


уымдастығының, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, KAZENERGY қауымдастығы мен энергетикалық кәсіпорындардың қатысуымен ҚР Энергетика министрлігі әзірледі.

Түзетулерге сәйкес, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қуат нарығының жұмыс істеуіне байланысты Бірыңғай сатып алушы моделі енгізіледі, оның мақсаты электр энергиясына инвестиция тартуға қолайлы жағдай туғызу, электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру, энергиямен қамтамасыз етудің қажетті деңгейін ұстап тұру және саланың экспорттық әлеуетін дамыту үшін жеткілікті көлемде жаңа өндіруші қуаттарды салу болып табылады.

Модель аясында нарық пен электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығын теңдестіретін электр энергиясы мен қуат-

тың орталықтандырылған сауда нарықтарының (Бірыңғай сатып алушы қуат бойынша қызметті орталықтандырып сатып алуды жүзеге асырады) жұмысы көзделеді, ол өндіруші мен тұтынушының арасында электр энергиясын сатып алу-сатуға екіжақты келісімшарт жасауына мүмкіндік береді.

Энергия өндіруші ұйымдардың тарифтері 2 құрамдас бөліктен тұрады: электр энергиясына белгіленген тариф және электр қуатын әзірлікте ұстап тұруға арналған тариф. Электр энергиясына белгіленген тариф өзгермелі операциялық шығыстардан тұрады. Электр қуатын әзірлікте ұстап тұруға арналған тарифтер инвестициялық шығыстардан тұрады. Тарифтерге саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып, жыл сайын түзетулер енгізуі мүмкін.



Сонымен қатар, Заңға сәйкес, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасау арқылы орталықтандырылған импорт пен экспортты жүзеге асыратын Ұлттық оператор, сонымен қатар электр энергиясы мен қуат нарығының жұмысына мониторинг жүргізетін Нарық кеңесі құрылады.

Заңның ережелерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 682 бұйрығымен Нарық кеңесінің жұмыс істеу қағидалары бекітілді, соған сәйкес Нарық кеңесі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. электр энергиясы мен қуат нарығының жұмысына мониторинг жүргізеді;
2. инвестициялық бағдарламаларды қарастырады;
3. уәкілетті органға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
4. уәкілетті орган белгілеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Заңның ережелерін іске асыру үшін Қоғам Қазақстан Республикасы энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 689 бұйрығымен бекітіліп, ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12519 болып тіркелген Ұлттық оператордың жұмыс істеу қағидаларын (бұдан әрі - Қағида) әзірлеуге қатысты.

Қағидаға сәйкес, Ұлттық оператор мынадай функцияларды атқарады:

1. құрылыс жүргізу үшін тиісті мемлекеттік конкурс өткізілмеген жағдайда, әлеуметтік маңызы бар электр энергетикалық объектілерді салу;
2. экспортталатын және импортталатын электр энергиясын сатып алу-сату бойынша орталықтан-

дырылған қызметтерді жүзеге асыру;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде энергетикалық объектілерді салуға қатысу.

Қазақстан Республикасы энергетика министрінің Қоғамды Ұлттық оператор етіп белгілеу туралы бұйрығының жобасы қабылдану сатысында тұр.

Компанияға Ұлттық оператор мәртебесін беру мынадай бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- ішкі нарыққа электр энергиясының кепілді жеткізілімін қамтамасыз ету;
- ұлттық экономика үшін электр энергиясының экспорты мен импортын барынша тиімді пайдалану;
- ҚР электр энергиясын инновациялық дамытуды қамтамасыз ету;
- Ұлттық операторды сала бойынша мемлекеттік саясатты орындау және оны жағымсыз сыртқы ортаның әсерінен қорғау құралы ретінде пайдалану.

Бүгінгі таңда Қазақстанда электр энергиясының маусымдық сұранысқа тәуелсіз экспорттық әлеуеті бар және импорттық-экспорттық операциялар саласында Ұлттық операторды құру келіссөздер барысында, оның ішінде Еуразия экономикалық одағының (ЕАЭО) ортақ электр энергетикалық нарығы аясындағы келіссөздерде мықты ойыншы болуына мүмкіндік береді.

ЕАЭО ортақ электр энергетикалық нарығын құру ұлттық электр энергетикалық нарықтарды сақтай отырып, бес қатысушы елдің энергетикалық жүйелерінің өзара тиімді ынтымақтастығын қарастырады. ЕАЭО туралы шарт аясында мүше елдердің нормативтік-құқықтық жа-

сақтамасын одан әрі құрылымдық тұрғыдан жақындастыру және үйлестіру көзделеді. 2015 жылы 8 мамырда Мәскеу қаласында Жоғары Еуразиялық Экономикалық Кеңестің шешімімен (№12) ЕАЭО ОЭЭН құру тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдамада оны құрудың негізгі мақсаттары мен міндеттері, функционалдық құрылымы, Одақ ОЭЭН субъектілері мен қатысушыларының арасындағы өзара іс-қимылдың бағыттары, сондай-ақ оны құрудың кезеңдері белгіленген. Тұжырымдамаға сәйкес, ОЭЭН-де электр энергиясының саудасы мынадай тәсілдермен:

- ОЭЭН-ге қатысушылар арасындағы ерікті екіжақты шарттар бойынша;
- орталықтандырылған сауда-саттықта, оның ішінде, ОЭЭН-ге қатысушылар арасында электронды сауда жүйесінде бір тәулік бұрын;
- электр энергиясының жоспарлы мәннен нақты сальдо-ағулық ауысымының сағат сайынғы ауытқушылықтарын реттеу (теңгерімдеуші нарық) арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде ЕАЭО ОЭЭН құру бағдарламасы әзірленіп жатыр. Бекітілген Тұжырымдама мен ЕАЭО ОЭЭН құру бағдарламасы негізінде мүше мемлекеттер ЕАЭО ортақ электр энергетикалық нарығын құру туралы халықаралық шартты әзірлеп, қабылдайды.

Аталған саладағы жаңа мүмкіндіктер РФ мен Белоруссияда қосымша экспортқа сату нарығының пайда болуына, сондай-ақ Орталық Азия елдерінен Еуразиялық Экономикалық Кеңістік елдеріне электр энергиясын жеткізу мүмкіндігіне байланысты.

КӨМІР НАРЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІ

Көмір өнеркәсібі Қазақстан Республикасының маңызды ресурстық салаларының бірі болып табылады. Отын өндірудің ағымдағы құрылымында көмір негізгі үлесті – 74%-ды немесе жиынтық тұтынудың 51,0 млн тоннасын құрайды, ол 2014 жылмен


салыстырғанда 1,6 млн тоннаға аз. Қазақстанда көмір өнеркәсібінің барлық негізгі сегменттері ұсынылған, алайда энергетикалық көмірді өндіру мен пайдалану ерекше дамыған.

2015 жылғы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасы дәлелденген көмір қорының көлемі бойынша дүние жүзінде сегізінші орынға ие (33,6 млрд тонна немесе жалпы дү-

ниежүзілік қордың 4%-ы).

Қазақстан Республикасында энергетикалық көмірді өндіру соңғы жылдары орташа қарқыны 2%-бен тұрақты өсіп отырды, алайда 2015-2040 жылдар арасындағы кезеңде көмір өндіру жылына 1%-ға жетпейтін қарқынмен баяу азаяды деп күтілуде.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӨМІР ӨНДІРУ, МЛН ТОННА



2015 жылы 2014 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 102,2 млн тонна (концентратты есепке алмағанда) немесе 95% көмір өндірілді. Мұнда ішкі нарыққа 69 млн тонна, экспортқа – 29,2 млн тонна (2014 жылғы 96% пайызбен салыстырғанда) көмір жеткізілді.

Көмірге ішкі сұраныстың азаюы эндогенді өртті болдырмау және көмір сапасын жоғалтпау үшін көмірдің

мол қорын қоймаларға сақтап қоюға жол бермеу мақсатындағы маусымдылыққа байланысты. Сонымен қатар, көмірге ішкі сұраныс 2015 жылдың қыс-күз айларында температураның неғұрлым жоғары болуына байланысты азайды.

Экспорттың азаюы Ресейде импорт алмастыру саясатын енгізу салдарынан Ресей электр станцияларының берген өтінімдерінің азаюына байланысты.

Қазақстандағы энергетикалық көмір нарығы біршама үзік-үзік болып келеді: жиынтық өндірудің 36%-ға жуығын қамтамасыз ететін ірі ойыншы – «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» мен «РУСАЛ»), жиынтық өндірудің 30%-ға дейінгі көлемін «ENRC» («Восточный», «Шұбаркөл Көмір» кесігі), өндіреді, одан соң – «Қазақмыс» (8 %), «Қаражыра» (6 %), «Ангренсор Энерго» (5 %) және басқалар.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ КӨМІР

2015 жылы Қазақстан Республикасының энергетикасы үшін көмір өндіруші кәсіпорындардың көмір сату көлемі 49 236 мың тоннаны құрады. «Богатырь Көмір» ЖШС-ның көмір сату көлемі 22 252 мың таннаны құрады, бұл Қазақстан Республикасындағы көмір сатудың жалпы көлемінің 45%-ын құрайды. Осы көрсеткіш бо-

йынша Қоғам көшбасшылық орынға ие және ERG (14 872 мың тонна) және Kazakhmys (6 691 мың тонна) құрылымына кіретін көмір өндіретін ірі кәсіпорындардан озады. «Богатырь Көмір» ЖШС-ның ең ірі тұтынушылары «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «ҚарағандыЭнергоорталық» ЖШС, «СевКазЭнерго» АҚ болып табылады. 2015 жылы Қазақстан Республикасының көмір өндіруші кәсіпорындары-

ның Ресей Федерациясына көмірді экспорттау көлемі 19 709 мың тонна деңгейінде, соның ішінде «Богатырь Көмір» ЖШС экспортының көлемі 10 587 тыс.тоннаны құрады. «Богатырь Көмір» ЖШС экспортының үлесі экспорттың жалпы көлемінің шамамен 54%-ын құрады. Ресей Федерациясында көмірдің негізгі тұтынушылары Рефтинск ГРЭС-і, Троицк ГРЭС-і, Серовск ГРЭС-і, Жоғарғы Тагил ГРЭС-і, Қорған ЖЭО болып табылды.

2015 ЖЫЛҒЫ КӨМІР САТУ ЖӘНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖОСПАР



САЛАНЫҢ РЕТТЕГІШ ОРТАСЫ

Уәкілетті орган (Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі) 2004 жылғы 9 шілдедегі №588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының не-

гізінде электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыру мақсатында:

- электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- электр энергетикасы саласын-

дағы техниалық регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

- электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;
- Қазақстан Республикасының

бірыңғай электр энергетикалық жүйесі бар, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша электр байланысы жоқ өңірлер үшін электр энергиясының көтерме нарығының жұмыс істеу және оны ұйымдастыру ерекшеліктерін белгілейді;

- электр энергетикасы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- электр қуаттарын орналастырудың перспективтік сызбасын әзірлеп, бекітеді;
- қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Электр энергиясын жеткізу және тарату бойынша қызметтер табиғи монополиялар саласы болып табылады және 1998 жылғы 3 шілдедегі № 272-І «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ ТМРЖБҚК) болып табылады.

2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-ІІ «Электр энергетикасы туралы» Қа-

зақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚР ҰЭМ ТМРЖБҚК:

1. тәулік аймақтары бойынша және (немесе) жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне тәуелді энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдардың электр энергиясына белгіленетін тарифтерді саралау тәртібін бекітеді;
2. энергия өндіруші ұйымдармен инвестициялық шарттар жасайды;
3. жеке тарифті бекітеді;
4. Интернет-ресурста энергиямен қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың тізілімін жүргізеді, орналастырады және жаңартады;
5. энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қолданыстағы заңнамалардың талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асырады және анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті болып табылатын ұйғарымдарды шығарады;
6. өз құзыреті шегінде осы Заңда анықталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;
7. осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көз-

делген өзге де өкілеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі туралы ережесіне сәйкес, көмір саласындағы конкурсна шығаруға жататын көмірсутекті шикізат, көмір мен уран бар жер қойнауының учаскелері тізілімінің жобаларын әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 15 қазандағы №67 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті көмір саласында мына қызметтерді жүзеге асырады:

1. жер қойнауын зерттеу мен пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
2. өз құзыреті шегінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт талаптарын орындауына мониторинг жүргізеді және бақылау жасайды;
3. жер қойнауына мемлекеттік мониторинг жүргізежі;
4. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге де өкілеттерді жүзеге асырады.

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ SWOT-ТАЛДАУ

Сыртқы және ішкі ортаның талдауына сәйкес, 1-кестеде Қоғамның әлеуеті мен әрі қарайғы даму перспективасын белгілейтін SWOT-талдау әзірленіп, ұсынылған.

Жағымды әсер	Жағымсыз әсер
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Өндірген кезде өзіндік құны төмен энергетикалық көмірдің мол қорының болуы	1. Белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің төмен болуы
2. Қазақстан Республикасындағы қуаттардың тозуының жалпы деңгейіне қатысты тиімді энергетикалық қуаттар	2. Қарыз жүктемесінің тым көп болуы
3. Мемлекет пен Қор тарапынан қолдау көрсетілуі	3. Баға ұсынысын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
1. Өсіп отырған сұраныс, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету есебінен нарықтың үлесін кеңейту, және келешекте нарық моделін өзгерту	1. Байланыстырып өндіруді сақтау және кеңейту
2. Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін, оның ішінде Ұлттық оператор мәртебесі есебінен дамыту	2. Өндіруші қуаттарға сұраныс пен ұсыныстың арасындағы алшақтықтың ұлғаюы
3. Нарықтың қажеттіліктеріне сәйкес, қуат теңгерімін оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, СЭС, ЖЭК)	3. Экологиялық заңнамаларды шектен тыс қатайту
4. Көмірді пайдалану бағыттарын, оның ішінде байыту есебінен кеңейту	4. ЕАЭО бірыңғай электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжеткізудің қиындауы

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

Компания ұзақ мерзімді перспективада Қоғам мен сыртқы тұтынушылардың қызметін қамтамасыз ете алатын энергетикалық көмір қорына ие. Солай бола тұрса да, көмір өндірудің өзіндік құны әлемдегі ең төмендегілердің бірі болып табылады. Қолжетімді энергия ресурстарын тиімді пайдалану Қоғамның стратегиялық бәсекеге қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Қоғамның активтерін дамытудың ауқымды бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ таяу арада өндіруші қуаттардың енгізілуі Қазақстан Республикасындағы қуаттар әбден тозығы жеткен жағдайда пайдаланылатын жабдықтардың технологиялық жоғары деңгейін көрсетеді. Жүктеме деңгейін арттырған және инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды жалғастырған жағдайда Қоғам Қазақстан Республикасы энергетикасының операциялық тиімділігінің көшбасшысы болуы мүмкін.

«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстан Республикасының жүйе құрушы компанияларының бірі және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының құрамына кіреді. Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігінің кепілі ретіндегі рөлін есепке ала отырып, мемлекет пен Қор тарапынан Компанияға стратегиялық қолдау көрсетіледі.

Электр энергетикасы нарығының жұмыс істеу конъюнктурасы мен моделі Қоғам қуаттары жүктелімінің төмен болуына жағдай жасайды. Қуаттардың жүктелімінің төмен болуы Компания активтерінің жұмыс жасауының технологиялық және басқарушылық тиімділігінің төмендеуіне себепші болады, бұл өз кезе-

ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

гінде электр энергиясының өзіндік құнының артуына және оның бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соғады.

Қоғамның салынған инвестициялары көлемінің ауқымдылығы қарыз жүктемесі деңгейінің ұлғаюына әкеп соқты, бұл өндірістік жоспарды жүйелі орындау және қуат жүктемелерін ұлғайту қажеттігін арттырады. Нарықтың қазіргі кездегі тәртібі бойынша инвестициялық жүктеменің жоғары болуы тарифтердің жоғары болуынан көрінеді, бұл Компанияның нарықтағы ұстанымының әлсіреуіне әкеп соғады. Келешекте қуат нарығын енгізу арқылы бұл проблема белгілі бір дәрежеде өзінің өзектілігін азайтады. Қарызды оңтайландыру сонымен қатар қарыздық жүктемені азайту тәсілдерінің бірі ретінде қызмет ете алады.

Компанияның ірі станциялары нарықтың үстем субъектілері бо-

лып табылады. Осыған байланысты Қоғамның қазіргі ұйымдық құрылымымен икемді баға саясатын жүргізуге мүмкіндігі жоқ, бұл әртүрлі санаттағы тұтынушыларды тарту мүмкіндіктерін азайтады. Бұл проблеманы компанияның сату функциясын қайта ұйымдастыру ғана шеше алады.

МҮМКІНДІКТЕР

Электр энергиясының экспортын ұйымдастыру бойынша құзыреттердің болуы және әлеуетті түрде Ұлттық оператор мәртебесін алу Қоғамға экспорттық қызметті айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының пайдалы экономикалық-географиялық жағдайы және бай энергия ресурстарымен үйлескен тиімді өндіруші қуаттарының болуы дәстүрлі солтүстік және перспективті оңтүстік бағытта экспорт әлеуетін қамтамасыз етеді.

Операциялық тиімділікті арттыру және келешекте электр энергетикасы нарығы моделінің өзгеруі есебінен Қоғам ішкі нарықтағы электр энергиясын сатуды айтарлықтай кеңейтуі мүмкін. Сату саясатының бәсекеге қабілеттілігін және икемділігін арттыру нарықтың органикалық өсу есебінен де, сондай-ақ өзара іс-қимыл ұзақ мерзімді негізде жүзеге асырылатын клиенттер – электр энергиясының ірі тұтынушалары санының өсу есебінен де нарықтың үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы көмір энергия блоктарын, маневрлік қуаттарды, аралас өндіру мен болашақтың энергетикасын (ЖЭК) қатар дамыту Компанияға нарық көшбасшысы ретінде өз жағдайын нығыз бекітуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде Қоғамның тұрақтылығы оның кейінгі қарқынды дамыуының бекітілімі болып шығады.

Көмірмен жұмыс істеудің заманауи технологиялары, ең алдымен, оны байытудың инновациялық тәсілдері Екібастұз көмірін қолдану спектрін және оны монеталаудың әлеуетті мүмкіндіктерін күрт кеңейтуге мүмкіндік береді. Көмірді байыту оны жеткізудің тиімді радиусын ұлғайтады және оны стандартталған өнімнің халықаралық нарығына шығарады.

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Қазақстан Республикасы электр энергетикалық нарығының қағидалары байланысқан қуат өндіруді дамыту мүмкіндіктерін шектемейді. Солай бола тұрса да, экономиканың қазіргі моделі жетекші индустриялық компаниялардан байланысқан қуаттарды ұстау тартымдылығының жоғары болуына себепші болады. Келешекте ірі өнеркәсіптік жобалардың көбі дербес энергетикалық қуаттарды құруды көздейді, бұл электр энергиясының еркін нарығының шамасын азайтады. Бұған қоса, қуат өндірудің тиімділігін арттыру үшін индустриялық компанияларға көбінесе электр энергиясының артығын демпингтік бағалар бойынша өткізу пайдалы, бұл нарыққа теріс әсер тигізеді. Келешекте байланысқан қуатпен байланысты бәсекенің қиындығы екі деңгейлі тарифтер жүйесін өндіру есебінен азаюы мүмкін, бірақ бос нарықтың шағын үлесіне қатысты сақтау қауіп-қатері сақталады.

Экономиканың өсу қарқынының баяулауы электр энергиясын тұтынудың өсу қарқынының аса жоғары болмауына алып келеді. Сонымен қатар, өндіру қуаттарын дамытудың қолда бар жоспарын іске асыру орташа жылдық артық қуатты арттырады. Нәтижесінде өткізу нарығы үшін бәсекелестік артады және электр энергиясының тұрақты экспорттын

ұйымдастырудың өзектілігі артады.

Энергетика экологиялық заңнамалардың өзгеруіне өте сезімтал болып табылады. Әсіресе бұл күлі көп, калориясы аз көмірге сүйенетін қуатты өндіру үшін өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасының қарқынды экологиялық жаңғырту жолын ұстануы электр энергиясын өндіруде шығындардың көбеюіне әкеп соғуы мүмкін.

ЕАЭО бірыңғай электр энергетикалық нарығының құрылуы нәтижесінде Қазақстан Республикасы қатысушы елдердің нарықтарына жеңілдетілген қолжетімділік алып қана қоймайды, сондай-ақ ішкі нарықтың ашықтығын арттырады. Ресейдің Сібір мен Орал БЭЖ-інде, сондай-ақ Қырғызстанда жаз кезегінде электр энергиясының өзіндік құнының төмен болуы Қоғамды электр энергиясын жетекші өндіруші және Ұлттық оператор ретінде экспорттық экспансияны шектеу тәсілін әзірлеуге міндеттейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның электр энергетикасы нарығы әлеуетінің өсу мүмкіндігі мол, Қоғамның нарықтағы ұстанымы осы әлеуетті іске асыруға, акционерлік құнды жоғарылатуға барынша сәйкес келеді. Қоғам ЕТҰға операциялық бақылау орнатуға және қолайлы нормативтік орта құруға көмектесе отырып, жаңа станцияларды салу мен жаңғырту, оның тиімділігін көтеру арқылы электр энергиясын экспорттауға, компанияның құнын өсіруге бағытталған ұзақ мерзімді стратегияны іске асыру қажет.

06

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ



«Самұрық-Энерго» тобы бойынша экологиялық таза энергия өндіру көлемі 11%-дан асты немесе 2,5 млрд кВтсағ. болды.

2015 жылы топ кәсіпорындары барлығы 22,3 млрд кВтсағ. электрэнергиясын өндірді.

«Богатырь Көмір» ЖШС 34,4 млн тонна көмір өндірді, оның 10,6 млн тоннасы Ресейге экспортталды.

Электр энергиясын тарату мен өткізу сәйкесінше 12,1 млрд кВтсағ. және 8,4 млрд кВтсағ. құрады.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ


«Самұрық-Энего» АҚ компаниялар тобының 2015 жылғы энергия өндіру көлемі 22,3 млрд кВтсағ. құрады, ол ҚР БЭЖ бойынша 2015 жылы өндірілген жиынтық электр энергиясының 25 %-ын құрайды.

ҮШ ЖЫЛ ІШІНДЕ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН
НӘТИЖЕЛЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ, АЛДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЖОСПАРЫ

Атауы	Өлшем бірлігі	2013	2014	2015	2016 (жоспар)
Электр энергиясын өндіру көлемі*	млн кВтсағ.	33 497	28 217*	22 318	23 259
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтсағ.	8 133	8 605	8 414	8 758
Электр энергиясын тарату көлемі	млн кВтсағ.	11 859	12 344	12 113,6	12 332
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	6 783	7 551	6 907	7 359
Көмір өндіру көлемі	млн тонна	41,7	38	34,5	32,5

* «Самұрық-Энего» АҚ бойынша барлығы

ЭНЕРГИЯ ТАСЫМАЛДАҒЫШТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, ГВТ/САҒ.



*Ертіс СЭС каскадын қоспағанда

ЕТҰ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, МЛН кВтсағ.

ЕТҰ атауы	2013	2014	2015	2016 (жоспар)
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	13 492	14 096	10 729	11 175
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	6 280	4 755	3 211	4 945
«АлЭС» АҚ	5 228	5 036	5 086	4 920
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	628	667	666	872
«Шардара СЭС» АҚ	465	565	465	265
«Мойнақ СЭС» АҚ	899	577	903	906
«БЖЭС» ЖШС	-	-	79	172
«Samruk-GreenEnergy» ЖШС (Қапшағай қ. 2 МВт КЭС)	-	0,4	3,15	3,4
«ЖГРЭС» АҚ	1 594	2 520	1 176*	-
Барлығы	28 587	28 216	22 318**	23 259

* «ЖГРЭС» АҚ 2016 жылдың 15 мамырына дейін «Самұрық-Энерго» АҚ құрамында болды
 **Ертіс СЭС каскадын қоспағанда

ӨНДІРІСТІК (БЕЛГІЛЕНГЕН) ҚУАТТАР, МВт

Атауы	2013	2014	2015	2016 (жоспар)
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	4 000	4 000	4 000	4 000
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	1 000	1 000	1 000	1 000
«ЖГРЭС» АҚ	1 230	1 230	-	-
«АлЭС» АҚ	1 239	1 239	1 239	1 239
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	88	88	88	118
«Шардара СЭС» АҚ	100	100	100	100
«Мойнақ СЭС» АҚ	300	300	300	300
«Samruk-GreenEnergy» ЖШС (Қапшағай қ. 2 МВт КЭС)	-	2	2	2
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	-	-	45	45
Станциялардың барлық түрлері бойынша қорытынды	7 957	7 959	6 774	6 804

Электр станцияларының белгіленген қуаты 6 774 МВт құрады, бұл ҚР БЭЖ электр станцияларының жиынтық белгіленген қуатының 31,8 %-ын құрайды.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, МЫҢ Гкал

Атауы	2013	2014	2015	2016 (жоспар)
«АлЭС» АҚ	4 960	5 580	5 031	5 449
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	1 760	1 868	1 795	1 834
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	63	103	81	76
Барлығы	6 783	7 551	6 907	7 359

ЭЛЕКТР ЖЕТКІЗУШІ ӘУЕ ЖӘНЕ КАБЕЛЬДІ ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ

Кернеуі 0,4 – 220 кВ – 70 111 км
ЭЖЖ жалпы ұзындығы, оның ішінде:

- Әуе ЭЖЖ – 63 741 км;
- Кабельді ЭЖЖ – 6 370 км.

КЕРНЕУІ 220 КВ ЖӘНЕ ОДАН АЗ ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯЛАР БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР

- Кернеуі 35 кВ және одан көп ҚС саны – 579 бірл., трансформаторлық қуаты – 12 463 МВА;

- Кернеуі 6-10/0,4 кВ ҚС саны – 13 956 бірл., трансформаторлық қуаты – 3 932 МВА.

ЭЛЕКТР БЕРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ*, км

Желі түрлері	Желілерінің ұзындығы 35 кВ-дан көп			Желілерінің ұзындығы 35 кВ-дан аз		
	2013	2014	2015	2013	2014	2015
Жер үсті (ЭЖ)	18 865	18 767	18 813	44 789	44 947	44 929
Жер асты (КЖ)	197	218	235	6 008	6 020	6 134
Барлығы	19 062	18 985	19 048	50 797	50 967	51 063

* 2013-2015 жылдар, «ШҚ АЭК» АҚ-ны есепке алғанда

ТҰРМЫСТЫҚ, ӨНЕРКӘСІПТІК, ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ (ЭТҰ БОЙЫНША), ДЕРБЕС ШОТТАРДЫҢ САНЫ

Атауы	2013	2014	2015
Тұрмыстық мақсатта тұтынушылар	1 168 280	1 182 705	1 214 357
Өндірістік мақсатта тұтынушылар	3 273	2 763	2 661
Бюджеттік тұтынушылар	3 506	3 255	3 294
Өзге тұтынушылар (оның ішінде коммерциялық)	38 531	40 653	42 264
Барлығы	1 213 590	1 229 376	1 262 576

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

<i>Көрсеткіш</i>	<i>Өлшем бірлігі</i>	<i>2014</i>	<i>2015</i>	<i>2016 (жоспар)</i>
Көмір өндіру бойынша еңбек өнімділігі	тонна/адам	5 544	5 235	4 736
Электр энергиясын өндіру бойынша еңбек өнімділігі	Мың, кВтсағ.	3 740	3 191	3 285
Электр энергиясын тарату бойынша еңбек өнімділігі	адам	1 648	1 601	1 594

ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ САТУ**ЖЕТКІЗІЛІМ КӨЛЕМІ, МЛН кВтсағ.**

<i>Контрагент-таран</i>	<i>2013</i>	<i>2014</i>	<i>2015</i>	<i>2016 (жоспар)</i>
Ресей Федерациясы («Интер РАО» ААҚ атынан)	2 452	1 862	-	-
Қырғыз Республикасы, оның ішінде	-	118,7	400,7	-
«ЖГРЭС» АҚ	-	118,7	293,2	-
«Екібастұз ЭГРЭС-1» ЖШС	-	-	107,5	-
Ресей Федерациясына көмір сату, млн тонна	13,5	11,3	10,6	9,2

Ресейге электр энергиясын «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жеткізді.

2014 жылы 21 қарашада Ресей рублінің Қазақстан теңгесіне шаққандағы бағамы мен РФ нарығында электр энергиясы бағасының күрт төмендеуіне байланысты РФ-ға электр энергиясын жеткізу тоқатылды, мұның өзі электр энергиясын жеткізудің тиімсіздігіне алып келді.

Рубль бағамы мен РФ нарығындағы электр энергиясының бағасы өзгерген жағдайда экспорттың пай-

далылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін электр энергиясын жеткізу қайта жаңғыртылуы мүмкін.

2014 жылдың желтоқсанынан 2015 жылдың сәуіріне дейін «Жамбыл ГРЭС» АҚ мен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан Қырғыз Республикасына электр энергиясы экспортталды.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КӨМІРДІ ЭКСПОРТТАУ

Ресей Федерациясындағы Қазақстанның көміріне әдейі жобалап салынған электр станциялары тұрақты сұранысты қамтамасыз етеді. Импортталатын Қазақстан көмірінің көлемі Ресейдің жалпы көмір тұтыну көлеміне байланысты ауытқып отырады.

Ресей Федерациясының энергетикасын дамыту Орал электр станциялары тұтынатын Екібастұз көмірін бірте-бірте Кузнецк көміріне көшіруді көздеп отыр. Ресейде Қазақстанның энергетикалық көмірін тұтыну көлемінің ұлғаюы екіталай, себебі жергілікті нарықта ресей көмірі жетіп артылады. Оның үстіне ұзақ мерзімді перспективада импорттан бас тарту

қаупі бар. Көптеген электр станцияларының көпшілігінің қызмет ету мерзімі қазіргі кезде 40 жылдан асып кеткен, ал 2030 жылға қарай 60-80 жылға барады, осыған орай олардың қуатын ішінара пайдаланудан алып тастауы мүмкін.

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірін жеткізу көлемінің азаюы мынадай жағдайларға байланысты:

1. РФ электр станцияларының тұтыну көлемінің азаюынан энергетикалық көмірге сұраныстың кемуі;
2. 2015 жылы бірқатар электр станцияларының газға көшуі (Нижнетурин ГРЭС-і - ауыстырылған көмір көлемі - 300 мың тонна; Красногор ЖЭО - ауыстырылған көмір көлемі - 300 мың тонна);

3. Қазақстанның көмір өндіретін компаниялары тарапынан бәсекелестіктің болуы («Ангренсор» ЖШС мен «Он Олжа» ЖШС).

Тұтынуды 2015 жылы аталған кәсіпорынның берген көлемінен тұтыну көлемін азайтқан «Богатырь-Көмір» ЖШС көмірін тұтынатын РФ электр станциялары:

1. Рефтинск ГРЭС-і (-951,0 мың тонна);
2. Троицк ГРЭС-і (-472,0 мың тонна).

Даму Стратегиясын іске асыру аясында электр энергиясы мен көмір нарықтарына егжей-тегжейлі талдау жасау болжанып отыр, ол даму үшін тартымды мақсатты нарықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

КОМПАНИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТТІ МАҚСАТТЫ НАРЫҚТАРЫ



ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР



www.gres1-ekibastuz.kz

«Б.НҰРЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-1» ЖШС

Көрсеткіш	2015 (нақты)	2016 (жоспар)
Белгіленген электр қуаты, МВт	4 000	4 000
Электр энергиясын өндіру, млн кВтсағ.	10 729	11 175

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.

2016 жылғы 01.01. жағдай бойынша, Екібастұз ГРЭС-1 станциясының жалғыз қатысушысы Қоғам болып табылады, жарғылық капиталдағы үлесі – 100%.

Қазақстандағы электр энергиясын өткізу нарығы: Солтүстік және Оңтүстік аймақтар.

Екібастұз ГРЭС-1 қазақстандық тұтынушыларға электр энергиясын жеткізумен қатар, Ресейдің және Қырғызстан

Республикасының энергия жүйесіне электр энергиясын жеткізіп тұрады. 2015 жылы Ресей рублінің Қазақстан теңгесіне қатысты бағамының және РФ нарығындағы электр энергиясы бағамының күрт төмендеуіне байланысты Ресейге электр энергиясы сатылған жоқ.

2015 жылы наурыз-сәуір айларында Екібастұз ГРЭС-1 Қырғыз Республикасына 107,5 млн кВтсағ. көлемде электр энергиясын сатты.

Ірі клиенттері: «KEGOC» АҚ, «Қаз-фосфат» ЖШС, ТОО «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қостанай энергия орталығы» ЖШС, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Интер РАО» ААҚ, «Алматыэнергосбыт» ЖШС.

«ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-2 СТАНЦИЯСЫ» АҚ

Көрсеткіш	2015 (нақты)	2016 (жоспар)
Белгіленген электр қуаты, МВт	1 000	1 000
Электр энергиясын өндіру, млн кВтсағ.	3 211	4 945



www.gres2.kz

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ Жарғысын басшылыққа алады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Солнечный кенті.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ акционерлері мыналар:

1. «Интер РАО» ЖАҚ (Ресей) — 50%

акция;

2. «Самұрық-Энерго» АҚ — 50% акция.

Ірі клиенттері: «KEGOC» АҚ, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Алматы-энергосбыт» ЖШС.

Қазақстандағы электр энергиясын өткізу нарығы: Солтүстік және Оңтүстік аймақтар.



www.ales.kz

«АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ» АҚ

Көрсеткіш	2015 (нақты)	2016 (жоспар)
Белгіленген электр қуаты	1 238,9	1 238,9
Белгіленген жылу қуаты	3 814	3 814
Электр энергиясын өндіру	5 086	4 920
Жылу босату	5 031	5 449

«Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі — «АлЭС» АҚ) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. «АлЭС» АҚ өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын және «АлЭС» АҚ Жарғысын басшылыққа алады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«АлЭС» АҚ-ның акционері «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады — 100 % акция.

«АлЭС» АҚ құрамына:

- Алматы 1-ЖЭО;
- Алматы 2-ЖЭО;
- Алматы 3-ЖЭО;
- Қапшағай ГЭС;
- Батыс жылу кешені;

- Алматы ГЭС Каскады;
- «Энергожөндеу» ӨЖК;
- Отынды қабылдау және тиеу орталығы кіреді.

«АлЭС» АҚ үшін электр және жылу энергиясын өткізу нарығы Алматы өңірі болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерін басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында «АлЭС» АҚ-ның 100% акциясы Қоғамның тікелей иелігіне берілді. Негіздеме: «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2013 жылғы 9 қыркүйектегі № 77 хаттама).

Ірі клиенттері: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Холдинг Алматы Су» МКК, «Алматы жылу желілері» ЖШС (Алматы).



www.aktobetec.kz

«АҚТӨБЕ ЖЭО» АҚ

Көрсеткіш	2015 (нақты)	2016 (жоспар)
Белгіленген электр қуаты	88	118
Белгіленген жылу қуаты	878	984
Электр энергиясын өндіру	666	871
Жылу босату	1 795	1 833,5

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Қоғам Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.


Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы.

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерін басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 100% акциясы Қоғамның тікелей иелігіне берілді. Негіздеме:

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2015 жылғы 20 қарашадағы № 07/15 хаттама).

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ Ақтөбе қаласын электрмен және жылумен жабдықтайды.

Ірі клиенттері: «Энергожүйе» ЖШС, «Ақтөбеэнергоснаб» ЖШС, «АХҚЗ» АҚ, «Ақбұлақ» АҚ, «Трансэнерго» АҚ.



www.btes.kz

«БАЛҚАШ ЖЭС» АҚ (ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ 2010-2018 ЖЫЛДАР)

«Балқаш жылу электр станциясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «Балқаш ЖЭС» АҚ) Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Балқаш ЖЭС» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы Жамбыл ауданы Үлкен кенті.

«Балқаш ЖЭС» АҚ акционерлері

(2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. **«Самұрық-Энерго» АҚ** - 37,92423364 % қосу бір акция;
2. **SAMSUNG C&T CORPORATION компаниясы** (Оңтүстік Корея) – 62,07576636% алу бір акция.

ҚР-дағы электр энергиясына тапшылықты жабу мақсатында жылына 10,5 млрд кВтсағ. энергия өндіру арқылы қуаты 1 320 МВт қос блокты модуль салынууда. Іске асырылу мерзімі: 2010-2018 жылдар.

СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ



www.moynak.kz

«МОЙНАҚ СЭС» АҚ

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты	300
Электр энергиясын өндіру	902,7

Мойнақ СЭС Алматы облысындағы Шарын өзенінде орналасқан, қуаты - 300 МВт. Мойнақ СЭС шамасы мен қуаты бойынша Қазақстандағы су электр станцияларының ішінде бесінші болып саналады және еліміз Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жылдарында пайдалануға берілген бірінші энергия өндіруші энергетикалық объектісі болып табылады.

«Мойнақ СЭС» АҚ 2012 жылы жел-

тоқсанда пайдалануға берілді.

2014 жылы «Мойнақ СЭС» АҚ-ның 49% акциясын сатып алу бойынша мәміле жасалды, **Қоғам** оның жалғыз акционері болып табылады.

«Мойнақ СЭС» АҚ – ТМД кеңістігіндегі үш СЭС-тің бірі, оның сарқырамасының биіктігі 500 метрге жуық, тоннелінің диаметрі – 5,5 метрге дейін.



www.bges.kz

«БҰҚТЫРМА СЭС» АҚ

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты, МВт	675
Электр энергиясын өндіру, млн кВтсағ.	2 977,4

«Бұқтырма ГЭС» акционерлік қоғамы Шығыс Қазақстан мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы №1053 «Қайта құрылған «Алтайэнерго» акционерлік қоғамының құрамынан бөлініп шығарылған «Бұқтырма ГЭС» акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысымен құрылды.

ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 24 қазандағы №1020 «Кейбір акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция-

лар пакетін «Самұрық» қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беру туралы» қаулысына сәйкес, 2006 жылы 28 желтоқсанда «Бұқтырма ГЭС» АҚ мемлекеттік акциялар пакеті «Самұрық» Холдинг» АҚ жарғылық капиталын төлеуге берілді. 2008 жылы 04 қаңтарда «Бұқтырма ГЭС» АҚ мемлекеттік акциялар пакеті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның меншігіне өтті.



www.aes-group.kz

Бұқтырма ГЭС Бұқтырма өзенінің төменгі сағасынан 15 км төменде, Ертіс өзенінің бастауынан 350 км-де орналасқан. БГЭС бөгеті тіреуінің сыйымдылығы 49,6 млрд м³ су қоймасын жасай отырып, Зайсан өзенінің табиғи

деңгейін 5-6 метрге жабады. Айдыңның алаңы – 5 490 шаршы км².

«Бұқтырма ГЭС» АҚ ірі акционері «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады – 90% акция.

«ӨСКЕМЕН ГЭС» АҚ

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты	331,2
Электр энергиясын өндіру	1 711,9

Қазіргі уақытта Өскеменнің солтүстік-шығысына қарай қала маңында орналасқан Өскемен ГЭС-ң төрт турбинасы бар (әрқайсысы – 82,8 МВт).

ГЭС ғимараттары мыналардан тұрады:

- қырқасы бойынша ұзындығы 92 м су төгетін бетон бөгет, ұзындығы

300 м бітеу бетон бөгеттер;

- ұзындығы 129 м бөгет бойындағы ГЭС ғимараты;
- бір камералы кеме жүзетін шлюз.

«Өскемен ГЭС» АҚ-ның ірі акционері «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады, – 89,9% акция.



www.aes-group.kz

«ШҮЛБІ СЭС» АҚ

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты, МВт	702
Электр энергиясын өндіру, млн кВтсағ.	1 875,1

Шүлбі ГЭС-і Ертіс өзенінің орта ағысында, Семей қаласынан 70 км жоғары орналасқан. Су электр станциясының құрылысы 1976 жылы басталған, бірінші гидроагрегат 1987 жылы 23 желтоқсанда өндірістік пайдалануға берілген, алты гидроагрегаттың соңғысы 1994 жылы 19 желтоқсанда іске қосылған.

Гидроторап құрылғысының өткізу қабілеті асып кету ықтималдығы 1 % болатын 240 м қатты тасқын кезін-

де дұрыс тіреу қойылған жағдайда, 7 770 м³/сек., 0,01% қамтылып, 243 м мейлінше мықты тіреу қойылған жағдайда 8 770 м³/сек өткізуге есептелген.

Шүлбі ГЭС-інің құрамына мыналар кіреді:

- ГЭС ғимараты;
- топырақ бөгет;
- кеме жүретін шлюз;
- су қоймасы;
- іргелес құрылыстар;

- 220 кВ ашық тарату құрылғысы.
- «Шүлбі ГЭС» АҚ-ның ірі акционері **«Самұрық-Энерго» АҚ** болып табылады – 92,14 % акция.



www.sharges.kz

«ШАРДАРА СЭС» АҚ

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты	100
Электр энергиясын өндіру, млн кВтсағ.	465

Шардара СЭС Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан және Нарын-Сырдария каскадындағы тұйықтаушы СЭС болып табылады.

Шардара ГЭС-інің қақпағы өзеннің төменгі тұсы 5 км-ге дейін тарылатын Жаушықұм жотасының етегінде орналасқан. Маусым кезінде реттеліп отыратын су қоймасы бар Шардара гидроторабы кешенді түр-

де жобаланып, салынды. Оны пайдаланудағы басты бағыттардың бірі – өзеннің орта және төмен ағысының тұсындағы құнарлы ауыл шаруашылық жерлерді суғару.

«Шардара ГЭС» АҚ-ның Жалғыз акционері **«Самұрық-Энерго»** болып табылады – 100 % акция.



www.samruk-green.kz

«SAMRUK GREEN ENERGY» ЖШС

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты	2
Электр энергиясын өндіру	3,154

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС 2012 жылы 25 қаңтарда жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру үшін құрылды және осы саладағы іс-қимылды жүзеге асыратын, қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын болып табылады.

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы – **«Самұрық-Энерго» АҚ**, қатысу үлесі – 100 %.

«Samruk-GreenEnergy» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары мына

стратегиялық мақсаттарды орындау болып табылады:

- жаңартылатын энергия көздерін, дербес техникалық құрылғыларды және олармен өзара байланысты құрылыстарды пайдалану бойынша объектілерді жобалау және салу;
- жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және жылу энергиясын өндіру мен сату;
- өндіру орнынан тарату жүйелеріне дейін жаңартылатын энергия көз-

дерін пайдалана отырып өндірілген электр энергиясын беру үшін жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін (пайдалануды) қамтамасыз ету;

- консалтингтік қызметті ұйымдастыру және көрсету, жаңартылатын энергия көздері саласындағы ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға қатысу;
- КЭС электр энергиясын өндіру 7 995 күн панелінің көмегімен жүзеге асырылады, олардың 70%-ы

бекітілген және 30 %-ы күнді бақылау құрылғыларына (трекерлер) орнатылған. Күн панельдерінің көмегімен алынған тұрақты электр тоғын ауыспалы тоққа өзгерту үшін КЭС-те 178 инвертор пайдаланылады.



www.energy7.kz

«ЭНЕРГИЯ СЕМИРЕЧЬЯ» ЖШС

«Энергия Семиречья» ЖШС бірлескен кәсіпорын болып табылады, ол Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт-дан 300 МВт-ға дейін жел электр станциясын салу саласындағы іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін құрылды.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

«Энергия Семиречья» ЖШС қатысушылары:

1. **«Самұрық-Энерго» АҚ** – 51 %;
2. **«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік компаниясы» ұлттық компаниясы» АҚ** – 49 %.



www.pves.kz

«БІРІНШІ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ» ЖШС

Көрсеткіш	2015
Белгіленген электр қуаты	45
Электр энергиясын өндіру	79

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС 2011 жылы 21 маусымда құрылды.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы энергия өндіру саласындағы іс-әрекеттерді жүзеге асыратын қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын болып табылады. Кәсіпорын жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды,

атап айтқанда, жел электр станцияларын салу жобаларын іске асыру үшін құрылған.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС Ерейментау қаласындағы қуаты 45 МВт (1-кезең) ЖЭС құрылысының жобасын тікелей іске асырады.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады.



«EREYMENTAU WIND POWER» ЖШС

«Ereymentau Wind Power» ЖШС 2011 жылы 24 қарашада құрылды. Серіктестік қызметінің негізгі бағыты – электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып өндіру.

Қазіргі кезде «EWP» ЖШС «Ерейментау қ. ауданында келешекте қуатын 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып,

қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асырумен айналысады. Еуропа қайта құру және даму банкімен (EBRD) аталған жобаны қаржыландыру туралы келісімге қол қойылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ «Ereymentau Wind Power» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы болып табылады.



«КАЗГИДРОТЕХЭНЕРГО» ЖШС

«Самұрық – Энерго» АҚ 2014 жылғы 31 наурызда Алматы облысының аумағында энергетикалық жобаларды жүзеге асыру мақсатында «Казгидротехэнерго» ЖШС-ны сатып алды. Бүгінгі күні Шелек өзенінде және Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 60 МВт 4 су электр станциясын салу жобаларын іске асыру бойынша жұмы-

стар жүргізілуде, оның ішінде:

ГЭС 29 – 34,8 МВт, ГЭС 19 – 14 МВт, ГЭС 1, 2 БАК-қа – 12 МВт.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«Казгидротехэнерго» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы «Самұрық-Энерго» АҚ болып табылады.

ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР



«БОГАТЫРЬ КӨМІР» ЖШС

«Богатырь Көмір» ЖШС Қазақстандағы ең ірі көмір өндіретін компания болып табылады: елімізде өндірілетін көмірдің жалпы көлемінің 45%* -ы компанияның үлесіне тиеді.

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы – Нидерландыда тіркелген және холдингтік компания болып табылатын 50 % / 50 % иелік ету үлесі тең, **РУСАЛ Біріккен Компаниясымен** бірлескен кәсіпорын – **«Forum Muider B.V.»** компаниясы.

Қазіргі уақытта «Богатырь Көмір» ЖШС кесігінің жобалық қуаты жылына 42 млн тонна көмірді құрайды (Богатырь кесігінде – 32 млн тонна, Северный кесігінде – 10 млн тонна).

2015 жылы өндірілген көмір көлемі 34,5 млн тоннаны құрады. Богатырь Көмір көмірді Топтың өндіруші объектілеріне және Қазақстанда, сондай-ақ Ресейде орналасқан үшінші тараптарға нарық талаптарына сай көмір жеткізеді. Богатырь Көмірдің көмір кесіктері Екібастұз ГРЭС станциясынан 35 шақырым және Екібастұз ГРЭС-2 станциясынан 53 шақырым қашықтықта орналасқан, (қашықтық темір жол бойынша), мұның өзі Топ үшін көмір тасымалдау шығындарын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы көмір электр станцияларының басым бөлігі Богатырь Көмір өндіретін көмірді пайдаланады.

www.bogatyr.kz



БӨЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ КОМПАНИЯЛАРЫ



www.azhk.kz

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

«ТЕГІС МҰНАЙ» ЖШС

«Тегіс Мұнай» ЖШС қызметінің негізгі түрі геологиялық барлауды ұйымдастыру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы шешіміне сәйкес және 2012 жылғы 30 қазандағы Қатысу үлестерін сатып алу – сату шартына сәйкес, **Қоғам** «Тегіс Мұнай» ЖШС-

ның жарғылық капиталына 100% қатысу үлесін сатып алды, оның құрамына «МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС-ның жарғылық капиталына 100 % қатысу үлесі де кіреді.

«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС

100% үлесі **«Тегіс Мұнай» ЖШС-**ға тиесілі.

«МАҢҒЫШЛАҚ-МҰНАЙ» ЖШС-нің жерді пайдалануға келісімшарты бар, ОҚО-дағы «Придорожное» кен орнында газды барлау, өндіру жобасын іске асырумен айналысады.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы. Алматы қ.

«АЛАТАУ ЖАРЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы – республиканың оңтүстігіндегі ең ірі өңірлік электр желілік компаниялардың бірі болып табылады, өзінің қызмет аймағында – Алматы қаласы мен Алматы облысында тұрғындар, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындары үшін электр энергиясын бөлу мен таратуды қамтамасыз етеді. «АЖК» АҚ-ның қызмет көрсету аумағы Балқаш көлінің жағалауынан Қытай шекарасына дейін созылып жатыр. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның Жалғыз акционері – **«Самұрық-Энерго» АҚ.**

«АЖК» АҚ-ның теңгерімдік тиістілігі 220-110-35-10-6-0,4 кВТ кернеу сыныптарының электр желілерінен тұрады.

«АЖК» АҚ теңгерімінде жалпы созылымы 29 381 км электр жеткізу желілері бар, соның ішінде:

- созылымы 432,4 км, кернеуі 220 кВ; созылымы 2 733 км, кернеуі 110 кВ әуе электр жеткізу желілері;
- 220 кВ – 40,1 км; жалпы созылымы 117 км, кернеуі 110 кВ кабельдік желілер;
- созылымы 2 589 км, кернеуі 35 кВ электр желілері;

- жалпы созылымы 12 426,4 км, кернеуі 6-10 кВ әуе және кабельдік желілер;
- жалпы созылымы 10 887 км, кернеуі 0,4 кВ электр жеткізу желісі;
- кернеуі 35-220 кВ, жалпы трансформаторлық қуаты 7 024 МВА 209 бірлік қосалқы станциялар саны.
- кернеуі 6-10/0,4 кВ, жалпы трансформаторлық қуаты

2 325 МВА трансформаторлық қосалқы станциялар саны 7011 бірлікті құрайды.

2013 жылы желтоқсанда Алматы қаласының айналасына 220 кВ шығыршық салу жұмысы аяқталды.

2015 жылы электр энергиясын жеткізу көлемі – 6 235 млн кВтсағ. (2014 жылы – 6 235 млн кВтсағ.) құрады.



www.mrek.kz

«МАҢҒЫСТАУ ЭБК» АҚ

«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ табиғи монополиялар субъектісі болып табылады және Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Ақтау қаласын қоспағанда, тұтынушыларына электр энергиясын жеткізу және тарату бойынша қызмет түрлерін көрсетеді. «МЭБК» АҚ Маңғыстау облысында электр энергиясын жеткізу және тарату бойынша қызмет көрсету нарығында басым жағдайға ие.

«Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» АҚ-ның ірі акционері **«Самұрық-Энерго» АҚ** болып табылады – 75 % + 1 акция.

«МЭБК» АҚ желілері бойынша тасымалданатын электр энергиясының 90 %-ын Маңғыстау облысының ірі мұнай өндіру компаниялары тұтынады («Маңғыстаумұнайгаз»АҚ,

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Каражанбасмұнай» АҚ және т.б.).

Компания құрамына:

- созылымы 665,1 км – кернеуі 220 кВ; 2 316,4 км –110 кВ; 948,7 км – 35 кВ; 1 638 км – 6-10 кВ; 601,8 км – 0,4 кВ электр энергиясын жеткізуші әуе желілері; жалпы созылымы – 752 км, кернеуі – 6-0,4 кВ кабель желілері.
- белгіленген қуаты 1 956,4 МВА, кернеуі 35 кВ және одан артық 57 қосалқы электр станциясы;
- белгіленген қуаты 75,563 МВА, кернеуі 6-10 кВ 432 трансформаторлық қосалқы станция кіреді.

2015 жылы электр энергиясын жеткізу көлемі – 2 518 млн кВтсағ. құрады.



«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстанның ірі аймақтық энергия таратушы компанияларының бірі және Шығыс Қазақстан облысы табиғи монополиясының субъектісі болып табылады.

2012 жылы кәсіпорын Қоғамның сенімгерлік басқаруына берілді. 2013

жылы наурызда «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ акциялар топтамасы Қоғамның меншігіне берілді.

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ қызметінің негізгі түрі электр энергиясын жеткізу және тарату болып табылады. Қызмет көрсету аумағының

www.ekrec.kz

алаңы – 283 300 шаршы километр.
Кәсіпорын желілерінің жалпы созылымы – 34 556 км.

Компания құрамына:

- созылымы 143,8 км, кернеуі 220 кВ; 4 777,25 км – 110 кВ; 4 268,43 км – 35 кВ; 12 952 км – 6-10 кВ; 10 688,14 км – 0,4 кВ әуе электр жеткізу желілері;
- 1 722,96 км кернеуі – 10-6-0,4 кВ кабельді ЭЖЖ;
- белгіленген қуаты 3 472,11 МВА, кернеуі 35 кВ және жоғары 313 қосалқы станция;

- белгіленген қуаты 1 499 МВА – кернеуі 6-10/0,4, 6 513 трансформаторлық қосалқы станция;
- белгіленген қуаты 2 МВт Зайсан ГЭС-і (жұмыс тәртібі – маусымдық) кіреді.

2015 жылы жеткізілген электр энергиясының көлемі – 3 431 млн кВтсағ. құрады.



www.esalmaty.kz

«АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

«АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2006 жылы маусымда «Электр энергетикасы туралы» Заңға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйым ретінде құрылды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның жалғыз қатысушысы – **«Самұрық-Энерго» АҚ**, қатысу үлесі - 100 %.

«АЭС» ЖШС Алматы қаласы мен Алматы облысының 2,6 млн астам тұрғыны мен 24 мың кәсіпорнын электр энергиясымен қамтамасыз ететін Қазақстан аумағындағы электр энергиясын жеткізушілердің ең ірісі болып табылады. Серіктестіктің негізгі міндеті – Алматы қаласы мен Алматы облысының сегіз әкімшілік ауданын электр энергиясымен сенімді және тұрақты қамтамасыз ету.

«АЭС» ЖШС электр энергиясының көтерме және бөлшек нарықтарының субъектісі бола отырып, мына қызметтерді жүзеге асырады:

- энергия өндіруші кәсіпорындардан электр энергиясын сатып алу және оны түпкі бөлшек тұтынушыға сатады;
- Өңірлік желілік компанияның жеткізу-тұтыну режимдерін ен-

гізу бойынша жедел өкімдерін орындайды;

- тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу бойынша шарттар жасайды;
- электр энергиясын жеткізу бойынша жүйелік оператордың, ӨЭК, ЭӨҰ-ның қызметін төлейді;
- бөлшек сауда тұтынушыларының жасалған шарттарда белгіленген электр тұтыну режимдерін, алған электр энергиясына ақы төлеу талаптарының сақтауын бақылайды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС жұмысының негізгі бағыттарының бірі электр энергиясын тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту болып табылады.

2015 жылы сатылған электр энергиясының көлемі 5 771 кВтсағ. құрайды.



www.shygys.kz

«ШЫҒЫСЭНЕРГОТРЕЙД» ЖШС

«Шығысэнерготрейд» ЖШС 2004 жылы «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-ның еншілес кәсіпорны ретінде құрылды.

«ШЭТ» ЖШС Шығыс Қазақстанның 496 мың тұтынушысына сатып алынған электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылады.

ШҚО сату нарығындағы «ШЭТ» ЖШС-ның электр энергиясын сату бойынша үлесі 43%-ды құрайды.

Шығыс Қазақстан облысындағы «ШЭТ» ЖШС тұтынушылары «ШҚ АЭК» АҚ, «ҚазМырыш» АҚ және басқа да энергия жеткізуші ұйымдардың желілеріне қосылған. ШҚО-дағы ЭЖҰ-ның жалпы саны 15 кәсіпорынды құрайды.

2015 жылы 1 кВтсағ. үшін энергиясының орташа сату бағасы 9,422 теңгені құрады.

Есепті кезеңдегі сату көлемі 2 643 млн кВтсағ. құрады.

ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

НӘТИЖЕЛЕРДІ ҰСЫНУ КЕЗІНДЕГІ ТӘСІЛДЕР

2015 жылы Қоғамның электр энергетикасы және көмір өндірісі салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес атқарылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есепті дайындаған кезде бірыңғай тәсілдерді қолдану мақсатында шоғырландыруда үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұған қоса, қолданыстағы есеп саясатына сәйкес, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құны бойынша, яғни, қайта бағалау есепке алынбай көрсетіледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, шоғырландырылған теңгерімдегі үлестік қатысу әдісін қолданған кезде «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелену үлесі 50 %-ды құрайтын «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компания-

лардың айналымдары алынып тасталды. Сонымен қатар, үлестік пайдада «Балқаш ЖЭС» АҚ қауымдастырылған компанияның 37,92% иелік ету үлесі бойынша қаржылық нәтижесі көрсетіледі.

Қоғамның шоғырландырылған қаржы нәтижелерін есептеген кезде осы компаниялар бойынша алынған пайданың үлесі «үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардың пайдасының/зиянының үлесі» бабында көрсетіледі.

Бекітілген 2015 жылға арналған Даму жоспарына сәйкес, жекешелендіруге жататын активтер тоқтатылған қызмет бойынша есепке алынды. Нақты іс бойынша 2015 жылы аталған активтер («Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ, «ШЭТ» ЖШС, «МЭБК» АҚ) негізгі қызметке жатқызылды.

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Компания қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесінде 2014 жылы

15,9 млрд теңге залал шексе, есепті кезеңде **(- 77,8) млрд теңге мөлшерінде залал шекті**, Жағдайдың нашарлауы теңгенің айырбас бағамының төмендеуі салдарынан бағам бойынша 106,9 млрд теңге шығын келуіне байланысты. Бағам бойынша шығындардың әсерін есептемегенде, қорытынды пайда 29,01 млрд теңгені құрайды. Бекітілген Даму жоспарына сәйкес, 2016 жылы 6,25 млрд теңге, 2017 жылы 41,7 млрд теңге мөлшерінде пайда алу жоспарланып отыр.

Қоғамның 2016-2020 жылдарға арналған Даму жоспарында мына активтерді сату көзделген: «АЖК» АҚ, «АЛЭС» АҚ, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «Тегіс Мұнай» ЖШС, «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС, «ШҚ АЭК» АҚ, «Шығысэнерготрейд» ЖШС, «МЭБК» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «Шелек-28» ЖШС және «Қарағандыгазпрошахт и К» ЖШС, соған байланысты аталған активтер 2017 жылдың божамында тоқтатылған қызметке жатқызылды.

Басқа негізгі қаржы-экономикалық

көрсеткіштер бойынша оң серпін байқалады. Осылайша, **EBITDA** көрсеткіші 2014 жылғы 76,1 млрд теңгемен салыстырғанда, 2015 жылы 84,9 млрд теңгені құрады. EBITDA көрсеткішінің артуы «ГРЭС-1» ЖШС-ның 2015 жылы шоғырландырылған деректерде 100% үлестің ішінде есептелуіне байланысты, ал 2014 жылы 100% үлес ішіне тек 2014 жылдың 1 сәуірінен бастап енгізілді.

2016 жылға арналған болжамда көрсеткіш 85,6 млрд теңге мөлшерінде жоспарланған, оның 2015 жылмен салыстырғандағы болмашы өсуі негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «БЖЭС» ЖШС, «МЭБК» АҚ және «МСЭС» АҚ бойынша EBITDA көрсеткішінің жақсаруына байланысты. **EBITDA** көрсеткішінің 2017 жылы 69,2 млрд теңгеге дейін азаюы жекешелендірілетін ЕТҰ-лар-

ды тоқтатылған қызметке жатқызумен байланысты.

EBITDA margin көрсеткіші 2014 жылы 34%-ды құраса, 2015 жылы 37%-ды құрады. Көрсеткіштің өсуі менеджменттің неғұрлым тиімді жұмыс істеуіне байланысты, жалпы сату көлемі азайған жағдайда шығынды оңтайландыру бағдарламасы жүргізіледі.

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014*	2015	2015 к 2014	2016	2017
		нақты	нақты	ауытқу, %	болжам	болжам
Таза табыс	млрд теңге	15,94	-77,83		6,25	41,71
Бағам айырмасын есептемегендегі таза табыс **	млрд теңге		29,01	182%	20,24	41,71
EBITDA	млн теңге	76 129	84 895	112%	85 581	69 156
EBITDA Margin	%	34%	37%	109%	33%	57%

* Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері ЕТҰ-ны тоқтатылған қызмет бойынша толық шоғырландыруға көшіруді ескере отырып қайта есептелді.

** Қорытынды пайда бағам айырмашылығы бойынша шығындардың ықпалын есепке алмай шығарылды.



КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ (MD&A)

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ӨНДІРІСТІК НҚК (ӨНДІРУШІЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ)

ЕТҰ атауы	2014	2015	2014 жылға қарағанда 2015 жылғы ауытқу	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтсағ.					
«АлЭС» АҚ	5 036	5 086	101%	4 920	5 130
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	667	666	100%	871	871
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	14 096	10 729	76%	11 175	13 410
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	4 755	3 211	68%	4 945	5 192
«ЖГРЭС» АҚ (активті сатқан сәттен бастап нақты - 2015ж. 15 мамырға дейін)	2 521	1 176	47%	-	-
«Шардара СЭС» АҚ	565	465	82%	265	374
«Мойнақ СЭС» АҚ	577	903	156%	906	906
«Samruk-Green Energy» ЖШС	0,4	3,2	788%	3,4	4,1
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	-	79		172	172
Барлығы	28 216	22 318	79%	23 259	26 059

ЕТҰ атауы	2014	2015	2014 жылға қарағанда 2015 жылғы ауытқу	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтсағ.					
«АЖК» АҚ	6 235	6 165	99%	6 350	6 696
«ШҚ АЭК» АҚ	3 391	3 431	101%	3 466	3 751
«МЭБК» АҚ	2 718	2 518	93%	2 517	2 621
Барлығы	12 344	12 114	98%	12 332	13 068
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтсағ.					
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	5 946	5 771	97%	5 947	6 226
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	2 659	2 643	99%	2 811	2 910
Барлығы	8 605	8 414	98%	8 758	9 135
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал					
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 580	5 031	90%	5 449	6 078
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	1 868	1 795	96%	1 834	1 834
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	103	81	79%	76	76
АО «ЖГРЭС» (активті сатқан сәттен бастап нақты - 2015ж. 15 мамырға дейін)	10	5,318	53%		
Барлығы	7 561	6 913	91%	7 359	7 987
Көмір сату көлемі, млн тонна	38,1	33,9	89%	32,5	35,7


2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы **электр энергиясын өндіру көлемінің** 21%-ға (немесе 5 898,4 млн кВтсағ.) азаюы мына электр станциялары бойынша:

- «ГРЭС-2» АҚ және «ГРЭС-1» ЖШС бойынша, ҚР нарығында электр энергиясын сатудың азаюына;

- «Шардара СЭС» АҚ бойынша Сырдария өзені мен Шардара су қоймасында судың аз болуына;
- «ЖГРЭС» АҚ бойынша 2015 жылы мамырда активтерді сату есебінен 53% - ға (немесе 1 345 кВтсағ.) электр энергиясын өндірудің азаюына байланысты.

Сонымен қатар 2015ж. тамызда «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС пайдалануға берілді, оның энергия өндіру көлемі 79,2 млн кВтсағ. құрады.


2014-2015 ЖЖ. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ, МЛН кВтсағ.



Жылу энергиясын өндіру көлемінің 2015 жылы 8 %-ға (648 мың Гкал) кемуі климатологиялық температуралармен салы-

стырғанда сыртқы ауа температурасының барынша жоғары болуына байланысты жылыту жүктемесінің азаюына байланысты.


ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ, МЫҢ Гкал




Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың **электр энергиясын жеткізу көлемінің** 2%-ға (немесе 230,5 млн кВтсағ.) және 2014 жылғы

нақты бойынша **электр энергиясын сату көлемінің** 2%-ға немесе 191,4 млн кВтсағ. салыстырғанда азақ аумағының жылы болуына байланысты.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІ, МЛН КВТСағ.



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТУ КӨЛЕМІ, МЛН КВТСағ.



Көмір сату көлемінің 11%-ға (немесе 4,2 млн тоннаға) кемуі РФ, «ГРЭС-1» ЖШС мен «ГРЭС-2» АҚ тұты-

нушыларынан сұраныстың азаюына байланысты.

Алдағы кезеңге болжам:

2016-2017 жылдарға арналған болжам бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 2015 жылдың нақты ісі-

не қатысты бірте-бірте өсіре отырып болжанады. 2016 жылы электр энергиясын өндіру көлемін 941 млн кВт-сағатқа ұлғайту негізінен «ГРЭС-1» ЖШС мен «ГРЭС-2» АҚ станциялары есебінен жоспарлануда.

2016-2017 жж. арналған жоспарда жылу энергиясын өндіру көлемі «Алматы электр станциялары» АҚ жылу энергиясын өндіру көлемін ұлғайту есебінен 2015 жылғы нақтымен салыстырғанда 6 -15 %-ға өсіре отырып болжанады.

Электр энергиясын жеткізу және тарату көлемі бойынша өсу 2016 жылы «АЖК» АҚ мен «ШҚ АЭК» АҚ тұтынушыларынан түскен өтінімдердің өсуі есебінен күтіледі.

2016 жылға жасалған болжамда

көмір сату көлемі РФ мен ҚР негізгі тұтынушыларының болжаммен алғандағы көмір тұтыну көлемінің кемуіне байланысты 1,4 млн тоннаға немесе 2015 жылғы нақтымен 4 %-ға азаяды.

2017 жылға жасалған болжамда көмір сату көлемі 10 %-ға немесе 2016 жылғы нақтыға 3,2 млн тоннаға артады. 2015-2016 жылдарға көмір өндіру мен сату көлемі ҚР мен РФ-дағы электр энергиясын өндірудің болжамды көлемі ескеріле отырып қарастырылды.

ШЫҒЫСТАРДЫ АЗАЙТУ ТУРАЛЫ

Қоғам 2015 жылғы экономикалық жағдай бойынша болжамдарды

ескере отырып, бірқатар шараларды даярлады: даму жоспарына түзетулер енгізді, онда ағымдағы шығыстар қысқартылып, инвестициялар бойынша шығыстар оңтайландырылды.

Қызмет нәтижелері бойынша 2015 жылы Қоғамның компаниялар тобында 13 002 млн теңгеге ағымдағы шығынстарды және 34 394 млрд теңгеге инвестициялық шығыстарды оңтайландыру жүргізілді.

2016 жылға арналған жоспарда инвестициялық бағдарламаны үлестік компанияларды ескере отырып, жалпы сомасы 27 644 млн теңгеге оңтайландыру қарастырылды.

Атауы	2016 ж. жоспары		
	20.11.2015. бекітілген жоспар	түзету енгізілген жоспар	өзгерістер мың теңгемен
Өзіндік құн	91 862	86 415	-5 446
Жалпы және әкімшілік шығыстар	2 229	2 018	-211
Қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар	19 967	15 221	-4 746
Өзге шығыстар	59	15	-44
БАРЛЫҒЫ	114 117	103 670	-10 447
Үлестік компаниялар 50%			
Өзіндік құн	8 647	7 746	-901
Жалпы және әкімшілік шығыстар	679	490	-189
Тасымалдау мен сатуға жұмсалатын шығыстар	1 510	1 496	-14
50% үлестік компаниялар бойынша БАРЛЫҒЫ	10 836	9 732	-1 105
Бүкіл компаниялар бойынша БАРЛЫҒЫ	124 953	113 401	-11 551

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ЖАСАЛҒАН БОЛЖАМ

Теңге бағамының долларға айырмашылығын анықтау мақсатын-

да 2016 жылға арналған жоспарда жалпы сомасы 11 551 млн теңгеге оңтайландыру жүргізілді. Оның ішінде шығыстарды үлестік компанияларды есепке алмай қысқарту

10 447 млн теңгені (жалпы шығыстың 4%-ы) құрайды. Үлестік компаниялар бойынша қысқарту 105 млн теңге жоспарланып отыр.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2014 ⁽¹⁾	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін табыс	221 150	228 865	255 685	121 292
1.1.	Электр энергиясын өндіру	119 747	131 849	139 917	116 862
1.2.	Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатуы	111 264	115 946	126 607	0
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	16 565	15 747	18 799	0
1.4.	Электр энергиясын жеткізу және тарату	50 518	52 096	57 179	0
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	1 792	1 671	1 692	0
1.6.	Құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстары	0	0	0	0
1.7.	Жалдау	2 050	2 565	3 535	3 536
1.8.	Өзге	20 879	1 113	1 588	894
2	Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	157 207	165 932	198 704	72 277
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	68 792	86 445	102 292	71 673
2.2.	Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын сатуының өзіндік құны	110 770	115 357	125 339	0
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	16 605	15 370	17 902	0
2.4.	Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны	39 512	38 919	44 067	0
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатудың өзіндік құны	1 742	1 645	1 719	0
2.6.	Құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстарының өзіндік құны	0	0	0	0
2.7.	Негізгі қызметтердің өзге түрлерінің өзіндік құны	7	111	845	604
2.8.	Негізгі қаражат пен материалдық емес активтерді амортизациялау	27 401	37 648	45 104	31 866

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2014 ⁽¹⁾	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
3	Жалпы пайда	63 943	62 933	56 981	49 014
4	Қаржыландырудан түскен табыс ⁽³⁾	3 682	2 729	257	1 759
5	Өзге табыстар ⁽²⁾	70 647	4 028	913	155
6	Өнімді сатуға және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстар	2 516	3 029	3 153	3 916
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар	13 891	13 940	14 673	8 841
8	Қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар ⁽⁴⁾	24 018	23 412	22 037	22 200
10	Негізгі емес қызметтердің өзге шығыстары ⁽²⁾	86 500	93 175	12 295	44
11	Ұйымдардың үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын пайдасының/зияының үлесі	12 958	-10 173	7 817	6 410
12	Тоқтатылған қызметтерден түсетін пайда (зиян)	0	2 469	0	27 197
13	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	11 055	5 875	6 902	7 597
14	Азшылықтың үлесі	-2 696	390	658	225
15	Топ акционерлеріне тиесілі қорытынды пайда	15 947	-77 835	6 249	41 714

(1) Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызметтен көшіру нәтижелерін көрсете отырып қайта есептелді.

(2) 2015ж. аудиторлық есепте өзге табыстардан «құнсыздану салдарынан келтірілген залалды қалпына келтіруден» алынған табыс бөлек көрсетілді, және өзге шығыстардан құнсыздану салдарынан келтірілген залал «Құнсыздану салдарынан келтірілген залал» (НЕТТО) жеке жолына бөлек шығарылды.

(3) аудиторлық есепте 2014 ж. бағам айырмашылығының сальдосы «қаржылық табыстар» бөлімінде көрсетілді.

(4) 2015 ж. аудиторлық есепте бағам айырмашылығынан келтірілген залал «қаржылық шығыстар» бөлімінде көрсетілді.


Ескертпе: Қызмет түрлері бойынша табыстар мен өзіндік құн айырмашылықтар алып тасталмай берілді.

2015 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша **өнімдерді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс** 228 865 млн теңгені құрады. Былтырғы жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,5 %-ға ұлғаю негізінен Қоғам қызметінің барлық түрлеріне тарифтердің өсуімен байланысты.

Табыстың маңызды бөлігі 2015 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 22,3 млрд кВт/сағаттан астам құраған энергия өндіруші компаниялардың электр энергиясын сату есебінен құралады.

Сондай-ақ, табыстың қомақты бөлігін 2015 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 8,4 млрд кВтсағ. астам құраған энергиямен жабдықтаушы компаниялардың электр энергиясын сатудан және 12,1 млрд кВтсағ. көлемінде электр энергиясын өткізу және тарату бойынша көрсетілген қызметтерден түскен табыс құрайды.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША 2015 ЖЫЛҒЫ ТАБЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН БОЛЖАМ

2016 жылға арналған болжамда сатудан түсетін табыс электр энергиясын өндіру, жеткізу, сату, сондай-ақ жылу энергиясын өндіру бойынша көлемнің ұлғаюына байланысты 2015 жылмен салыстырғанда 12 %-ға өсіре отырып, 255 685 млн теңге мөлшерінде жоспарланған.

ӨНДІРУШІЛЕР БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕ ӨНІМДІ САТУДАН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕН ТҮСЕТІН ТАБЫС

Көрсеткіш, млн теңге	2014*	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түсетін табыс	221 150	228 865	255 685	121 292
«Самұрық-Энерго» АҚ	20 399	16 040	17 117	21 710
«Green Energy» ЖШС	15	109	137	189
«Бұқтырма ГЭС» АҚ	2 048	2 564	3 535	3 536
«Шардара СЭС» АҚ	2 422	2 085	2 485	3 499
«Мойнақ СЭС» АҚ	4 264	8 023	8 752	9 480
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	85 042	88 215	95 565	
«МЭБК» АҚ	8 655	8 986	10 342	
«АЖК» АҚ	31 431	32 662	34 218	
«АлЭС» АҚ	51 909	53 175	53 240	
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	5 710	6 109	8 926	
«Шығыс Қазақстан АЭК» АҚ	10 905	11 178	12 963	
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	26 222	27 731	31 042	
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	73 792	78 249	83 249	99 806
«БЖЭС» ЖШС	-	1 741	3 850	4 119
«Teric-Мұнай» ЖШС	-			
«Карагандагипрошахт и К» ЖШС		160	350	
Energy Solution center			664	663
Топ ішіндегі айналымдар (көрсеткіштері алынып тасталған)	-101 664	-108 162	-110 748	-21 710

* Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызметтен көшіру нәтижелерін көрсете отырып қайта есептелді.

Қоғамның негізгі қызметінен түсетін табыстың негізгі үлесін «ГРЭС-1» ЖШС, «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС және «Шығысэнерготрейд» ЖШС-ға тие-

сілі. Сонымен бірге, табыстарды шоғырландырған кезде негізінен энергия сатушы компаниялар бойынша жалпы сомадан топ ішіндегі айналымдар алынып тасталады.

ӨНІМДЕР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

<i>Көрсеткіш, млн теңге</i>	<i>2014 ⁽¹⁾</i>	<i>2015</i>	<i>2016 (болжам)</i>	<i>2017 (болжам)</i>
Отын ⁽²⁾	37 302	38 844	41 145	19 630
Еңбекақы төлеу және оған байланысты шығыстар	23 800	23 039	28 367	3 912
Сатып алынған электр энергиясының құны ⁽²⁾	28 105	19 946	27 633	3 045
Негізгі құралдардың тозуы және MEA өтелімі	27 401	37 648	45 104	31 866
Жөндеу және күтіп ұстау	4 873	4 993	9 057	3 510
Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер және өзге қызметтер	8 691	11 198	12 357	43
Материалдар	5 321	5 424	2 731	394
Сумен қамтамасыз ету	4 438	4 456	5 247	2 119
Желілердегі шығысы	4 659	4 260	4 809	0
Табыс салығынан басқа салықтар	5 714	6 354	7 155	4 337
Сыртқы ұйымдардың қызметтері	2 174	3 105	6 286	476
Өзге	4 729	6 665	8 813	2 945
ҚОРЫТЫНДЫ	157 207	165 932	198 704	72 277

(1) Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызметтен көшіру нәтижелерін көрсете отырып қайта есептелді;


(2) «Сатып алынған электр энергиясының құны» бабында Мына ЕТҰ-лардың: АЭС, ШЭТ, АлЭС, АЖЭО, МСЭС, ШарСЭС, ГРЭС-1 сатып алатын э/э бойынша шығыстар ескерілді. Аталған бап бойынша 2014 және 2015 жылғы қаржылық есептілікте АЭС шығыстары ескерілді (қалған ЕТҰ отын жолында ескерілді). Осы себептен «Отын» бабы бойынша деректердің қаржы есептілігіндегі деректерден айырмашылығы бар.

2015 жылдың қорытындысы бойынша өзіндік құн 165 932 млн теңгені құрады, бұл 2014 жылғы мәліметтен 5,5 %-ға жоғары. Негізгі өсім электр энергиясын жеткізу қызметіне, қуатты реттеу қызметіне, КЕГОК электр

энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу қызметіне тарифтердің өсуіне, сондай-ақ 2014 жылдың 1 сәуірінен бастап «ГРЭС-1» ЖШС бойынша 100% үлеспен деректерді есепке алуға байланысты болды. Сонымен қатар,

өзіндік құнның өсуіне «ГРЭС-1» ЖШС-ның негізгі құралдарын қайта бағалау, сондай-ақ барлық ЕТҰ-ларда инвестициялық бағдарламаларды іске асыру нәтижесіндегі өтелім бойынша шығындардың артуы ықпал етті.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗІНДІК ҚҰННЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН БОЛЖАМ

2016 жылға арналған болжамда сатып алынған өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны 32 772 млн теңгеге (19,7%) ұлғаяды. Негізгі өсім

активтерді жаңартуға байланысты өтелімге жұмсалатын шығыстардың артуына байланысты. Сондай-ақ, өсім құнсыздану коэффициентін ескере отырып, қызметкерлердің жалақысын жыл сайын арттыруға және сатып алынатын отын бағасы

мен сыртқы ұйымдар көрсететін қызметтердің бағасының өсуіне байланысты. 2017 жылға арналған болжамда сатуға арналған активтерді алып тастауға байланысты өзіндік құн бойынша шығыстар азаяды.

САТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР

Көрсеткіш, млн теңге	2014*	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Сату үдерісіне байланысты еңбекақы төлеуге және қызметкерлердің әлеуметтік төлемдеріне жұмсалатын шығыстар	99	111	109	21
Табыс салығынан басқа салықтар	-	-	-	-
Басқа жұмыстар және сатуға байланысты қызметтер	2 406	2 906	3 033	3 895
Іссапар шығындары	2,8	2	2	0
Сату бойынша өзге шығыстар	8	10	9	0
БАРЛЫҒЫ	2 516	3 029	3 153	3 916

* Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызметтен көшіру нәтижелерін көрсете отырып қайта есептелді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша сатуға жұмсалған шығыстар «ГРЭС-1» ЖШС шығыстарының 2014 жылы 1 сәуірден бастап есептелуіне байланысты 613 млн теңгеге өсті.

2016 жылға арналған болжамда сатуға арналған шығыстардың 4%-ға өсуі индекстеу шегінде жоспар-

ланған, 2017 жылы айтарлықтай өсім электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты «ГРЭС-1» ЖШС электр энергиясын өндіру-тұтыну-ды теңгерімдеуді диспетчерлеу және ұйымдастыру қызметіне жұмсалатын шығындардың өсуіне байланысты.

ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Көрсеткіш, млн теңге	2014 *	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Еңбекақы төлеу және оған байланысты шығыстар	5 870	5 802	5 605	2 959
Консультациялық және басқа кәсіби қызметтер	921	1 129	1 549	714
Табыс салығынан басқа салықтар	650	620	374	17
Жалдау бойынша шығыстар	599	745	769	412
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА өтелімі	1 192	1 283	1 322	1 033
Іссапар және өкілдік шығыстар	276	297	267	195
Банк алымдары	153	219	156	19
Байланыс бойынша шығыстар	111	150	167	92
Өзге	4 119	3 695	4 464	3 400
БАРЛЫҒЫ	13 891	13 940	14 673	8 841

* Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызметтен көшіру нәтижелерін көрсете отырып қайта есептелді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша әкімшілік шығыстар 139 407 млн теңгені құрады, бұл 2014 жылғы мәлімет бойынша шығындардың деңгейіне сәйкес келеді.

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН БОЛЖАМ

2016 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар негізінен «Бизнесісті трансформациялау» бағдарламасын іске асыруға жұмсалатын

шығындарды қосуға байланысты 2015 жылдың мәліметтерімен салыстырғанда 5 %-ға ұлғаяды. 2017 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар сатуға арналған активтерді алып тастауға байланысты азаяды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Көрсеткіш, млн теңге	2014 ⁽¹⁾	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Қарыздар бойынша сыйақыларға жұмсалатын шығыстар	20 724	20 289	15 818	16 606
Өзге қаржы шығыстары	3 294	3 123	6 219	5 594
Барлығы ⁽²⁾	24 018	23 412	22 037	22 200

(1) Салыстыру мақсатында 2014 жылдың көрсеткіштері тоқтатылған қызметтен көшіру нәтижелерін көрсете отырып қайта есептелді.

(2) 2015 ж. аудиторлық есебінде қаржылық шығыстар бағам айырмасының зазалымен бірге қоса көрсетілді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 23 412 млн теңгені құрады, бұл 2014 жылғы нақты мәннен төмен. Азаю негізінен Қордан Екібастұз ГРЭС-1-ді сатып алуға алынған қарыздың бір бөлігін капиталдандыру есебінен КОБ-ойынша болды.

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН БОЛЖАМ

2016 жылға дейінгі болжамда қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар бар қарыздар бойынша қайта қаралған қаржыландыру талаптарына сәйкес және валюта

бағамының өзгеруін есепке ала отырып ескерілді.

ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Атауы	2014 *	2015	2016 (болжам)	2017 (болжам)
Қарыз/EBITDA	4,25	4,84	5,3	3,59
Қарыз/Меншікті капитал	1,08	0,85	0,94	0,38
Ағымдағы өтімділік	1,4	1,01	0,9	2,04

Жалпы негізгі қаржылық және өндірістік көрсеткіштердің өзгеруі өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне былайша әсер етті.

2015 жылғы **Қарыз/EBITDA** көрсеткіші 4,84-ті құрады, яғни Қор белгілеген 5,0 мөлшеріндегі ковенант аясында.

Қоғамның ковенантын сақтау жөніндегі іс-шаралар аясында Қоғам 2015 жылы **Қарыз/EBITDA** ковенанты бойынша келісімхатты (Waiver) ұсыну мүмкіндігін талқылау бойынша Еуропа қайта құру және даму банкімен бірқатар келіссөздер өткізілді. Жүргізілген жұмыстың

нәтижелері бойынша 2015 жылғы 17 қыркүйекте Қоғам **Қарыз/EBITDA** коэффициентін 2015 жылы 4,5-тен 5-ке дейін ұлғайтуға келісім хат алынды.

Экономикалық жағдай тұрақсыз мен қаржы нарығы құбылмалылық деңгейі жоғары болып тұрған

жағдайда Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және ковенантын сақтау мақсатында Қоғам 2015 жыл бойында топ бойынша қорландыруды тартуға қатаң мониторинг жүргізді. Қабылданған шаралар нәтижесінде Қоғам қаржы ковенантының сақталуын қамтамасыз етуге, қарыз жүктемесін азайтуға және қаржы тұрақтылығын жақсартуға қол жеткізді.

2015 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам **Қарыз/EBITDA** ковенантының нормативі 5 болған жағдайында (2015 жылға арналған ЕҚДБ-нің Waiver-у сәйкес) 4,84 маңында сақталуын қамтамасыз етті.

2016 жылға арналған жоба бойынша **Қарыз/EBITDA** көрсеткіші 5,29 мөлшерінде жоспарлануда. Көрсеткіштің өзгеруі 2015 жылға қарағанда қарыздың 10%-ға өсуіне байланысты. Қарыздың өсуі жоспарда АҚШ долларының бағамын 360 теңге деңгейінде (нақты 340 теңге) қолдану есебінен валюталық қарыздар бойынша бағамның өсуіне және қуаты 50 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу мен Шардара СЭС-ін жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаларын қаржыландыруға байланысты. 2017 жылы аталған көрсеткіш еуробондтардың өтелуіне байланысты 3,59-ға дейін жақсарады.

Қаржы левереджінің (Қарыз/Меншіктік капитал) көрсеткіші 2015 жылы 0,85-ті құрады, көрсеткіштің өзгеруі осыған ұқсас кезеңдегі фактімен (1,08) салыстырғанда 2015 жылғы шығын (– 77 835) млн теңге есебінен бөлінбеген табыстың төмендеуіне және қарыз капиталының 86 977 млн теңгеге ұлғаюына байланысты меншікті капиталдың 10 529 млн теңгеге төмендеуіне байланысты.

2016-2017жж. аталған көрсеткішті жақсарту жоспарлануда, 2017 жылдың соңына қарай 0,38 деңгейінде

болжанады, бұл еуробондтар бойынша міндеттемелерді өтеумен байланысты.

2015 жылы үшін ағымдағы өтелімділік көрсеткіші 1,01-ді құрады, ол осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда елеулі төмендеді, алайда белгіленген нормалар шеңберінде. 2017ж. дейін аталған көрсеткіш 2,04-ке дейін жақсарады.

ТАРИФ САЯСАТЫ

Энергетикалық компаниялардың қызмет түріне қарай тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің немесе салалық министрлік - ҚР Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ МЫНА ТАРИФТЕР ҚОЛДАНЫСТА БОЛДЫ

Энергия өндіруші ұйымдар үшін (ЭӨҰ) 2009-2015жж. кезеңге бекітілген шекті тарифтер қолданылды, олар «инвестицияларға алмастыруға болатын тарифтер» қағидаты бойынша инвестициялық құрамдасты көздейді. ЭӨҰ бойынша болжанатын қуат нарығын енгізу 2019 жылға көшірілді (Энергетика ми-

нистрінің 30.11.2015ж. жағдай бойынша өзгерістері бар 27.02.2015ж. №160 бұйрығы) және 2016-2018жж. Кезеңіне белгіленген тарифтер 2015ж. шекті тарифтер деңгейінде сақталды. 2019-2025жж. кезеңіне электр энергиясына шекті тарифтер және электр қуатының дайындығын қолдау қызметіне шекті тарифтер бекітілді (Энергетика министрінің 30.11.2015ж. жағдай бойынша өзгерістері бар 03.07.2015ж. № 465 бұйрығы). Есептік кезеңде инвестициялық бағдарламалардың өзгертуге және станцияларды жаңғыртуға байланысты 2015 жылдың мамыр айынан бастап тарифті 2016 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізе отырып, «Мойнақ СЭС» АҚ үшін жеке тариф 9,50 теңге/кВтсағ. деңгейіне дейін ұлғайтылды (28,4%-ға дейін өсімі бар) және «Шардара СЭС» АҚ үшін 9,50 теңге деңгейінде (211%-ға дейін өсімі бар) жеке тариф бекітілді.



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУГЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТАРИФТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж. (нақты)	2015 ж. (нақты)	2016 ж. (жоспар)	2017 ж. (жоспар)
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/кВтсағ.	7,12	7,73	7,80	7,81
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	теңге/кВтсағ.	8,00	8,66	8,65	8,65
«АлЭС» АҚ	теңге/кВтсағ.	8,20	8,60	8,60	8,60
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	теңге/кВтсағ.	7,00	7,29	7,30	7,30
«Шардара СЭС» АҚ	теңге/кВтсағ.	4,30	4,50	9,50	9,50
«Мойнақ СЭС» АҚ	теңге/кВтсағ.	7,40	8,74	9,50	10,30
«ЖГРЭС» АҚ	теңге/кВтсағ.	8,50	8,70		
«Samruk-Green Energy» ЖШС	теңге/кВтсағ.	34,61	34,61	37,03	39,62
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	теңге/кВтсағ.		22,68	22,68	24,27

Жылу энергиясының өндіру үшін энергия өндіруші ұйымдар – АлЭС және Ақтөбе ЖЭО стратегиялық тауарға: газ бен оны тасымалдауға бағалардың өсуіне байланысты 2015 жылғы тарифтерді ТРШ ретінде бекітті. Заңнаманың талаптарын

орындау үшін 2016 жылы АлЭС және Ақтөбе ЖЭО үшін тарифтерге инвестициялық құрамдастарды қоса отырып, 2016-2020жж. кезеңіне арналған шекті ұзақ мерзімді тарифтер бекітіледі.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУГЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТАРИФТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж. (нақты)	2015 ж. (нақты)	2016 ж. (жоспар)	2017 ж. (жоспар)
«АлЭС» АҚ	теңге/кВтсағ.	2 638	2 806	2 814	3 472
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	теңге/кВтсағ.	946	1 167	1 907	2 754
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	теңге/кВтсағ.	705	686	677	680
«ЖГРЭС» АҚ	теңге/кВтсағ.	1 050	1 050		

Аймақтық энергия жеткізуші компаниялар (АЭК-тер үшін) үшін 2015ж. тарифтер бенчмаркинг (салыстырмалы талдау) әдістемесі бойынша

қолданылды. 2016-2020жж. ұсынылған тариф сметалары негізінде шекті ұзақ мерзімді тарифтер бекітілді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІНЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ТАРИФТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж. (нақты)	2015 ж. (нақты)	2016 ж. (жоспар)	2017 ж. (жоспар)
«АЖК» АҚ	теңге/кВтсағ.	5,00	5,21	5,35	5,62
«ШҚ АЭК» АҚ	теңге/кВтсағ.	3,17	3,26	3,76	3,82
«МЭБК» АҚ	теңге/кВтсағ.	3,18	3,57	4,11	4,32

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар үшін (ЭЖҰ) есепті кезеңде тарифтерге түзетулер енгізіліп, 2015 ж. мамырда «КЕГОК» АҚ көрсететін қызметке тарифтердің төмендеуіне

және станциялардан сатып алынатын тарифтер құрылымының өзгеруіне байланысты азайды. Белгіленген тәртіпте өтінім беріліп, 2016 жылға тариф келісілді.

ЭЖҰ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТУҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ТАРИФТЕР


Атауы	Өлшем бірлігі	2014 ж. (нақты)	2015 ж. (нақты)	2016 ж. (жоспар)	2017 ж. (жоспар)
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	теңге/кВтсағ.	14,30	15,29	16,07	17,07
«ШығысЭнергоТрейд» ЖШС	теңге/кВтсағ.	9,86	10,49	11,04	11,23



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ҚОҒАМНЫҢ 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰАТТАҒЫ ЭНЕРГИЯ БЛОКТАРЫ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТОБЫНЫҢ ҮЛЕСІ



қуаттың көп бөлігін 30 жылдан асқан энергия блоктары береді

Қоғамның Инвестициялық бағдарламасы өндірістік қуаттарды жаңғыртуға, қайта құруға және салуға, энергетикалық компания-

лардағы иелік ету үлестерін сатып алуға және ұлғайтуға, сонымен қатар сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету мен электр және

жылу энергиясына сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

2015 жылға тартылған инвестициялардың жалпы сомасы

95 995,6 млн теңгені құрайды. 2015 жылдың 12 айы үшін жоспарда 95 995,6 млн теңге болғанда күрделі салымдарды нақты игеру 89720,3 млн теңгені (немесе жоспардың 93%-ын) құрады, оның ішінде жоспарда 46 872,6 млн теңге болғанда инвестициялық жобаларды игеру бойынша сомасы 46 872,6 млн теңгені (немесе жоспардың 91%-ын) құрайды.

2015 жылы Қоғам мынадай бірқатар инвестициялық жобаларды

аяқтады:

1. 2015 жылы наурыз айында Алматы 2-ЖЭО құл-қож жоюдың аралас жүйесін қайта құру бойынша 4-ші кезең аяқталды. 2015 жылы 2 сәуірде Қабылдап алу комиссиясының актісі алынды;
2. Ерейментау қаласы ауданындағы қуаты 45 МВт жел электр станциясының құрылысы аяқталды. 2015 жылғы 14 тамызда Қабылдап алу комиссиясының актісі алынды. Қоғамның іске асырылатын инвес-

тициялық жобалары портфеліне 13 инвестициялық жоба кіреді, оларды іске асыру жұмыс істеп тұрған станциялардың белгіленген қуатын ұлғайту және жаңа қуаттар құру арқылы Қазақстанның электр энергиясы және электр қуаты тапшылығын жабуға мүмкіндік береді. Олардың 4-еуі МҮИИДБ және Индустрияландыру картасы аясында іске асырылуда. Төменде Қоғамның компаниялар тобы іске асыратын басты жобалары келтірілген.

ӨНДІРУШІ ҚУАТТАРДЫ САЛУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ БОЙЫНША ЖОБАЛАР

«БАЛҚАШ ЖЭС-ІН САЛУ»

2012 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы Мелекет басшыларының қатысуымен қуаты 1 320 МВт Балқаш ЖЭС-і бірінші модулінің құрылысы басталды (жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасына енгізілген). Жобаны іске асыру жылына 10 млрд кВтсағ. астам электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Станция құрылысын 2018 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

«ШАРДАРА СЭС-ІН ЖАҢҒЫРТУ»

Шардара СЭС-ін жаңғырту (жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасына енгізілген) станцияның өндірістігіні және пайдалану қауіпсіздігін арттыру үшін моральдық және физикалық тұрғыдан тозған жабдықтарды ауыстыруды көздейді, бұл белгіленген қуатты 126 МВт-ға дейін ұлғайтуға және қосымша 57 млн кВтсағ. энергия өндіруге мүмкіндік береді. Станцияны жаңғыртуды аяқтау 2017 жылға жоспарланып отыр.

«ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-2 СТАНЦИЯСЫН № 3 ЭНЕРГИЯ БЛОГЫН САЛУ АРҚЫЛЫ КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ»

Екібастұз ГРЭС-2 станциясын № 3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта жаңарту (жоба МҮИИДБ-ге және Индустрияландыру картасына енгізілген) станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-ға арттыру үшін іске асырылады, бұл жылына шамамен 4,8 млрд кВтсағ. қосымша электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

«ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-1 ҚУАТЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ»

Екібастұз ГРЭС-1 қуатын жаңғырту және кеңейту жобасы (жоба МҮИИДБ және Индустрияландыру картасына енгізілген) Екібастұз ГРЭС-1-дегі №8, №2 және №1 блоктарды қалпына келтіруді және сәйкесінше станция қуатын 1 500 МВт-ға ұлғайтуды көздейді. № 8 блоқты қалпына келтіру 2012 жылы аяқталды. № 2 блоқты қалпына келтіру 2014 жылы аяқталды. № 1 блоқты қалпына келтіруді аяқтау 2020 жылға жоспарланып отыр.

«ЕРЕЙМЕНТАУ ҚАЛАСЫ АУДАНЫНДА КЕЛЕШЕКТЕ 300 МВТ-ҒА ДЕЙІН КЕҢЕЙТУ МҮМКІНДІГІ БАР ҚУАТЫ 50 МВТ ЖЭС САЛУ»

Бұл жоба жаңартылатын энергия көздері саласындағы қуатты кеңейту аясында іске асырылады. Станция жылына 180 млн кВт/сағаттан астам электр энергиясын өндіреді. Бұдан бөлек, станцияны салу жылу-энергетикалық ресурстардың жалпы шығысын ескеретін өндіруші қуаттардың оңтайлы құрылымын қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерді мейлінше төмендетуге, сонымен қатар парниктік газдардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді. Құрылыс 2018 жылы аяқталады деп күтілуде.

«КЕҢСУ ӨЗЕНІНІҢ АҒЫСЫН МОЙНАҚ СЭС БЕСТӨБЕ СУ ҚОЙМАСЫНА БҰРУ»

Кеңсу өзені ағысының бір бөлігін Бестөбе су қоймасына бұру Мойнақ СЭС-те электр энергиясын өндіруді арттыру үшін қажет. Су-энергетикалық есептеулерге сәйкес, судың ағысын бұрған кезде Мойнақ СЭС-те электр

энергиясын өндіру орта есеппен 102 млн кВтсағ. ұлғаяды. Жобаны іске қосу 2020 жылға жоспарланып отыр.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАЛАРЫ

«ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-1-ДЕГІ 500 КВ АТҚ- НЫ ЖАҢҒЫРТУ»

Жоба тұтынушыларды энергиямен жабдықтаудың сапасын қамтамасыз етуге және оның сенімділігін арттыруға бағытталған. Жобаны іске асыру әсері – 500 кВ АТҚ жабдықтарының істен шығу салдарынан болуы мүмкін жүйелік апаттарды болдырмау және Қазақстан мен Ресей тұтынушыларына электр энергиясын сенімді босату және мен жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Жобаны аяқтау мерзімі – 2016 жыл.

«ТҮРКСІБ» 110/10 КВ ҚС САЛУ»

Алматы қаласының солтүстік бөлігіндегі күннен-күнге өсіп келе жатқан жүктемені электр энергиясымен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз ету үшін трансформаторлық қуаты 80 МВА «Түрксіб» 110/10 кВ қосалқы станциясын салу жобасы іске асырылуда. Жобаны 2017 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

«ҚАРАСАЙ АУДАНЫНДА ІРГЕЛЕС ОР- НАЛАСҚАН 35/10КВ ҚС ЖҮКТЕМELERIN АУЫСТЫРА ОТЫРЫП, «ШАМАЛҒАН» (ҮШҚОҢЫР) 110/10КВ ҚС МЕН «ША- МАЛҒАН СТАНЦИЯСЫ» 110/10КВ ҚС САЛУ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРIN ДАМУ»

Алматы облысының Қарасай және Жамбыл аудандарының тұрғындарын электр энергиясымен үздіксіз, сенімді әрі тұрақты қамтамасыз ету. Алматы

облысының Қарасай және Жамбыл аудандарының 110/35 кВ электр жүйелерінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету. Жылына электр энергиясына техникалық шығындарды 409,97 мың кВтсағ. азайту. Жобаны пайдалануға беру 2018 жылға жоспарланып отыр.

«АЛМАТЫ ЖЭО-2-НІ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ. III КЕЗЕК. № 8 СТ. ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТЫ»

Жоба жылына қосымша 450 млн кВтсағ. энергия өндіре отырып, жылу жүктемесінің күтілетін өсімін жабуға және «Универсиада-2017» объектілерін, индустриалдық аймақ пен «Қол жетімді баспана - 2020» бағдарламасы бойынша тұрғынжай құрылысын жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаның аяқталу мерзімі – 2016 жыл.

«АҚТӨБЕ ЖЭО-НЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ»

Жоба қолданыстағы жабдықтардың ресурс өндіруіне байланысты № 3 станцияның турбиналық агрегатын ауыстыруды көздейді. Жобаны іске асыру станцияның белгіленген қуатын 88 МВт-дан 117 МВт-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2015 жылы 29 желтоқсанда «Ақтөбе ЖЭО-ны қайта құру және жаңғырту» жобасы бойынша № 3 станцияның турбиналық агрегат техникалық іске қосылды. Қабылдау комиссиясының актісін алу 2016 жылдың 2-тоқсанына жоспарланып отыр.

КӨМІР ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОБАСЫ

«БОГАТЫРЬ» КЕСІГІНДЕ КӨМІРДІ ӨН- ДІРУ, ТАСЫМАЛДАУ, ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ТИЕУ БОЙЫНША АҒЫНДЫ ЦИКЛДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯҒА КӨШУ

Жоба теміржол көлігінде қолдану үшін тау жынысының терең қабатына жетіп, әрі қарай көмірді тиеу кешендерінде тұрақтандыра отырып, жердің бетіне конвейермен жеткізудің ағынды технологиясына бірте-бірте көшуді көздейді. Жобаны іске асыру:

- Богатырь кесігінде көмір өндіру көлемін жылына 42 млн тоннадан 49 млн тоннаға ұлғайтуға;
- еңбек өнімділігін 25 %-ға арттыруға;
- көмірді тиейтін, ұсақтайтын және тасымалдайтын тозығы жеткен негізгі құралдарды ауыстыруға мүмкіндік береді.

Жобаны аяқтау 2021 жылға жоспарланып отыр. 2014 жылы желтоқсанда «Богатырь Көмір» ЖШС мен Thyssen Krupp компаниясы арасында инжиниринг, жабдықтарды жеткізу, шеф-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары бойынша келісімшарт жасалды.

ТИІМДІЛІГІ ТӨМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2013 жылғы 27 қарашадағы № 01-7.16 хаттамалық тапсырмасына, «Самұрық-Қазына» АҚ 2013 жылғы 28 қарашадағы № 21-ө хаттамасына сәйкес Қоғамға Астана қ. Әкімдігімен бірлесіп Астана қаласында 240 орындық балабақша салу тапсырылды. Құрылысты 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ АРАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қоғамның жаңа активтерді құруға, техникалық қайта жарақтан-дыруға, өндіріс пен ағымдағы активтердің деңгейіне қолдау көрсету, табиғатты қорғау жөніндегі іс-шараларға бағытталған инвестициялық саясатына сәйкес, 2009-2015 жылдар кезеңіндегі қаржыландыру көлемі шамамен 500 млрд теңгені құрайды, соның ішінде 2009-2014 жылдар кезеңі үшін – 413,5 млрд теңгені құрады. Жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңарту және қайта құру бойынша маңызды нәтижелер қазірдің өзінде бар:

- белгіленген және қолданымдағы қуат арасындағы айырма Екібастұз ГРЭС-1 № 2 блогын есепке алмағанда (соның ішінде Екібастұз ГРЭС-1 704 МВт-ға, Екібастұз ГРЭС-2 104,6 МВт-ға, ЖГРЭС 38,3 МВт-ға, АлЭС 288 МВт-ға, Шардара ГЭС 5 МВт-ға, Ақтөбе ЖЭО 11 МВт-ға) 1 151 МВт-ға азайған (2 647 МВт-дан 1 496 МВт-ға дейін азайған);
- жеке қажеттіліктерге жұмсалатын электр энергиясының шығысы 0,73 %-ға азайды (жеке мұқтаж-дықтарға тұтыну 7,93 %-дан 7,2 % дейін азайды);
- белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті 8,2 %-ға ұлғайды (32,3 %-дан 40,5 %-ға дейін ұлғайды);
- күл аулау коэффициентін ұлғайту қоршаған ортаға зиянды заттар шығарындыларының көлемін жылына 140 мың тоннаға азайтты (шығарындылар көлемі 237,3 мың тоннадан 147,3 мың тоннаға дейін азайды);
- еңбек өнімділігі 2,1 млн теңге/адамға ұлғайды (6,7-ден 8,8 млн теңге/адамға дейін өсті).

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Қоғам қаржы ресурстарын тарту үшін кредиттер мен облигациялар сияқты құралдарды кеңінен қолданады, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен ақша қаражатын тартады. Мұның үстіне, Қоғам ішкі қаржыландыру көздерімен бірге Еуропа Қайта құру және Даму Банкі, Еуразия Даму Банкі және т.б. сияқты сыртқы көздерді де пайдаланады.


2012 жылы 24 тамызда «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасын қаржыландыру мақсатында Еуропа қайта құру және даму банкі мен «Шардара СЭС» АҚ арасында Кредиттік келісім жасалды. Осы келісім аясында 2015 жылғы 02 желтоқсанда Банктің кредиттік қаражатына рұқсат беріліп, қаражатты кредиттік желі бойынша алғашқы игеру жүргізілді.

2013 жылы 29 сәуірде Еуразия даму банкі және «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС арасында 14 167 млн теңге сомасына «Ерейментау алаңында қуаты 45 МВт жел электр станциясын салу» жобасын қаржыландыру бойынша Кредиттік шарт жасалды, 2015 жылы ішінде 2 686 млн теңге игерілді.

2014 жылы 27 қарашада «Ereymantau Wind Power» ЖШС, ЕҚДБ және Қор арасында «Келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейту мүмкіндігімен Ерейментау қ. ауданында

қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасын қаржыландыру бойынша таза технологиялар үш жақты кредиттік келісімге қол қойылды.

2015 жылы 04 қыркүйекте ҚР Президентінің ҚХР-ға сапары аясында ҚМДБ және ҚДБ арасында «Келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейту мүмкіндігімен Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасын қаржыландыру туралы келісімге қол қойылды.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

ҚР Үкіметінің энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізіп жатқан жұмыстары шеңберінде Қоғам 2014 жылы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасын әзірледі.

Бұл Бағдарламаның мақсаты инновациялық технологияларды қолдану негізінде жылу-энергетикалық ресурстарды ұтымды және экономикалық тұрғыдан мақсатты пайдалану бойынша мынадай:

- электр және жылу энергиясын өндіру, тарату кезіндегі, сонымен қатар энергия ресурстарын тұтыну кезіндегі шығындарды озық әлемдік компаниялардың деңгейіне дейін азайту;
- тұтынушылардың энергия үнемдеу сенімділігін арттыру;
- электр станцияларындағы қуат айырмашылықтарын жою;
- электр станцияларында жылуды пайдалану тиімділігін арттыру шараларын әзірлеу болып табылады.

2012 жылы қабылданған «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындау мақсатында мамандандырылған аккредиттелген ұйымдарды тарта отырып, Қоғамның Мемлекеттік энергетика тізілімінің субъектілері болып табылатын барлық еншілес компанияларында 2016

жылға дейін энергия аудитін жүргізу жоспарланды.

ЖЭК САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Жалпы жаңартылатын энергия көздерінің әлеуетін тиімді іске асыру үшін мынадай шаралар қажет:

- ЖЭК-ті қолдау туралы заңнамаларды жетілдіру;
- ЖЭК-ке қажеттілікті анықтау міндеттелетін құзыретті органды құру;
- Қазақстан Интеллектуалдық Энергетикалық Жүйесін құру (бұдан әрі – «ҚИЭЖ»).

Тиімділігі жоғары және технологиялық интеллектуалдық энергия жүйесін құру халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, қолда бар басымдықтардан пайда табуға және барлық жаһандық сын-қатерлерге қарсы әрекет етуге мүмкіндік береді:

- энергетикалық қауіпсіздік және резервте сақтау;
- транзиттік және экспорттық әлеуетті пайдалану;
- ЖЭК әлеуетін пайдалану (Жел электр станциялары, күн электр станциялары, шағын су электр станциялары және басқалары);
- Қазақстан Республикасының аумағын толық қамту – отын-энергетикалық ресурстардың

(бұдан әрі – ОЭР) және өндіруші көздердің өнеркәсіптен және халықтан қашық болу мәселесін шешу;

- қолданымдағы ОЭР қорларын ескере отырып, энергетика құрылымын оңтайландыру;
- энергия экологиялылығы, энергия тиімдігі, энергия үнемдеу;
- инновациялық және ғылыми даму;
- Қазақстан экономикасының қосылған құнын жоғарылату;
- мемлекеттің энергетикадағы рөлін күшейту.

ҚИЭЖ құру Халықаралық Энергетикалық Кеңес (бұдан әрі – «WEC») бастамашылық жасаған Еуропа, Ресей және Қытай SuperGrid жаһандық жүйесіне бірігуге мүмкіндік береді.

Әлемде отынға бағаның тұрақты өсіп келе жатқанын, экологияға жүктемені азайту бойынша іс-шараларды іске асыру қажеттілігін ескере отырып, ЖЭК-тен алынатын электр энергиясының құнын азайту және сонымен бір мезгілде дәстүрлі көздерден алынатын электр энергиясының құнын көтеру үрдісі байқалып отыр.

Орта мерзімді жоспарларда «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы жасыл энергетика саласындағы мынадай жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр:

- Шелек дәлізінде келешекте

300 МВт-ға дейін ұлғайту арқылы қуаты 60 МВт ЖЭС салу, пайдалану барысындағы жұмыспен қамту – 14 адам, электр энергиясын өндіру көлемі – жылына 226 млн кВтсағ. дейін;

- Шелекөңірінің энергетикалық әлеуетін дамыту және Кеңсу өзенінің арнасын Бестөбе су қоймасына бұру, 1 кезең – шағын СЭС салу және Кеңсу өзенінің арнасын бұру. Жылына 220,3 млн кВтсағ. электр энергиясын өндіретін шағын СЭС (СЭС-1, 2, 19, 29) жалпы белгіленген қуаты – 60 МВт. Құрылыс кезіндегі жұмыспен қамту – 970 адам; пайдалану кезеңінде – 71 адам. Кеңсу өзенінің арнасын бұру Мойнақ СЭС-те электр энергиясын өндіруді жылына 100 млн кВт/сағатқа арттырады.



КӨМІР ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Компания өзінің алдына электр энергиясын өндіру, түтінді газдарды тазартудың заманауи әдістері, көмірқышқыл газын тұту және сақтау технологиясы барысында тиімді әрі экологиялық таза технологияларды енгізу бойынша міндеттер қойып отыр.

Көмір өндіру

Көмір өндіруді дамыту аясында энергия қондырғысының НҚК-сін арттыруға, отын шығыны мен парниктік газдардың (көмірқышқыл газының) және зиянды заттардың (күл, азот қышқылы және күкірт) меншікті шығарындыларын азайтуға мүмкіндік беретін төмендегі «таза көмір технологияларын» қолдану көзделді:

1. Бу айдау циклындағы жоғары бу параметрлері;
2. Күл тұту және азот пен күкірт тотығы шығарындыларының деңгейін азайту бойынша заманауи әдістерді енгізу;
3. Күл-қож қалдықтарын кәдеге асыру – құрылыс және жол индустриясында пайдалану.

Осы секторда Қоғам төмендегі жобаларды іске асырады және іске асыруды жоспарлайды:

- Қуаты 636 МВт, бу параметрлері жоғары: турбина алдындағы температурасы 566 оС және қысымы 24 МПа Екібастұз ГРЭС-2 станциясының 3- энергия блогын салу. Құрылысты аяқтау мерзімін 2017 жылдан 2024 жылға ауыстыру жоспарланып отыр.

- Қуаты 1320 МВт, бу параметрлері жоғары және жең сүзгісі арқылы шаң мен күкірттен тазалайтын құрғақ біріктірілген жүйесі бар Балқаш ЖЭС-ін салу. Іске асыру мерзімі – 2010-2018 жылдар.
- Mitsubishi Hitachi Power Systems Environmental Solutions жапон компаниясының МЕЕР технологиясын енгізу (Moving Electrode Electrostatic Precipitator – қозғалмалы электродтары бар электр сүзгілері). 2015 жылы технологияны әзірлеуші МЕЕР технологиясын Екібастұз ГРЭС-1-де енгізу мүмкіндігін зерттеуге кірісті зерттеу мерзімі – 2014-2016 жж.). Зерттеу нәтижелері бойынша МЕЕР қосымша секциясын қосу арқылы энергия блоктарының бірінен электр сүзгілерді қайта жаңарту туралы мәселе қаралатын болады.
- Екібастұз ГРЭС-1 станциясындағы күл-қож қалдықтарын кәдеге жарату. 2015 «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мердігерлерімен Астана-Павлодар учаскесінде автожол құрылысына пайдалану үшін ЕГРЭС-1 күл-қож қалдықтарын босату бойынша шарт жасалды. 2015 жылдың қорытындысы бойынша 35 мың тонна күл-қож қалдығы шығарылды.

ГАЗ ӨНДІРУ

Газ өндіруде НҚК деңгейінің жоғары және көмірқышқыл газы мен зиянды заттар шығарындыларының деңгейі төмен болып келетін бу-газ циклын қолдану көзделді.

Мына жобаны іске асыру жоспарланып отыр:

- Придорожное газ кен орны базасында газ-турбиналық электр станциясын (ГТЭС) салу. Жоба Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қосымша энергиямен қамтамасыз ету үшін салу жоспарланған қуаты 175,6 МВт ГТЭС-ті отынмен қамтамасыз ету мақсатында газ кен орнын әзірлеуді, кейіннен онда газ өндіруді көздейді. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019 жылдар.
- электр желілік компанияларда электр энергиясын коммерциялық есепке алатын автоматтандырылған жүйені кезең-кезеңмен енгізу (ЭРБЕАЖ) жалғасуда;
- сенімділігі жоғары, өткізгіштік қабілеті зор, жоғалтымы аз, қауіпсіз және пайдалану шығындары аз болуымен ерекшеленетін, полиэтиленнен тігілген оқшаулағышы бар 35-110-220 кВ кабельдік желілер пайдаланылды;
- коммерциялық жоғалтымдары мен пайдалану шығындарын азайту мақсатында 0,4 кВ ӘЖ-дегі жалаңаш сымды өз салмағын ұстап тұратын оқшауланған сымға (ӨОС) ауыстыру;
- өрт қауіпсіздігін арттыру және пайдалану шығындарын азайту мақсатында 6-10 кВ май ажыратқыштарын вакуум ажыратқыштарға ауыстыру;
- өткізгіштік қабілетін ұлғайту үшін 110 кВ ӘЖ-де композиттік сымды қолдану;
- энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда тұтынушылармен есеп айырысу бойынша міндеттерді автоматтандыру үшін биллингтік жүйелер енгізіледі;
- реактивтік қуат және кернеу деңгейлері бойынша желі жұмысы-

ның режимін оңтайландыру мүмкіндіктерін бағалау мақсатында реактивтік қуатты өтейтін техникалық құралдарды енгізу бойынша ТЭН әзірлеу. .

Жиынтығында барлық осы шаралар жаңа буынның біріктірілген интеллектуалдық жүйе құраушы және таратушы электр желілерін (SmartGrid) кезең-кезеңмен енгізуге, электр желілерін динамикалық басқаруға, қауіпсіздікті арттыруға және шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ САТУ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Инновациялық жобаларды іске асыру мақсатында электр желілерінде мынадай ең заманауи жабдықтар қолданылады:

- жарылыстар мен өрттің алдын алуға арналған жабдықтармен жарақталған электр энергиясын аз жұмсайтын жаңа буындағы қуаттық трансформаторлар;
- өрт туындау қаупі мен пайдалану шығындарын азайтатын, орналасқан алаңын айтарлықтай төмендететін ЭКТҚ 110-220 кВ (элегазды оқшаулағышы бар комплектілі тарату құрылғылары);



07

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару жүйесі Қоғам қызметін басқару мен оған бақылау жасауды қамтамасыз ететін үдерістер жиынтығын, сондай-ақ атқарушы органның, Директорлар кеңесінің, жалғыз акционер мен мүдделі тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін білдіреді.

Органдардың құзыреті мен шешімдер қабылдау тәртібі Жарғыда белгіленіп, бекітілген. 2013 жылы 16 ақпанда Жалғыз акционер бекіткен Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

1. Жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы.
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі.
3. Атқарушы орган – Басқарма.
4. Ішкі аудит қызметі.

«САМҰРЫҚ – ЭНЕРГО» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2012 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1103 қаулысымен Қоғамның «ҚазТрансГаз» АҚ-ға тиесілі акциясы акциялары «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға берілді. Осылайша, қазіргі кезде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

Қор акционердің функцияларын іске асыру, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы Жарғы мен

Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысады. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы Қор өкілдері арқылы Қоғамның Директорлар кеңесіне жеткізіледі. Жалғыз акционер жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасына алдағы қаржылық жылға акционердің үміттерін жолдайды.

WWW.SK.KZ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғамға стратегиялық басшылық жасауды қамтамасыз етеді және Қоғамның атқарушы органының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесі акционердің алдында Самұрық-Энергоның бүкіл компа-

ниялар тобын тиімді басқаруға, ұзақ мерзімді құнының өсуіне, орнықты дамуына және жұмыс істеуіне жауап береді, топты басқарумен байланысты шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесі өз функцияларын Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес атқарады.

Қоғамның Директорлар кеңесі төрт директордан тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



**БЕКТЕМІРОВ ҚУАНЫШ
ӘБДІҒАЛИҰЛЫ**

*«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор,
«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.*

Бірінші сайланған уақыты: 31.01.2012 («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 08/12 хаттамасы).

Директорлар кеңесінің төрағасы болып 2015 жылы 15 маусымда қайта сайланды («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2015ж. 15.06. № 26/15 хаттамасы).

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген, физик.
- 2004 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін бітірді, инженер-электрик.
- 2009-2010 жылдары – «Қазгидромет» РМК бас директорының орынбасары, бірінші орынбасары.
- 2011-2012 жылдары – «Астанаэнергоконтракт» Бас директоры.
- 2012 жылғы қаңтардан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2014 жылдан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Активтерді басқару жөніндегі бас директоры.
- 2003 жылы Талдықорған қаласының мәслихат депутаты болып сайланған, «ҚР электр энергетикасы саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің грамотасымен, «Қазақстан Республикасының құрметті энергетигі» төсбелгісімен, «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**СПИЦЫН АНАТОЛИЙ
ТИХОНОВИЧ**

Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясы (РЖФА) Президиумының толық мүшесі, КСРО және РФ Архитекторлар одағының мүшесі, Халықаралық инвестициялар академиясының бірінші вице-президенті, ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерін стратегиялық зерттеу институтының директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі.

Бірінші сайланған уақыты: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 08.05.2012ж. шешімімен (№21/12 хаттама) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып сайланды.

Тәуелсіз директор ретінде 2015 жылы 15 маусымда қайта сайланды («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2015ж. 15.06. № 26/15 хаттамасы).

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1962 жылы Одесса инженерлік-құрылыс институтын құрылысшы инженер мамандығы бойынша бітірген.
- 1972 жылы – Қоғамдық ғылымдар академиясының аспиранты.
- 2009 жылы Вашингтон университетінде арнайы курстан өтті (АҚШ).
- Қазіргі кезде РФ Президентінің жанындағы Ресей мемлекеттік қызмет және халық шаруашылығы академиясының қоғамдық сектордың экономика және қаржы профессоры, Еуразия Экономикалық Бірлестігі Интеграциялық мәселелерін стратегиялық зерттеу институтының директоры.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**ЛУКА
СУТЕРА**

Global Power & Water Division тобының вице-президенті және қаржы директоры (CFO). Nebras Power (Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы) Басқарма мүшесі, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

Бірінші сайланған уақыты: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 08.05.2012ж. шешімімен (№21/12 хаттама) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып сайланды.

Тәуелсіз директор ретінде 2015 жылы 15 маусымда қайта сайланды («Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 2015ж. 15.06. № 26/15 хаттамасы).

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1996 жылы – Милан қаласындағы «Л.Боккони» университетін бітірген, іскери әкімгерлік саласындағы шебер дәрежесін алған, мамандығы – қаржыгер.
- 2012 жылы Мадрид қаласындағы IE Бизнес-мектебінде Executive MBA (стратегиялық басқарма) халықаралық бағдарламасын тәмамдады.
- 2011 жылғы сәуірден – Сутера мырза Ресей Тәуелсіз директорлар қауымдастығының мүшесі.
- 2014 жылғы сәуірден Британ директорлар институтының (IOD) мүшесі болып табылады.
- Лука Сутера халықаралық бухгалтерлік біліктілігін (CPA UK) ие.
- Лука Сутера (Dir. IOD) Британ директорлар институтының директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған халықаралық дипломын алған.
- Лука Сутераның энергетика секторында 17 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.



**СӘТҚАЛИЕВ АЛМАСАДАМ
МАЙДАНҰЛЫ**

Қоғамның Басқарма төрағасы, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Бірінші сайланған уақыты: 04.07.2007ж. («Самұрық» холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының 2007 жылғы 4 шілдедегі №79-ө бұйрығы). «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 15.06.2011ж. шешімімен (№26/11 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі және Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2015 жылы 15 маусымда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1992 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген, механик, қолданбалы-математик.
- 2002 жылы экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.
- 2013 жылы – РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының Мемлекеттік қызмет және басқару халықаралық институтын бітірді, эко-

номика магистрі

- В 2015 жылы Назарбаев Университет Жоғары бизнес мектебі Executive MBA бағдарламасын (Duke University's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама) бітірді
- 2015 жылы экономика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.
- Қазақстан Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (2015ж.)
- 2009 жылғы желтоқсаннан – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.
- 2011 жылғы маусымнан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2012 жылғы қаңтардан – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы.

Өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларын иеленбейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қазіргі кезде Қоғамда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және оларға сыйақы беру қағидасы бекітілді. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау үміткерлердің біліктілігі, дағдылары, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесі ескеріле отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде жүргізіледі. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Директорлар кеңесінің төрағасы жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу үдерісін Қор Директорлар кеңесінің төрағасымен және Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасымен бірлесіп іздейді.

Үкімет мүшелерінің, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуына жол берілмейді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйым мен акционер мүдделері үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибенің және білімінің, сондай-ақ Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету теңгерімі сақталуы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына мінсіз іскерлік және жеке беделге ие тұлғалар кіруі тиіс.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Директорлар кеңесінің құрамына мыналар кірді:

- Экономика, қаржы және аудит саласындағы сарапшы –Global Power & Water Division тобының вице-президенті және қаржы директоры, Nebras Power (Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы) Басқарма мүшесі Лука Сутера;
- Корпоративтік әлеуметтік жауап-

кершілік саласындағы сарапшы – Басқарма төрағасы Алмасадам Майданұлы Сәтқалиев.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес, тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігінен кем болмауы тиіс.

Тәуелсіздік критерийлері Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Қоғамның Жарғысында және Директорлар кеңесі туралы ережесінде белгіленген, соларға сәйкес:

Тәуелсіз директор Қоғамның Директорлар кеңесінің:

1. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде Қоғам қызметкері немесе Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмаған;
2. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл бойында Қоғам қызметкер-

- лерімен жақын туыстығы (ата-анасы, ағасы, қарындасы, ұлы, қызы) болмауы, некеге тұрмаған, сондай-ақ жекжаттығы (әйелінің ата-анасы, ағасы, қарындасы, ұлы, қызы) болмаған;
3. Қоғамнан немесе Қоғамның үлестес тұлғаларынан қаржыландыру алып тұратын коммерциялық емес ұйымның үлестес тұлғасы болып табылмаған;
 4. Қоғамға және Қоғамның үлестес тұлғаларына ешқандай ақылы негіздегі қызмет көрсетпеген;
 5. Қоғамның қызметкері Директорлар кеңесінің мүшесі болып келетін заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмаған;
 6. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл бойында Қоғамның үлестес

- тұлғасы немесе Қоғамның аудитін өткізетін не өткізген ұйымның қызметкері, болмаса аталған ұйымның үлестес тұлғаларының қызметкері болып табылмаған;
7. Қоғам қабылдайтын шешімдерді белгілеуге немесе сол шешімдерді белгілеуге мүмкіндігі бар тұлғаның жақын туысы, мұрагері, құқық мирасқоры, өкілі болып табылмаған;
 8. Қоғам акционерінің үлестес тұлғасы болып табылмаған;
 9. Шетел мемлекетінің заң шығарушы, атқару, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазымды орынға тағайындалатын немесе сайланатын тұлға, сондай-ақ шетел мемлекеті үшін қандай да бір жария функцияны атқарушы болып табылмаған;

10.7 жылдан көп мерзімге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болмаған;

11. Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен басқа да критерийлерге сәйкес келген мүшесі болып табылады.

Қоғамның тәуелсіз директорлары есептік кезеңдегі тәуелсіздік критерийлеріне толығымен сәйкес келді.

	2015	2014	2013	2012
Директорлар Кеңесі отырыстарының саны				
Отырыстар саны	8	11	13	13
Тікелей	8	9	11	8
Сырттай	0	2	2	5
Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы				
Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы	100%	100%	100%	100%
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	100%	100%	100%	100%
Лука Сутера	100%	100%	92%	92%
Спицын Анатолий Тихонович	100%	100%	92%	100%

2015 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі тікелей нысанда 8 отырыс өткізді. Отырыстар аясында 141 мәселе қаралды.

Атап айтқанда, мынадай мәселелер қаралды:

1. Қоғамның 2015-2019 жылдарға арналған даму жоспарын түзетулерді ескере отырып бекіту туралы;
2. Қоғамның басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру қағидасын жаңа редакцияда бекіту туралы.
3. «Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ның 50% мөлшерінде акциялар топтамасын сату туралы.
4. Қоғам Басқармасы мүшелерінің өкілеттік мерзімін белгілеу және оның мүшелерін сайлау туралы.
5. Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтыраларды алдын ала келісу туралы.
6. Қоғамның 2014 жылғы әлеуметтік жауапкершілік жоспарының орындалуын бағалау нәтижелері.
7. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген тізілімге сәйкес Қоғам Басқармасы мүшелерінің және өзге қызметкерлердің 2015-2020 жылдарға арналған Сабақтастық бағдарламасын бекіту туралы.
8. Қоғамның Трансформациялау бағдарламасын іске асырудың Жол картасын бекіту туралы.
9. Қоғамның 2015-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру жөніндегі жұмыстарының барысы жөніндегі есепті қарау туралы.
10. Қоғамның «Ақтөбе ЖЭО» АҚ-ның 100% акциясын сатып алуы туралы.
11. Қоғамның ашықтығы және ақпаратты ашу үдерістерінің тиімділігі. 2015 жылғы бедел аудиті жөніндегі есеп.
12. Қоғамның өзін-өзі бағалау нәтижелерінің жаңа Корпоративтік басқару кодексінің ережелерінің ағымдағы тәжірибесіне сәйкестігіне шолу (GAP-талдау).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері мен Басқарма төрағасы сыйақы алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндетін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы алады, сондай-ақ комитет мүшесі ретінде Қоғамның

Директорлар кеңесі комитетінің әрбір тікелей отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Ауырып қалуына, еңбек демалысында, іссапарда болуына байланысты тікелей отырыстарға қатыспаған жағдайларын есептемегенде, тәуелсіз директор Қоғамның Директорлар кеңесінің есептік кезеңінде өткізілген тікелей және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда оған сыйақы төленбейді.

Тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерлерде өтетін Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына байланысты (жол жүру, қонақүйде тұру, тәуліктік) шығындары өтеледі.

КОМИТЕТТЕРДІҢ ТІКЕЛЕЙ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСҚАНЫ ҮШІН САЛЫҚТАРДЫ ҚОСА ЕСЕПТЕГЕНДЕГІ ЖЫЛДЫҚ ТІРКЕЛГЕН СЫЙАҚЫНЫ

	Жылдық тіркелген сыйақы	Тікелей отырыстарға қатысқаны үшін сыйақы	Барлығы
Лука Сутера	9 959 164 тг.	9 292 276 тг.	19 251 440 тг.
Спицын Анатолий Тихонович	9 959 164 тг.	9 292 276 тг.	19 251 440 тг.

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН
ҚОСА АТҚАРУ**

Жарғыға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес, өкілеттіктерді шектеу және мүдделер тартысын болдырмау мақсатында Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Басқарма Төрағасының лауазымдары қоса атқарылмайды.

2015 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ

Директорлар кеңесінің төрағасы Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы, Басқарма төрағасы – Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы болды.

Директорлар Кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің қызметіне қолдау көрсету мақсатында Қоғамда міндеттеріне мәселелерді талқылау және өзінің функционалдық міндеттері аясында белгілі бір мәселелер бойынша ұсыным әзірлеу жататын

мынадай комитеттер құрылды:

- Аудит комитеті.
- Тағайындаулар және сыйақы комитеті;
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер туралы ережелерге сәйкес, әрбір комитет Директорлар кеңесіне жыл сайын атқарылған жұмыстары туралы есеп береді.

КОМИТЕТТЕР БОЙЫНША ОТЫРЫСТАРДА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ

	2015	2014	2013	2012
<i>Аудит комитеті</i>	45	47	31	38
<i>Тағайындаулар және сыйақы комитеті</i>	28	32	28	29
<i>Стратегиялық жоспарлау комитеті</i>	15	15	8	10

АУДИТ КОМИТЕТІ

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады, ол ішкі және сыртқы аудит мәселелері, ішкі бақылау жүйесі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі мәселелері бойынша ұсынымдарды дайындау және оларға талдау жасау үшін құрылған.

**2015 ЖЫЛЫ АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНДА
ҚАРАСТЫРЫЛҒАН НЕГІЗГІ
МӘСЕЛЕЛЕР:**

1. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау туралы.

2. «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау және оларға лауазымдық жалақы белгілеу туралы.
3. «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын және бюджетін алдын ала мақұлдау туралы.
4. Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметінің есебі және оның тоқсандар мен жыл бойынша қызметінің тиімділігін бағалау.
5. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған Тәуекелдер тізілімін, әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтай отырып, шоғырландырылған Тәуекелдер картасын, Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын, Негізгі тәуекелдер

көрсеткіштерінің паспорттарын алдын ала мақұлдау туралы.

6. «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы аудиторының тәуелсіздігін және объективтілігін бағалау.

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
АУДИТ КОМИТЕТІ МЫНА
ҚҰРАМДА ҚҰРЫЛҒАН:**

- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің төрағасы;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Аудит комитетінің мүшесі, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі.

АУДИТ КОМИТЕТІ ӨТКІЗГЕН ОТЫРЫСТАРДЫҢ САНЫ

	2015	2014	2013	2012
Отырыстар саны	10	10	10	10
Тікелей	10	10	10	8
Сырттай	0	0	0	2
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%	100%

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІ

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің және корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу және оларға сыйақы беру мөлшері мен шарттарын белгілеу, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне және корпоративтік хатшыға біліктілік талаптары бойынша ұсынымдар беру үшін құрылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІ МЫНА ҚҰРАМДА ҚҰРЫЛҒАН:

- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі.
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІ ӨТКІЗГЕН ОТЫРЫСТАРДЫҢ САНЫ

	2015	2014	2013	2012
Отырыстар саны	9	9	10	6
Тікелей	9	9	10	6
Сырттай	0	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%	100%

ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ
СЫЙАҚЫ КОМИТЕТІНІҢ
ОТЫРЫСТАРЫНДА
ҚАРАСТЫРЫЛҒАН НЕГІЗГІ
МӘСЕЛЕЛЕР:

1. «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы Басқармасының сандық құрамын белгілеу, «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының Басқарма мүшесін сайлау, оның өкілетілік мерзімі мен лауазымдық жалақысын белгілеу туралы;
2. Жалғыз акционерге «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы бойынша ұсынымдар беру туралы.
3. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің, «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақы

- сызбасын бекіту мәселелері бойынша ұсынымдар беру туралы.
4. «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелеріне және «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының атқарушы органдарының басшыларына қойылатын критерийлерді белгілеу туралы.
 5. «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және оларға сыйақы беру қағидасын бекіту туралы» мәселе бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру туралы.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ
КОМИТЕТІ

Стратегиялық жоспарлау комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып

табылады және Қоғам қызметінің стратегиялық мәселелері бойынша ұсыныдар беру үшін құрылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ
КОМИТЕТІ МЫНА ҚҰРАМДА
ҚҰРЫЛҒАН:

- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі.
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ ӨТКІЗГЕН ОТЫРЫСТАРДЫҢ САНЫ

	2015	2014	2013	2012
Отырыстар саны	9	8	6	2
Тікелей	9	8	6	2
Сырттай	0	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%	100%

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ
КОМИТЕТІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНДА
ҚАРАСТЫРЫЛҒАН НЕГІЗГІ
МӘСЕЛЕЛЕР:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бизнесті трансформациялау жағдайында сыртқы, ішкі ортаға және стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға

- стратегиялық талдау жасауды әзірлеу бойынша сатып алынатын қызметтердің техникалық айырықшалауларын мақұлдау.
2. 2014 жылғы қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2012-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары-

- ның орындалуы туралы есепті мақұлдау.
3. «Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді даму стратегиясына «Самұрық-Энерго» ҰӘҚ» АҚ-ның түсіндірмелері ескеріле отырып, пысықталған қаржылық модель назарға алынды.
 4. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015-

2025 жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру жөніндегі жұмыс барысы туралы есеп назарға алынды.

5. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015-2025 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясы және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015-2025 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясын іске асыру бойынша Жол картасы алдын ала мақұлданды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

2016 жылы халықаралық корпоративтік басқарудың озық әлемдік тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің қызметіне кезекті тәуелсіз бағалау жүргізілді. Бағалау тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізілді, бұл корпоративтік басқарудың тиімділігін және ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі үздік талаптарға сәйкес келеді. «ARG Group Ltd» ЖШС компаниясы тәуелсіз консультант ретінде таңдалды, ол Қазақстандағы ұлттық холдингтер және бизнес-секторы үшін стратегиялық консалтинг және корпоративтік басқару саласындағы жетекші компанияларының бірі болып табылады. 2013 жылдан бергі кезең үшін «ARG Group Ltd» ЖШС Қоғамға менеджмент жүйелері саласында және корпоративтік менеджмент жүйесінің байқаушы аудитін жүргізу бойынша консалтингтік қызмет көрсетті, сондай-ақ Қорда бизнес-үдерістерді жетілдіру мақсатындағы өзгерістерді қолдау бойынша жоба іске асырылды.

Бағалау Директорлар кеңесінің қызметін бағалаудың бекітілген әдістемесі негізінде, сондай-ақ Қоғамның Корпоративтік басқару

кодексінің талаптары мен корпоративтік басқарудың озық әлемдік тәжірибелерін, атап айтқанда ЭЫДҰ-ның корпоративтік басқарудың қағидаттарын және Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін ескере отырып жүргізілді. Бағалау Директорлар кеңесінің 2015 жылғы қызметінің талдауын, 2012 жылдан 2014 жылғы кезеңдегі бағалау нәтижелерінің тарихи талдауын, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне арналған сауалнаманы, тәуелсіз консультанттың Директорлар кеңесінің Төрағасымен, Директорлар кеңесінің мүшелерімен, Басқарма Төрағасымен және корпоративтік хатшымен жүргізген сұхбатты қамтиды.

Тәуелсіз бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі жұмысының сапасы барынша артқанын және тиімді болғанын көрсетті, бұл Қоғамның корпоративтік басқару рейтингінің өсуімен де расталады. Қоғамның корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі дамытуды жоспарлау үшін Директорлар кеңесінің сабақтастық жүйесін дамытуға қатысуда, Директорлар кеңесінің жұмысын жетілдірудегі озық әлемдік тәжірибелерді қолдануда, Акционер мен Директорлар кеңесінің арасындағы өкілеттіктерді оңтайлы бөлуде Директорлар кеңесі Төрағасының прогрессивтік рөлін күшейту сияқты дамудың басым бағыттары белгіленді.



ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

1. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ, САНДЫҚ ҚҰРАМЫ, ФУНКЦИЯЛАРЫ.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне қатысты міндеттерін орындауына қажетті көмек көрсетеді.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне Қоғамдағы және ЕТҰ-дағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру.

Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін Директорлар кеңесі тағайындайды. Ішкі аудит қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті қадағалайды.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Халықаралық ішкі аудиттің кәсіи стандарттарына сәйкес келеді.

Ішкі аудит Қызметінің негізгі функциялары мыналар:

- Қоғам мен оның ЕТҰ-ларының, сондай-ақ олардың ақпараттық жүйелерінің корпоративтік басқару, операциялық қызмет (өндірістік және қаржылық) саласындағы тәуекелдеріне төнетін қауіп-қатерлерді, ішкі бақылаудың адекваттылығы мен тиімділігін бағалау;
- Қоғам мен ЕТҰ-ның корпоративтік басқару, операциялық (өндірістік және қаржылық) қызмет салаларындағы, сондай-ақ олардың ақпараттық жүйелеріндегі тәуекелдердің ішкі бақылаудың адекваттылығы мен тиімділігін бағалау;
- белгіленген тәртіпте Қоғам мен

оның ЕТҰ-ларында тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарға сәйкес келетін қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарын ендіру мен оларды сақтауды бағалауды қоса алғанда, Қоғам мен оның ЕТҰ-ларында корпоративтік басқару жүйесін бағалау (диагностикалау);

- Қазақстан Республикасы заңнамаларының, халықаралық келісімдердің, Қоғам мен оның ЕТҰ ішкі құжаттары талаптарының сақталуын, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қоғам мен оның ЕТҰ органдарының шешімдерінің орындалуын тексеру, сондай-ақ осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;
- Қоғам мен оның ЕТҰ-ның стратегиялық мақсаттары аясында олардың алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін Қоғам мен оның ЕТҰ бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығын бағалау.

2. ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ ЖОСПАРЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ.

Есеп беру жылында Ішкі аудит қызметі 29 жоспарлы және 8 жоспардан тыс аудиторлық тапсырманы орындады. Ішкі аудит қызметінің тексеріс нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар берілді.

3. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ МЕН ОНЫҢ ЖЕТЕКШІСІНІҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІ.

Қоғамның Директорлар кеңесі Қызмет пен оның жетекшісінің белгілен-

ген НҚК-ні орындауына тоқсан сайын және жылдық бағалау жүргізеді.

Қызмет пен оның жетекшісінің НҚК Қоғамның стратегиялық мақсаттары ескеріле отырып белгіленеді.

4. ІАҚ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ.

Қызметтің тоқсандар мен 2015 жылдың қорытындысы бойынша жұмысын Қоғамның Директорлар кеңесі «Тиімді» деп бағалады.

2015 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС консультанттары Ішкі аудит қызметінің жұмысына тәуелсіз бағалау жүргізді.

Нәтижесінде Ішкі аудит қызметінің жұмысы Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және озық әлемдік тәжірибеге 100% «Сәйкес келеді» деген баға алды.



**СЕЙДІҒАЛИЕВА АҚМАРАЛ
КӘКІМҚЫЗЫ**

*Ішкі аудит қызметінің
жетекшісі*

CIA ішкі аудиторы халықаралық сертификаты, Халықаралық Аудит және IFA (DipIFA).

БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметіне Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма нысанындағы алқалы орган басшылық жасайды. Басқарманың қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның міндеттерін орындауға және оның стратегияларын іске асыруға бағытталған.

Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру мен өткізу, шешім қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі 2015 жылы 20 наурызда бекіткен Қоғам Басқармасы туралы ережеде белгіленген (жаңа редакция).

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: адалдық, тазалық, ақылдылық, сақтық, жүйелілік болып табылады.

Басқарма қызметі акционер мүдделерін сақтау негізінде құрылады және Директорлар кеңесі мен акционерге толық есеп береді.

Басқарма жүйелі түрде өтетін отырыстарын тікелей дауыс беру түрінде өткізеді.

Қоғамда басшы және басқарушы лауазымдарға үміткерлерді тиімді іріктеу, оларды жайғастыру мен бекіту, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Қоғам қызметкерлерінің жоғарыда аталған санаттары мен Басқарма мүшелігіне үміткерлерге қойылатын біліктілік критерийлері мен талаптарының тізбесі белгіленді.

Біліктілік критерийлерінің қатарына кәсіби білімінің деңгейіне, мамандығы бойынша жұмыс (тәжірибе)

өтіліне, басшы лауазымындағы жұмыс тәжірибесіне, нақты лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті кәсіби білімдері мен дағдыларына, Қоғамның өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді білуіне, сондай-ақ Қоғамның техникалық, экономикалық және әлеуметтік даму перспективаларын, стратегияларын, басымдықтарын білуіне қойылатын талаптар кіреді.

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ:

Тегі, аты-жөні	Қызмет
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	Басқарма Төрағасы
Молдабаев Қаныш Тәңірбергенұлы	Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары
Максұтов Қайрат Берікұлы	Басқарма Төрағасының орынбасары
Огай Алексей Владимирович	Басқарма Төрағасының орынбасары
Сәлімжұаров Ғани Ғалиоллаұлы	«СЭС және ЖЭК, Бөлу және Өткізу» дивизионының басқарушысы
Ли Валерий Константинович	Адам ресурстарын басқару жөніндегі басқарушы директор
Шонаева Салтанат Амангосқызы	Инвестициялар жөніндегі бас директор
Әуезова Мира Жақсылыққызы	Құқықтық мәселелер жөніндегі бас директор

26.02.2016 ж. «Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесі 01.03.2016 ж. бастап
Қоғам Басқармасының жаңа құрамын белгіледі
(ДК №01/16 хаттамасы).

**2015 жылы Басқарманың 18 тікелей
отырысы өткізілді, 356 мәселе қаралды.
Барлық шешімдерді Басқарма мүшелері
бірауыздан қабылдады.**



**СӘТҚАЛИЕВ АЛМАСАДАМ
МАЙДАНҰЛЫ**

*Қоғамның Басқарма Төрағасы.
Экономика ғылымдарының докторы.
ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі.*

1970 жылы 31 қазанда туған.

АЗАМАТТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1997-2001 жж. – «ҚазТрансОйл» ҰМТК» АҚ менеджері, клиринг департаментінің бастығы, жобаларды басқару департаментінің бастығы, экономика жөніндегі вице-президенті.
- 2001-2006 жж. – «KEGOC» АҚ қаржы директоры, экономика жөніндегі вице-президенті, бірінші вице-президенті.
- 2006 жылғы мамырдан желтоқсанға дейін – «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» Электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры.
- 2007 жылғы қаңтардан – Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің орынбасары.
- 2007 жылғы қыркүйектен – «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC»» АҚ президенті, 2008 жылғы қазаннан – бірінші вице-президенті.
- 2009 жылғы желтоқсаннан – «KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2011 жылғы маусымнан – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2012 жылғы қаңтардан – Қоғамның Басқарма Төрағасы.



**МОЛДАБАЕВ ҚАНЫШ
ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ**

*Стратегия және сату жөніндегі
басқарушы директор.*

1963 жылы 23 қазанда туған.

АЗАМАТТЫҒЫ:

Қазақстан Республикасы.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1987 жылы – Павлодар индустриалдық институтын бітірген, электр инженері.
- 2002 жылы – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін экономист-заңгер мамандығы бойынша бітірді.
- 2004 жылы – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірді, мемлекеттік қызмет менеджері.
- 1987-1997 жж. – «Баянауыл аудандық электр желілері» ААҚ электр слесарі, шебері, диспетчері, бас инженері, бастығы.
- 1997-1999 жж. – Акционерлік қоғамның президенті, Баянауыл аудандық электр желілері.
- 1999-2004 жж. – аудан әкімінің орынбасары, Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімдігі.
- 2004-2007 жж. – электр энергетикасы басқармасының бастығы, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі.
- 2007-2009 жж. – «Солтүстік ЖЭЖ» филиалының директоры, «KEGOC» АҚ.
- 2009-2011 жж. – ҰЭЖ дамыту департаментінің директоры, «KEGOC» АҚ.

- 2011-2012 жж. — индустриялық активтерді басқару жөніндегі директор, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ.
- 2012 жылғы наурыздан — Қоғамның даму жөніндегі басқарушы директоры, Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2015 жылғы ақпан айынан бастап — Қоғамның Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.
- 2016 жылғы 1 наурыздан бастап — Қоғамның Стратегия және сату жөніндегі басқарушы директоры.



**МАҚСҰТОВ ҚАЙРАТ
БЕРІКҰЛЫ**

*Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор.*

1970 жылы 16 мамырда туған.

АЗАМАТТЫҒЫ:

Қазақстан Республикасы.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1991 жылы Қазтұтынушылародағы Қарағанды кооперативтік институтын бітірген, ревизор экономист.
- 1991-1992 жж. — Қарағанды облтұтынушылародағының Бақылау және есеп басқармасының ревизоры.
- 1992-1997 жж. — «Игілік-Банк» АҚБ Қарағанды филиалының инвестиция және инновация бөлімінің жетекші маманы, халықаралық есептер және валюталық операциялар бөлімінің бастығы, директордың орынбасары;
- 1997-1999 жж. — Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймағы, АЭА-ның Әкімшілік кеңесі төрағасының орынбасары, Қаражал қаласы әкімінің орынбасары;
- 1999-2004 жж. — «Альфа-Банк» ЕБ ААҚ-ның Қарағанды филиалы директорының орынбасары, директор.
- 2004-2009 жж. — «Гефест» тау-кен салалық холдингінің экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті.
- 2009-2012 жж. — Қоғамның Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.
- 2012-2013 жж. — Қоғамның басқарушы директоры, корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директор.
- 2013 жылғы қарашадан — Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2016 жылғы 1 наурыздан — Қоғамның Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.





**ТҮЙТЕБАЕВ СЕРІК
СҮЙІНБЕКҰЛЫ**

*Өндіріс және активтерді басқару
жөніндегі басқарушы директор*

1958 жылы 27 мамырда туған.

АЗАМАТТЫҒЫ:

Қазақстан Республикасы.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1981 ж. — Алматы Энергетика институтын бітірген, жылу энергетикасы инженері.
- 2000 ж. — Алматы энергетика институтын ЖЭК кәсіпорындағы экономика және менеджмент мамандығы бойынша бітірген.
- 1981-1983 жж. — ОртаАзЭнергоМонтаж іске қосу-жөндеу басқармасы шеберінің көмекшісі.
- 1983-1984 жж. — Алматы Энергетика университеті еңбекті және қоршаған ортаны қорғау кафедрасының инженері.
- 1984-1998 жж. — АЖЭО-2 турбина цехының турбиналық жабдықтар бойынша машинист-аралап қараушысы, турбина цехы турбина бөлімінің аға машинисі, турбина цехының ауысым бастығы, турбина цехының бастығы, «Алматы Пауэр Консолидэйтед» АҚ бас инженері, басқарушы директоры.
- 2007-2010 жж. — «Алматы электр станциялары» АҚ №2 ЖЭО басқарушы директоры.
- 2010-2011 жж. — «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2011-2013 жж. — Алматы қ. Энергетика және коммуналдық шаруашылығы басқармасының бастығы.
- 2013-2014 жж. — «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.
- 2014 жылғы қаңтардан — «Генерация» дивизионының басқарушысы.
- 2016 жылғы наурыздан — Қоғамның Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

АЗАМАТТЫҒЫ:

Қазақстан Республикасы.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 1995 ж. Алматы Энергетика институтын бітірген, электр инженері.
- 1995-1998 жж. — «Қазақстанның ОЭК проблемаларын зерттеу лабораториясы» ЖШС ғылыми қызметкері.
- 1998-2002 жж. — «KEGOC» АҚ Экономика департаментінің маманы, жетекші маманы, бас маманы.
- 2002-2006 жж. — «KEGOC» АҚ Жоспарлау және экономикалық талдау департаменті экономикалық талдау бөлімінің бастығы.
- 2006ж. маусым — 2006ж. желтоқсан — бас сарапшы, «Самұрық» холдингі» АҚ, «KEGOC» АҚ тобы.
- 2006-2008 жж. — бас сарапшы, «Самұрық» холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару тобы.
- 2008 ж. қыркүйек — 2008 ж. қараша — «Самұрық» холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директордың орынбасары.



**ОГАЙ АЛЕКСЕЙ
ВЛАДИМИРОВИЧ**

*Бизнесі трансформациялау
жөніндегі басқарушы директор.*

1970 жылы 1 желтоқсанда туған.

- 2008-2011 жж. — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ электр энергетикалық активтер дирекциясының бас сарапшысы.
- 2011-2014 жж. — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры
- 2014-2015 жж. — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару жөніндегі бас директорының орынбасары.
- 2015 жылғы ақпан айынан бастап — Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2016 жылғы 1 наурыздан — Қоғамның Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры.



**ӘБДІҒҰЛОВ МҰРАТ
КЕҢЕСҰЛЫ**

*Сатып алу және әкімшілік мәселелері
жөніндегі басқарушы директор.*

1980 жылы 11 ақпанда туған.

АЗАМАТТЫҒЫ:

Қазақстан Республикасы.

ҚЫЗМЕТ ТІЗІМІ:

- 2001 ж. — Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін Құқықтану мамандығы бойынша бітірген.
- 2003 ж. — Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін заңтану магистрі дәрежесін ала отырып бітірді.
- 2001-2002 жж. — Алматы қаласы Жетісу аудандық сотының бас маманы.
- 2003 жылғы қаңтардан — Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Заңнамалар және құқықтық реформа жөніндегі комитеті депутатының көмекшісі.
- 2004-2005 жж. — Әділет бірінші вице-министрінің көмекшісі.
- 2005-2006 жж. — «КазПетройл» ЖШС Заң департаментінің директоры.
- 2006-2007 жж. — «Казакстанкаспий-шельф» АҚ шарттар бойынша бас маман.
- 2007-2008 жж. — «Интерстрой НС» ЖШС заң бөлімінің бастығы.
- 2008-2009 жж. — «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ Техникалық талаптар департаменті шарттарды дайындау бөлімінің бастығы.
- 2009-2010 жж. — «Алатау Жарык Компаниясы» АҚ техникалық талаптар басқармасының бастығы.
- 2010-2012 жж. — Алматы қаласы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы «Астана дипломатиялық корпусына қызмет көрсету басқармасы» АҚ директорының орынбасары.
- 2012-2014 жж. — «Алматы электр станциялары» АҚ Сатып алу жөніндегі коммерциялық директоры, Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.
- 2014 жылғы мамырдан — Қоғамның Аппарат жетекшісі, Бас коммерциялық директоры.
- 2016 жылғы наурыздан — Қоғамның сатып алу және әкімшілік мәселелері жөніндегі басқарушы директоры.
- 2016 жылғы наурыздан — Қоғамның Сатып алу және әкімшілік мәселелері жөніндегі басқарушы директоры.

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ ӨТКІЗГЕН ОТЫРЫСТАРДЫҢ САНЫ

	2015	2014	2013
Отырыстар саны	18	19	12
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қаралған мәселелер саны	356	331	234

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Басқарманың сандық құрамын, басқару өкілеттігінің мерзімін анықтау, басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ басқарма төрағасын тағайындау акционермен келісілген жағдайда басқарма төрағасын тағайындау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма құрамына сайлау және қызметке тағайындау кезінде Директорлар кеңесі Қоғамның осы

лауазымға үміткерлері мен оларды сайлау рәсімдеріне қойылатын талаптарды белгілейтін ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Басқарма құрамындағы лауазымдарға үміткерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісті атқару үшін қажетті тәжірибесі, білімі және біліктілігі болуы қажет, жағымды беделі болуы тиіс және директорлардың басым бөлігінің мақұлдауын алуы қажет.

Басқарма мүшелерін іріктеу және тағайындау Директорлар кеңесі белгілеген ашық және нақты рәсімдер негізінде жүргізіледі.

БАСҚАРМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҮНТАЛАНДЫРУШЫ НҚК ТІЗБЕСІ

Көрсеткіштер	2015			
	Өлшем бірл.	Шек	Мақсаты	Қатер
Корпоративтік НҚК				
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша шоғырландырылған таза табыс	млн теңге	25 289	26 553	27 818
Еңбек өнімділігі (негізгі қызметтен түскен табыс/ЕТК)	коэффициент	8,65	9,1	9,5

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЫНТАЛАНДЫРУШЫ НҚК ТІЗБЕСІ (ЖАЛҒАСЫ)

Көрсеткіштер	2015			
	Өлшем бірл.	Шек	Мақсаты	Қатер
Корпоративтік НҚК				
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	64	67	70
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша ROACE	%	4,9	5,1	5,4
Қарыз/капитал	%	0,95	0,90	0,86
Қызметтік НҚК				
Жалғыз акционердің үміті бойынша Іс-шаралар жоспарының орындалуы	%	90	100	-
Қоғамның Трансформациялау бағдарламасының орындалуы	%	90	95	100
Инвестициялардың игерілуіне жүргізілген мониторинг	%	90	100	-
Активтерді сату жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы	%	90	95	100
Жазатайым жағдайлар санының азаюы, мың адамға есептегенде	%	15	20	25
Қоғамның Даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы	%	90	100	-
Инвестициялық бағдарламаның іске асырылу деңгейі	%	90	95	100
Инвестицияларға жұмсалатын шығыстарды қысқартуды қамтамасыз ету	млн теңге	28 146	28 990	29 553
Трансформациялау бағдарламасын іске асыру аясында Топтағы компаниялар санын азайтуды қамтамасыз ету	бірлік	8	10	12

2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҮНТАЛАНДЫРУШЫ НҚК ТІЗБЕСІ (ЖАЛҒАСЫ)

Көрсеткіштер	2015			
	Өлшем бірл.	Шек	Мақсаты	Қатер
Қызметтік НҚК				
Персоналдың қатыстырылу деңгейі	%	63	64	65
Қоғамды Трансформациялау Жол картасының адам ресурстарын басқару бөлігінде орындалуы	%	90%	95%	100%
Персоналды оқытуға арналған шығыстар жоспарының орындалуы	%	90%	95%	100%
ЕВИТ/Пайыздық сыйлықақы бойынша шығыстар	коэффициент	2,00	2,06	2,10
Ағымдағы қызметке шығыстардың азаюын қамтамасыз ету	млн теңге	9 411	9 693	9 882
Корпоративтік басқару рейтингі	%	75	77	80
Сыртқы аудиторлардың ұсынымдарының орындалу деңгейі	%	100	-	-
СЭС-тер өндіретін электр энергиясын өндіру бойынша еңбек өнімділігі	мың кВтсағ./адам	4 430	4 562	4 651
ТЭК электр желілеріндегі электр энергиясы шығыстарының деңгейі (салыстырмалы бірлікте)	%	12,42	12,01	11,80
Қадағалайтын бағыттар бойынша технологиялық бұзушылықтар саны	бірлік	1 831	1 739	1 648
Инновациялық-технологиялық даму рейтингі	%	-	100	-

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НҚК-НІҢ ОРЫНДАЛУЫ

НҚК атауы	Өлшем бірл.	2015		% орынд.
		Жоспар	Нақты	
Өндірістік көрсеткіштер				
Белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті	%	39,0	37,6	96%
Қаржылық көрсеткіштер				
EVA	млн теңге	-41 172	-42 469	97%
Кеңейтілген дивидендтер	млн теңге	16 109	14 279	89%
Қарыз/Меншікті капитал	аспайтын	0,91	0,85	93%
Әлеуметтік көрсеткіштер				
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	64	72	110%
Корпоративтік басқару көрсеткіштері				
Корпоративтік басқару рейтингі	%	75	81	102%

ӨНДІРІСТІК НҚК

«Белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті» көрсеткішінің жоспардағыдан 4% азаюы экономикадағы дағдарысты оқиғалардың әсерінен өндірістік кәсіпорындардың электр энергиясын тұтынуының азаюына байланысты «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС мен «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ бойынша электр энергиясын өндірудің азаюына себеп болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ НҚК

EVA көрсеткіші жоспарда (-41 172) млн теңге болғанда (-42 469) млн теңгені құрады, жоспардан 3%-ға болмашы ауытқушылық бар.

Қаржы левиреджінің коэффициенті (Қарыз/СК) жоспарда 0,91 болғанда 0,85-ті құрады. Көрсеткіштің жақсаруы негізінен Екібастұз ГРЭС-1-ді сатып алудан түскен қарыздың екінші бөлігін капиталдандырумен байланысты.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚНҚ

Қоғам тобы бойынша өндірістік персоналдың әлеуметтік тұрақтылық рейтингісінің көрсеткіші 2015 жылы жағымды динамикамен сипатталып, 2014 жылғы 69%-дан 72 %-ға дейін ұлғайды. Сөйтіп, Қоғамның, мысалы, «МЭБК» АҚ (67 %-дан 89 %-ға дейін), «Боғатырь Көмір» ЖШС (59%-дан 64%-ға дей-

ін), «Екібастұз ГРЭС-2» (59 %-дан 63 %-ға дейін), «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС (73%-дан 79%-ға дейін), «АлЭС» АҚ (83%-дан 86%-ға дейін), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (73%-дан 79 %-ға дейін) секілді бірқатар еншілес компанияларында әлеуметтік тұрақтылық индексінің айтарлықтай артқаны байқалды. Мұның үстіне 12 компанияның 8-інде бұл көрсеткіштің оң динамикасы атап өтілді. Бұл көрсеткіштің төмендеуі «Шардара ГЭС» АҚ-дан (81 %-дан 74%-ға дейін), «ШҚ АЭК» АҚ-дан (71%-дан 68%-ға дейін), «Шығысэнерготрейд» ЖШС-дан (78%-дан 75%-ға дейін) байқалады, бірақ индекс бұрынғысынша, «ортадан жоғары» деңгейде.

Сонымен қатар 2015 жылы 2014

жылдағы сияқты екі компания «жоғары» дәрежеде, 2015 жылы 12 компанияның 11-і ортадан жоғары деңгейге қол жеткізді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ НҚК

PWC компаниясы өткізген корпоративтік басқару рейтингісі жүйесін тәуелсіз диагностикалау нәтижесінде корпоративтік басқару рейтингі 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы айтарлықтай артып, 81%-ды құрады. Аталған көрсеткіш компанияны «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 100% ЖК арасында бірінші орынға, ал Қордың барлық ЖК арасында екінші орынға шығарды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚОҒАМҒА ҚАТЫСТЫ ПІКІРІН БАСҚАРМАНЫҢ ЕСЕПКЕ АЛУЫ БОЙЫНША ШАРАЛАР

Директорлар кеңесі, өзінің Қоғамды басқару жөніндегі функцияларын жүзеге асыра отырып, Қоғамның стратегиялық мақсаттарын, дамуының басым бағыттарын анықтап, Қоғам қызметінің негізгі бағдарларын белгілейді. Басқарма, өз кезегінде Дирек-

торлар кеңесінің барлық шешімдері мен тапсырмаларын орындайды.

Директорлар кеңесінің бір мүшесі консультативтік-кеңестік органың мүшесі болғандықтан, Қоғамның инвестициялық-инновациялық қызметі мәселелерін қарастыру барысында да Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірлері ескеріледі.

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КОМИТЕТТЕРІ

Қазіргі кезде Қоғам Басқармасының жанында мынадай консультативтік-кеңестік органдар құрылып, жұмыс істеуде:

- Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті.
- Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті.
- Кредит комитеті.
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.
- Инвестициялық-инновациялық кеңес.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына бағынады және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет аясында іс-қимыл жасайды.

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ КОМИТЕТІ

Құрылу мақсаты – Басқармаға тәуекелдерді және менеджмент жүйесін басқару саласында шешім қабылдаған кезде көмек көрсету.

Реттеуші құжаты – Қоғам Басқармасының 2013 жылғы 2 сәуірдегі шешімімен бекітілген Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитеті туралы ереже.

Комитет төрағасы – Қоғамның Басқарма төрағасы.

Төрағаның орынбасары – Тәуекелдерді басқару жөніндегі бас директор.

Комитеттің құрамы – «Генерация» дивизионының басқарушысы, «СЭС және ЖЭК, Тарату және Өткізу» дивизионының басқарушысы, «Отын және сервис» дивизионының басқарушысы, Қаржы директоры, Инвестиция жөніндегі бас директор, Аппарат жетекшісі, Бизнесі трансформациялау жөніндегі бас директор, Стратегия жөніндегі бас директор, Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас директор, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз).

	Барлығы	Тікелей	Сырттай
Отырыстар саны	7	7	0
Қаралған мәселелер саны	22		
Комитетте қаралған негізгі мәселелер	Негізгі тәуекелдердің сипаты мен талдауы, сондай-ақ тоқсан сайынғы негізде Қоғамның тәуекелдерін мейілінше азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтері бар тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті алдын ала мақұлдау.		
	Жыл сайынғы негізде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту		
	Тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды келісу		
	Жыл сайынғы негізде Қоғамның тәуекел-тәбетін, Тәуекел тізілімі мен картасын, Негізгі тәуекел көрсеткіштерін, Негізгі тәуекелдерді және төзімділік деңгейін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу		
	КМЖ-ны жетілдіру жөніндегі мәселелерді қарастыру		

ҚЫЗМЕТТІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КОМИТЕТІ

Құрылу мақсаты – Қоғам мен оның ЕТҰ қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығыстарының құрылымын оңтайландыру.

Реттеуші құжаты – Қоғам Басқармасының 2011 жылғы 18 сәуір-

де бекіткен Комитет туралы ережесі.

Комитет төрағасы – Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасары.

Төрағаның орынбасары – Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасарлары.

Комитет мүшелері – Басқарма мүшелері, стратегия және инвестиция мәселелерін қадағалайтын басқарушы директорлар; өндіріс,

стратегия, экономика және бюджеттеу, қаржы, инвестициялар, қазынашылық, кадр және сатып алу мәселелеріне жауапты департаменттердің директорлары.

	Барлығы	Тікелей	Сырттай
Отырыстар саны	45	26	19
Қаралған мәселелер саны	71		
Комитетте қаралған негізгі мәселелер	Қоғам ЕТҰ-ларының түзетулер ескерілген 2016-2020 жылдарға арналған даму жоспарларын қарау.		
	Қоғам ЕТҰ-ларының 2016-2020 жылдарға арналған даму жоспарларын қарау.		
	Қоғамның Корпоративтік орталығының 2015 жылға арналған даму жоспарының түзетулерін келісу		

КРЕДИТ КОМИТЕТІ

Кредит комитетінің мақсаты: кредит (заемдар), қаржылай көмек, кепілдіктер беру, тәуекелдерді азайтумен байланысты мәселелер бойынша уақытылы және сапалы шешім қабылдауды қамтамасыз ету.

Реттеуші құжаты – Қоғам Басқармасының 2015 жылғы 19 қарашада бекіткен Комитет туралы ережесі (жаңа редакция).

Кредит комитетінің төрағасы

– Қоғамның Басқарма Төрағасының орынбасары (CFO).

Комитет құрамы:

- Қаржы директоры/FD;
- Инвестициялар жөніндегі бас директор/CINO;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі бас директор/CRO;
- Бас коммерциялық директор/CCD;
- Бизнесі трансформациялау жөніндегі бас директор/CBTO;
- «СЭС және ЖЭК, Тарату және Өткі-

зу» дивизионының басқарушысы;

- «Генерация» дивизионының басқарушысы/NoD;
- «Отын және сервис» дивизионының басқарушысы/NoD.

Кредит комитетінің жұмыс органы Қоғамның Корпоративтік қаржыландыру департаменті болып табылады.

КҚД мәселелері	Барлығы	Тікелей нысанда	Сырттай нысанда
Отырыстар саны	22	22	0
Қаралған мәселелер саны	23		
Комитетте қаралған негізгі мәселелер	Мүдделілік бар мәмілелерді жасау туралы		
	«Ерейментау қ. ауданында қуаты 45 МВт жел электр станциясын салу» жобасын қаржыландыру туралы		
	ГРЭС-1 мәселесін қайта құрылымдау (мөлшерлемені 9%-дан 1%-ға дейін азайту)		

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

Құрылу мақсаты – Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша, соның ішінде ұзақ мерзімді келешекте Қоғам мен ЕТҰ –ның тиімді қызметін арттыруға ықпал ететін шараларды әзірлеу мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау.

Регламенттеуші құжаты – Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ереже, 2013 жылғы 2 сәуірде бекітілді.

Төраға – Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.

Төрағаның орынбасары – Стратегия жөніндегі басқарушы директор.

Комитеттің құрамы: Корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директор, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Өндіріс жөніндегі басқарушы директор, Даму жөніндегі басқарушы ди-

ректор, «Генерация» дивизионының басқарушысы, «СЭС және ЖЭК» дивизионының басқарушысы, «Отын, логистика және сервис» дивизионының басқарушысы, «Бөлу және тарту» дивизионының басқарушысы, Стратегиялық даму департаментінің директоры, Жобаларды басқару департаментінің директоры.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Құрылу мақсаты – инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қоғам мен оның ЕТҰ-дағы жергілікті қамтуды ұлғайту.

Регламенттеуші құжаты – Кеңес туралы ереже, Қоғам Басқармасы 2011 жылғы 10 қазанда бекітті.

Төраға – Қоғам Басқармасының төрағасы.

Төрағаның орынбасары – Қоғамның Басқармасы Төрағасының кеңесшісі.

Кеңестің құрамы: басқарма мүшелері, өндіріс, активтерді және жо-

баларды басқару, қаржы және экономика мәселелерін қадағалайтын бас директорлар, Қоғам ЕТҰ өкілдері, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі және тәуелсіз мүшелері.

	Барлығы	Тікелей нысанда	Сырттай нысанда
Отырыстар саны	7	4	3
Қаралған мәселелер саны	14		
Комитетте қаралған негізгі мәселелер	ТЭН нәтижелері бойынша «Газтурбиналық технологиялар базасында жаңа энергия көздерін орната отырып, «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО-ны кеңейту» жобасын іске асыруды мақұлдау.		
	«Ерейментау алаңында қуаты 45 МВт жел электр станциясын салу» жобасының негізгі параметрлерінің өзгерістерін мақұлдау.		
	ТЭН нәтижелері бойынша «Мойнақ СЭС Бестөбе су қоймасына Кеңсу өзенінің ағысын бұру» жобасының инвестициялық кезеңін мақұлдау.		
	«Екібастұз кен орнының көмірін байыту» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының әзірлемесін мақұлдау.		
	«Энергия – Семиречья» ЖШС-дағы 49% қатысу үлесін сатып алу.		

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Корпоративтік басқару кодексі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 239 қаулысымен бекітілді. Кодекстің қызмет ету аясы Қорға және акциялардың (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Қорға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдарға қолданылады. Корпоративтік басқару кодексі Қор Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ үшін бекітілді.

Кодекс орнықты даму, акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарым-қатынас, кәсіби директорлар кеңестері және атқарушы орган, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау, ашықтық сияқты тиісті корпоративтік басқарудың маңызды қағидаттарына баса назар аударады. Кодекс Үкіметтің рөлін және Қорды басқарудың ерекшелігін нақтылайды, басқару моделін және Қор мен Ұйымдардың арасындағы жауапкершіліктің бөлінуін

анықтайды.

Қоғам жаңа Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына ағымдағы сәйкестікке салыстырмалы талдау жүргізді (бұдан әрі – Сар-анализ), оның нәтижелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі 2016-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдірудің орта мерзімді бағадарламасын бекітті.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ НЕМЕСЕ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖОҒАРЫ ТҮРҒАН БАСҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒЫТ СІЛТЕЙ НЕМЕСЕ ОҒАН ҰСЫНЫСТАР БЕРЕ АЛАТЫНДАЙ ТЕТІКТЕР

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өзара іс-қимылы «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларының Директорлар кеңестерінде және байқаушы кеңестерінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өкілдерінің қыз-

метін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібімен» реттеледі («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 53/10 хаттамасы).

Қоғамда қызметкерлер Дирек-

торлар кеңесінің мүшелеріне ұсыныстар бере алатын арнайы тетіктер қолданылмайды. Дегенмен, басқару жүйесінде қызметкерлердің пікірлерін және алаңдаушылығын Директорлар кеңесіне жеткізу үшін шектеулер жоқ.

БАСҚАРМА МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЯҚЫ БЕРУДІҢ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу бекітілген НҚК негізінде жүзеге асырылады. Бекітілген НҚК-ны бағалау нәтижелері бойынша Басқарманың әрбір мүшесі үшін күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша жоспарланған соманы ескере отырып, сыйақы беру коэффициенті және мөлшері анықталады. Сыйақы төлеуге қосымша шарт есептік кезең үшін шоғырландырылған табыстың болуы болып табылады.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу еңбек шарттарында бекітілген тетіктер негізінде жүзеге асырылады. Жасалған еңбек шарттарына сәйкес Директорлар кеңесінің әрбір тәуелсіз мүшесі үшін Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу үшін бекітілген төлем, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік етуі үшін төленетін өзгермелі бөлігі анықталады. Атап айтқанда,

барлық өткен отырыстардың жартысынан азына қатысқан жағдайда, сондай-ақ Қоғамның қаржы экономикалық көрсеткіштері төмендеген және оларды бағалау нәтижелері бойынша қойылған мақсаттар мен тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген жағдайда сыйақы төленбейді.

ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ РӘСІМДЕРІ

Қоғамның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелілігіне қадағалауды, сондай-ақ қойылған стратегиялық мақсаттардың орындалуына мониторинг жүргізу үдерістері мыналарды:

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2015-2025 жылдарға арналған ұзақ

мерзімді Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

- ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық негіздегі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Даму жоспарын орындау арқылы жүзеге асырылатын болады.

САҚТЫҚ ҚАҒИДАТЫ

Қоғам БҰҰ-ның 1992 жылғы 3-4 маусымда Рио-де-Жанейрода өткен конференциясында қабылданған Декларацияда жазылған 15-ші сақтық қағидатын ұстанады.

Қоршаған ортаны одан әрі қорғау шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Жылу электр станцияларының қазандық қондырғыларында әртүрлі отын түрлерін жағу барысында қоршаған ортаға эмиссияға қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы 2007 жылғы 14 желтоқсанда № 1232 шешім шығарып, ол 2013 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енді.

Компания өз қызметі барысында қоршаған ортаға белгілі бір деңгейде зиян келтіретінін сезіне отырып, қоршаған ортаға эмиссияны қысқартуға ықпал ететін шараларды іске асырады. Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келу

мақсатында Қоғам атмосфераға шығарылатын зиянды шығарындыларды қысқартуға ұмтыла отырып, қоршаған ортаны ластауды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретін түтін тұтқыш сүзгілерді жарыса қоя бастады.

Қоғам ең ірі көпсалалы энергетикалық холдинг ретінде электр энегеиясын өндіру үшін отын түрлері бойынша оңтайлы теңгерімге қол жеткізуге ниеттенеді, осыған байланысты өзінің энергетикалық портфелін әртараптандырады. Осы барлық факторларды ескере отырып, компанияның стратегиясы технологиялық әлеуетті инновациялық дамытуға бағытталды. Атап айтқанда, ЖЭК үлесін арттыру, таза көмір технологиялары негізінде барлық өндіруші қуаттарды жаңғырту және жаңаларын салу қарастырылды. Тиімділікті одан әрі арттыруға және қоршаған ортаға тигізетін әсерін

азайтуға – күл, тотықтар және азот шығарындыларын азайтуға баса назар аударылады. Қазіргі заманғы энергетика үшін болашақтың сапалы жаңа шешімдеріне өтуді бастауға мүмкіндік беретін экологиялық таза технологияларды өрістетуге қажет.

ХАРТИЯЛАР МЕН БАСТАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ

Климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы, кедейшілік сияқты және басқа да көптеген қазіргі заманғы көкейкесті мәселелер – адамдардың өмірінің барлық жақтарын қамтиды және ол әлемнің барлық елдеріне қатысты.

Қоғам Қазақстан Республикасындағы ірі компаниялардың бірі ретінде өзіне осы мәселелердің тиісті бір бөлігін шешу жауапкершілігін алады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстанатындығын көрсету үшін Қоғам 2011 жылдың 5 қазанында БҰҰ Жаһандық

шартына қосылып, қазіргі кезде БҰҰ Жаһандық шартының Он қағидатына қолдау көрсетуде.

2012 жылдан бастап Қоғам БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын мүлтіксіз қолдау туралы мәлімдеме ретінде қызмет ететін және қағидаттар мен олардың нәтижелерін іске асыруға бағытталған шараларды сипаттайтын Қол жеткізілген прогресс туралы хабарламаларды ұсына бастады.

2015 жылы шілдеде Қоғам World Energy Trilemma, Climate Change жұмыс топтарына, арнайы жас мамандар үшін әзірленген сондай-ақ

бірқатар зерттеу бастамаларына (WEC National Deep Dive) қатысу арқылы Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңестің (бұдан әрі – ДЭК) «Энергетиканың болашақ көшбасшылары» (Future Energy Leaders) бағдарламасына кірді. ДЭС жастар қанаты әлемдік энергетикалық кешеннің кадр әлеуетін дамытудың, ойлаудың және болашақ орнықты энергетиканың жаңа тәсілдерін әзірлеуге жәрдемдесудің халықаралық тәжірибесіне негізделген.

МҮДДЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҰЛТТЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА МҮШЕЛІК

Қоғам мына қауымдастықтардың/ұйымдардың мүшесі болып табылады:

1. «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы
2. ТМД елдерінің электр энергетикалық кеңесі
3. Қазақстан Электр Энергетикасы Қауымдастығы
4. Дүниежүзілік энергетикалық кеңес.
5. Қазақстан кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы
6. Орталық Азия электр энергетикалық үйлестіру кеңесі

ОМБУДСМЕН: ЖАНЖАЛДАРДЫ БАСҚАРУ

Мүдделер қайшылығы пайда болуының алдын алу жөніндегі практиканы мәртебесі мен лауазымына қарамастан барлық қызметкерлер мүлтіксіз сақтайды, әрі ол персоналды жұмысқа қабылдаудан бастап сатып алуларға дейінгі Қоғам іс-әрекетінің барлық аспектілерін қамтиды. Іскерлік этика және Корпоративтік басқару кодекстерінің талаптарын бұзуға бағытталған қасақана әрекеттерді Қоғам тәртіп бұзушылық теріс қылық ретінде қарастырып, бұл Қазақстан Республикасы заңдылықтарында белгіленген жауапкершілікке алып келуі мүмкін.

Қызметкерлерді ақпараттандыру мақсатында, Қоғам мүдделер жанжалы саласындағы саясатты регламенттейтін Іскерлік этика кодексін әзірледі. Үлгілік шартта қызметкерлердің Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын сақтау жөніндегі міндеттері көрсетілген.

Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да сенім телефоны мен электрондық пошта құрылған, ол туралы ақпаратты «Самұрық-Энерго» АҚ сайтынан және кеңсесінен табуға болады. Қоғамда арыз-шағымдар мен ұсыныстар жәшігі бар.

Кодекс талаптарын түсіндіру және/немесе пайда болған этикалық

мәселелер, Кодекс талаптарының бұзылуы дерегі, Қоғамның лауазымды тұлғасы мен қызметкерлерінің сыбайластық және басқа да заңға қайшы әрекеттері жайлы іскер серік-тестер мен мүдделі тұлғалар:

- тікелей басшыға;
- омбудсменге;
- Ішкі аудит қызметіне;
- Корпоративтік хатшы қызметіне (Іскерлік этика қағидаттарының бұзылу фактілерін Қоғамның Директорлар кеңесі қарайды);
- Қоғамның қауіпсіздігін басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшеге хабарласа алады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен омбудсмен тағайындалған, оның негізгі функциялары Кодекстің, Қазақстан Республикасы заңнамалары нормаларының және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының сақталмауы және/немесе бұзылуы туралы мәліметтерді жинау, Қоғам қызметкерлеріне, лауазымды тұлғаларына Кодекс ережелері бойынша консультация беру, Кодекс ережелерінің бұзылуы жөніндегі таластардың қаралуына бастамашы болу, оларға қатысу болып табылады.

Іскерлік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексі қағида-

лары орындалуының үлгісі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесінде атқарушы органның сыйақы мөлшерін талқылау практикасын атауға болады, оған өзіне сыйақы және басқа да бонустар мөлшерін анықтау барысына Басқарма төрағасы қатыспайды.

Қызметкерлердің Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарын сақтау мониторингіне жауапкершілік Корпоративтік басқару департаментіне жүктелген. Атап айтқанда, мүдделер қақтығысы пайда болуының алдын алу мақсатында, Қоғамда Қордың Компаниялар тобының үлестес тұлғаларының тізбесі жасалып, ол туралы Директорлар кеңесі мен Қоғам-

ның Басқарма мүшелері хабардар етіледі, сондай-ақ Қоғамның ішкі интранет-порталында жарияланды.

2015 жылы «Самұрық-Энерго» Компаниялар тобында мүдделер қақтығысы оқиғасы тіркелген жоқ.

**Қызметкерлердің
Корпоративтік
басқару кодексі
қағидаттарын сақтау
мониторингіне
жауапкершілік Кор-
поративтік басқару
департаментіне жүк-
телген.**



08

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ САПАНЫ БАСҚАРУ



Тәуекел менеджменті Қоғам қызметінің ажыратылмас құрамдас бөлігі болып табылады, ол барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторинг жүргізуге, сондай-ақ оның құны мен беделіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту жөніндегі шараларды қабылдауға бағытталған.

1. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғамда тәуекелдерді басқару үдерістерінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1. тұтастық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлігінде Қоғам тобының жиынтық тәуекелінің элементтерін қарау;
2. ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін автономды немесе оқшауланған жүйе ретінде қарауға тыйым салу;
3. құрылымдық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесінің нақты құрылымы бар;
4. ақпараттылық – тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі;
5. үздіксіздік – тәуекелдерді басқару үдерісі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
6. кезеңділік – тәуекелдерді басқару үдерісі оның негізгі компоненттерінің тұрақты қайталанатын кезеңділігін білдіреді.

2. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қоғам, өзінің қаржылық тұрақтылығы мен беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әлеуетті тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіру мен басқаруға бағытталған, корпоративтік басқару жүйесінің негізгі бөлігі ретіндегі тәуекелдерді басқару үрдісінің маңыздылығын түсінеді.

Тәуекелдерді басқару Қоғам тобының алдына қойылған бекітілген стратегиялар мен даму жоспарларынан келіп шығатын белгілі бір мақсаттар, міндеттер контекстінде іске асырылады. Директорлар кеңесі Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысына бақылау жаса-


уды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

2015 жылғы қарашада Қоғамның Директорлар кеңесі алдағы жылға тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын, негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын, негізгі тәуекел-көрсеткіштерін және тәуекел-тәбетін бекітті. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Жалғыз акционердің тұжырымдамасы мен саясатын іске асыра отырып, Қоғамның компаниялар тобында тәуекелдерді басқару саласындағы нормативтік құжаттар қайта қарастырылды және өзектендірілді.

Қоғам компаниясы тобында тәуекелдерді басқару үдерісіне қатысушылардың бәрін бірдей болуы мүмкін тәуекелдер жайлы, сондай-ақ маңызды тәуекелдерді сипаттап, талдай отырып, тәуекелдерді басқару бойынша жасаған есептері арқылы оларды барынша азайту жөнінде қабылданған шаралар туралы ұдайы хабардар етіп отыру қамтамасыз етілген.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (бұдан әрі – ТБКЖ) жұмысын талдау және бағалау үшін Ішкі аудит қызметі ТБКЖ-ға тәуелсіз бағалау жүргізді. ТБКЖ бағасының қорытынды балы 80,01%-ды құрады. Қоғамда жүргізілген тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша ТБКЖ-ны одан әрі жетілдіру үшін 2016 жылға арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТОБЫНДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



3. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қоғамның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажыратылмас бөлігі болып табылады, ол Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуде ақылға сиятындай сенімділікті қамтамасыз етеді.

2015 жылы сәуірде Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның өзектендірілген Есеп жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау

үдерістерінің тәуекелдер мен бақылаудың матрицаларын бекітті. Қоғамның компаниялар тобында Тәуекелдер мен бақылау матрицалары, сондай-ақ ІБЖ саласындағы нормативтік құжаттары қайта қарастырылып, өзектендірілді.

Ішкі бақылау жүйесінің (бұдан әрі – ІБЖ) жұмысын талдау және бағалау үшін Ішкі бақылау қызметі Қоғамның ІБЖ-ге тәуелсіз бақылау жүргізді. ІБЖ-ның қорытынды бағасы 87,7%-ды құрады. Қоғамда жүргізілген тәуелсіз нәтижелер бойынша

ІБЖ-ны одын әрі жетілдіру үшін 2016 жылға арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

4. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҚЫЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Қоғам мына тәуекелдерді бөліп көрсетеді:

- стратегиялық;
- операциялық;
- қаржылық;
- құқықтық.

Бұлар әр тәуекелдің маңыздылығына байланысты тәуекелдер картасында да көрініс табады:



• Қызыл аймақ – Қоғам үшін қатерлі болып табылады.



• Қызғылт-сары аймақ – тәуекелдер шабуылының ықтималдығы өте жоғары немесе Қоғамның қаржылық тұрақтылығына әлеуеттік тұрғыдан күшті әсер етуі мүмкін.



• Сары аймақ – тәуекелдер шабуылының ықтималдығы орташа деңгейде немесе Қоғамның қаржылық тұрақтылығына орташа әлеуеттік әсер етуі мүмкін.



• Жасыл аймақ – тәуекелдер шабуылының ықтималдығы аз деңгейде және/немесе Қоғамның қаржылық тұрақтылығына онша әсер ете қоймайды.

БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР:

Тәуекелдер атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (Қоғам стратегиясымен байланысты тәуекелдер)		
Қызметтік міндеттерді орындау барысында қызметкердің денсаулығы мен өміріне зиян тигізген өндірістегі жазатайым оқиғалар тәуекелі	Сыртқы тәуекел факторлары: авариялар, табиғи апаттар және басқа табиғи катаклизмдер; тар-тылған мердігерлік ұйымдарының жабдықты сапасыз орнатуы және қызмет көрсетуі; үшінші тұлғалардың тарапынан жауыздық ниетпен немесе қасақана жасалған әрекет. Ішкі тәуекел факторлары: Қоғам мен ЕТҰ қызметкерлерінің еңбекті қорғау саласындағы НҚА мен ІНҚ-ны сақтамауы; басшылық тарапынан персоналдың еңбек қауіпсіздігіне тиісті бақылаудың болмауы; ескірген, тозығы жеткен жабдықпен жұмыс істеу.	1. ЕТҰ-да 2016 жылға арналған Өндірістік жарақатта-нушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының әзірленуін қамтамасыз ету және оның орындалуына ай сайын мониторинг жүргізу; 2. ЕТҰ-ның еңбек қорғау саласында НҚА мен ІНҚ-ны сақтау мәніне көшпелі жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс жүргізу; 3. Жазатайым оқиғаларды тергеу актерілерінде көрсетілген шаралардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру; 4. Жазатайым оқиғалардың пайда болу фактісіне жол берген ЕТҰ-ның бірінші басшыларына тәртіптік жаза қолдану.

БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР (ЖАЛҒАСЫ):

Тәуекелдер атауы		Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (Қоғам стратегиясымен байланысты тәуекелдер)			
	Іске асырылатын/перспективті инвестициялық жобалардың тәуекелдері	Сыртқы тәуекел факторлары: ұлттық валютаның құнсыздануы; ұлттық валютаның құбылмалылығы; жеткізушілер мен мердігерлер тарапынан шарттардың талаптарының бұзылуы; зілзала мен табиғи апат; форс-мажор; бюрократиялық кідірістер және меморгандардың араласуы; жоғары тұрған ұйымдардың тапсырмасы бойынша жобаларды консервациялау; қолданыстағы заңнаманы өзгерту. Ішкі тәуекел факторлары: жоба бойынша құжаттарды келісу кезінде корпоративтік рәсімдердің ұзақтығы; жобаның жобалық-сметалық құжаттаманың және техникалық-экономикалық негіздеменің сапасының төмен болуы; өтімділіктің жетіспеушілігі.	1. «Самұрық-Энерго» АҚ іске асыратын инвестициялық жобаларға тұрқты мониторинг жүргізу; 2. 1) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның деректер базасы 2) ҚР ИДМ Жобалау офисі автоматтандырылған деректер базалары арқылы инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізді; 3. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның жобалары бойынша апта сайынғы анықтамалар мен таныстырылымдарды әзірлеу; 4. «Самұрық-Энерго» АҚ күрделі салымдарының орындалуына мониторинг жүргізу; 5. Инвестициялық жобаларды іске асыруға жеткілікті қажетті тарифтер деңгейін алу бойынша ҚР мемлекеттік органдарымен жұмыс жасау; 6. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қолдау алу бойынша ҚР мемлекеттік органдарымен жұмыс жасау;
	Көмір сату жоспарын орындамау тәуекелі	Сыртқы тәуекел факторлары: көмірге деген сұраныстың, соның ішінде РФ тұтынушылары тарапынан сұраныстың азаюы; тұтынушылардың отынның басқа түрлеріне (газға) көшуі; көмір бағасының бәсекеге түсе алмауы; көмір өндіру өндірісіндегі ірі авариялар және форс-мажорлар. Ішкі тәуекел факторлары: маркетингтің әлсіз болуы; кадрлардың тұрақтамауы.	1. Сыртқы және ішкі нарықта өткізудің қосымша каналдарын дамыту, қолданыстағы тұтынушыларды сақтау; 2. Көмірдің өзіндік құнын төмендетуге бағытталған шараларды жүзеге асыру; 3. Көмір сату және жылдық жөндеу бағдарламасын орындау жоспарының орындалуына мониторинг жасау.

БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР (ЖАЛҒАСЫ):

Тәуекелдер атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (Қоғам стратегиясымен байланысты тәуекелдер)		
Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі	Сыртқы тәуекел факторлары: қаржы-экономикалық дағдарыс нәтижесінде сұраныстың азаюы; нарықтағы бәсекелестік нәтижесінде тұтынушылардан айырылу; табиғи катаклизмдер және табиғи апат. Ішкі тәуекел факторлары: технологиялық бұзылу; Жабдықтардың моральдық және физикалық тозуының салдарынан қолданымдағы қуатының азаюы; кадрлар тұрақтамаушылығы; әлсіз маркетинг.	1. Электр энергиясын сатуда ішкі және сыртқы нарықта өткізудің қосымша каналдарын дамыту, қолданыстағы тұтынушыларды сақтау; 2. Графикте белгіленген мерзімде күрделі, ағымдағы кеңейтілген жөндеулердің орындалуына бақылау жасау; 3. Электр энергиясын сату және жылдық жөндеу бағдарламасын орындау жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізу; 4. Берілген электр жүктемелерін әзірлікте ұстап тұруға техникалық дайындықты қамтамасыз ету.
Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға байланысты тәуекел	Сыртқы тәуекел факторлары: заңнамада қажетті өзгерістердің болмауы; консультанттармен және акционерлермен трансформациялау бағдарламасын іске асыру үдерістері көзқарасындағы қайшылық. Ішкі тәуекел факторлары: қызметкерлер мен басшылықтың қатыстырылмауы; қызметкерлердің жоспарланған өзгерістерге қарсыласуы; бағдарламаны іске асыруға арналған ресурстардың жетіспеушілігі; 2-ші кезең кезінде тиімділікті қате есептеу.	1. Барлық деңгейдегі басшыларды бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыруға белсенді қатыстыру; 2. Трансформациялау бағдарламасының бекітілген Жол картасында қарастырылған шараларды орындау; 3. Трансформациялау бағдарламасының Жол картасын іске асыру барысы туралы есепті басшылыққа беру; 4. Трансформациялау орталық командасының әдістемесін және референстік модельдерін қолдану. Консультанттарды тарту; 5. Трансформацияның жобалау командасы үшін оқу өткізу.


БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР (ЖАЛҒАСЫ):

Тәуекелдер атауы		Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (қаржы қызметімен байланысты тәуекелдер)			
	Валюталық тәуекел	Сыртқы тәуекел факторлары: макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы; ұлттық валютаның құнсыздануы. Ішкі тәуекел факторлары: валюталық міндеттемелер көлемінің айтарлықтай артуы. Жоғары инвестициялық жүктеме және нәтижесінде шетел валютасындағы қарыз деңгейінің өсуі.	1. «Тәуекелдерді хеджирлеу қағидалары» құжатын әзірлеу және бекіту; 2. Ұлттық валютамен келісім-шарттар жасау жөніндегі талаптардың сақталуы; 3. Ашық валюталық ұстанымға және VaR-ға шектемелер қою; 4. Ашық валюталық ұстанымға мониторинг жүргізу.
	Кредиттік тәуекел	Сыртқы тәуекел факторлары: банк-контрагенттердің дефолты; мемлекетте қаржы-экономикалық ереженің нашарлауы. Ішкі тәуекел факторлары: кредиттік рейтингі төмен ЕДБ-да қаржатты орналастыру; сенімсіз компаниялардың бағалы қағаздарын сатып алу; Қоғамның ішкі кредиттік саясатын сақтамау.	1. Қазынашылық портфелінің негізгі параметрлерінің талаптарына сәйкес салынған уақытша бос ақшаларды қаржы құралдарына әртараптандыру; 2. УБА-ны орналастыру бойынша контрагенттің тәуекелдеріне сараптама жүргізу; 3. Банк-контрагенттерге шектемелер сақтау
	Тариф белгілеу тәуекелі	Сыртқы тәуекел факторлары: ҰЭМ ТМРБҚК-тің тарифтерді көтеруінен бас тарту (тарифтің өсуін тежеу); ҰЭМ ТМРБҚК тарапынан өтетін тариф пен сараланған тарифті енгізу; тарифтерді заңнамалық дәрежеде төмендету; заңнаманы өзгерту. Ішкі тәуекел факторлары: тариф саясатын сақтамау.	1. Тарифтерді бекіту (келісу) бойынша субъектінің тарифтік компаниясын сапалы дайындау; 2. ЕТҰ-лар үшін өтімдік (төмендетілген) тарифтерді енгізуді болдырмау үшін ҰЭМ ТМРБҚК-нің тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаларды уақытылы түзетуі; 3. Тарифтік саясатты мониторингілеу; ЕТҰ-ның тарифтік саясатының проблемалары бойынша апта сайынғы есеп; 4. Реттелетін нарықтардың және бәсекелестік нарықтың табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерін реттеу бойынша ҚР заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу қажеттігі жөніндегі ұсыныстарды енгізу

БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР (ЖАЛҒАСЫ):

Тәуекелдер атауы	Тәуекелдің сипаттамасы	Маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (қаржы қызметімен байланысты тәуекелдер)		
Сыртқы кредиттердің ковенанттын және листингтік талаптарын бұзу	Сыртқы тәуекел факторлары: ұлттық валютаның құнсыздануы, мұнайға, уранға бағалардың азаюы. Геосаясат шарттарының өзгеруі (мысалы: серіктестерге қатысты санкциялар). Ішкі тәуекел факторлары: кредиттік шарттардың талаптарын сақтамау; бюджеттік кіріс-шығыс бөлігін қате жоспарлау.	1. Қаржылық тұрақтылық және қарызды басқару жөніндегі саясатқа сәйкес ковенанттың сақталуына мониторинг жүргізу (қаржылық және қаржылық емес); 2. Қарыз және қаржылық тұрақтылық бойынша есеп дайындау; 3. Контрагенттерден келісу хатын алуға бағытталған шараларды уақытылы жүргізу (ковенантты бұзу қауіпкәтері кезінде) (letter of waiver).
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР		
Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі	Сыртқы тәуекел факторлары: табиғи апаттар; үшінші тұлғалардың қаскөйлік, соның ішінде лаңкестік шабуылдары. Ішкі тәуекел факторлары: қызметкерлердің қаскөйлігі; күзет ұйымына қойылатын біліктілік талаптарының төмен болуы; рұқсат қағазының және объект ішілік режимінің болмауы немесе сәйкес келмеуі; өндірістік жабдықты пайдалану режимін сақтамау.	1. Техникалық жағдайды анықтау мақсатында жабдыққа уақытылы диагностика жүргізу; 2. Жабдыққа қажетті жөндеуді уақытылы жүргізу; 3. Өндірістік объектілерді қорғау жөніндегі шараларды күшейту; 4. Өндірістік объектілердің қауіпсіздігі үшін күзет ұйымдарымен шарт жасау.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ЫҚТИМАЛДЫҒЫ



2015 жылы теңгенің айтарлықтай құнсыздануы салдарынан «Валюталық тәуекелді» іске асырумен байланысты Қоғам тәуекелдерінің сыни аймағына

«Іске асырылатын/перспективті инвестициялық жобалардың тәуекелдері» және «Сыртқы кредиторлардың кovenанты мен листингтік талаптарын

бұзу» жобалары көшті. Қоғамның компаниялар тобында жоғарыда көрсетілген тәуекелдерді мейілінше азайту үшін мына шаралар қабылданды:

- Инвестициялық бағдарламаларды оңтайландару бойынша жұмыс жүргізілді;
- Ковенанттың сақталуына мониторинг тұрақты негізді жүзеге асырылады;
- Кредиторлармен белсенді өзара іс-қимыл жүргізілуде;
- Қоғамның ашық валюталық ұстанымдары мен VaR бойынша шектелімдері бекітілді;
- Қоғамның «Тәуекелдерді хеджирлеу қағидасы» дайындалды;
- Мүмкіндігіне қарай шарттарды ұлттық валютамен жасау мақсатында жасалатын келісімшарттарға тұрақты мониторинг жүзеге асырылуда.

САПАНЫ БАСҚАРУ

Корпоративтік менеджмент жүйесі (бұдан әрі – КМЖ) – әлемдік стандарттарға сәйкес келетін өндіріс деңгейіне шығу мақсатымен ұйымға ендірілетін стандарттар жүйесі. КМЖ – бұл өндіріс пен қызмет сапасының тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс Қоғамның жалпы басқару жүйесінің құрамдас бөлігі. Әдістемелік жағынан қарағанда, КМЖ – бұл Қоғамның қызмет сапасын басқаруға бағытталған шаралар жүйесі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік менеджмент жүйесі саласындағы саясатына сәйкес (Басқарманың 29.07.2011ж. №17 хаттамасы) Қоғам Басқармасы ISO 9001:2008 «Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар» халықаралық стандарт талаптарына сәйкес КМЖ-ны енгізу туралы стратегиялық шешім қабылдап, тұрақты негізде қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге кепілдік берілді.

ISO 9001:2008 халықаралық стан-

дарттарына және Қоғам Басқармасының 28.11.2014ж. (№17 хаттама) «Корпоративтік менеджмент жүйесінің нұсқаулығы» бекітілген шешіміне сәйкес 2015 жылғы қараша айында Қоғам КМЖ-нің ISO 9001:2008 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне Сыртқы Қадағалаушы аудиттен табысты өтті. Сертификат аудитін энергетикалық активтерді корпоративтік басқару жөніндегі қызметтер бөлігінде саланы қолдана отырып, TUV Rheinland сертификат орталығы өткізді.

Жүргізілген аудит қорытындысы бойынша Қоғамда КМЖ-ны дамыту мен оның қолданылуының жағымды тұстары атап өтілді:

- Қоғам басшылығының әзірленген КМЖ-ны жетілдіру мен дамытуға деген ниеті. Отырыстарында КМЖ-ның тиімділік мәселелері қарастырылатын Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитетінің Төрағасы Қоғамның Басқарма Төрағасы болып табылады;
- теңгерімді көрсеткіштер жүйесін ендіру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;
- тәуекелдерді басқару моделі әзірленіп, белсенді қолданылуда, бұл Қоғамның шығыстарын барынша азайтуға мүмкіндік береді. Оны талдау бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде;
- түпкілікті тұтынушылардың компанияны қабылдауын бағалау мақсатында Қоғам мен еншілес компаниялар үшін бедел аудитінің өтуін ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілуде;
- персоналдың біліктілігін қамтамасыз ету бойынша тиісті құжаттармен расталған егжей-тегжейлі шаралар кешені әзірленді (іріктеу, тестілеу, кадр резерві және т.б.). Персоналды оқытуды бағалау жүйесі пысықталып, іс

жүзінді қолданылуда;

- тест режимінде жобаларды онлайн басқару жүйесі енгізілді;
- персоналдың біліктілігі мен КМЖ-ны жетілдіру деңгейі жоғары болуы.

КМЖ қызметтің әрбір бизнес-бағыты бойынша қызметті нақты бөлді, бұл Қоғамның компаниялар тобында корпоративтік орталық деңгейінде операциялық бақылауды күшейтуді және негізгі шешімдерді қабылдау үдерістерінің ортылқандырылуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Қоғам қызметкерлері «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 29.04.2014ж. (№6 хаттама) шешімімен бекітілген «Корпоративтік менеджмент жүйесін ұйымдастыру және оған талдау жүргізу қағидаларына» сәйкес КМЖ-ға баға берді, 2015 жылғы мамырда менеджмент жүйесі бойынша басшылықтың өкілі бекіткен «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы 2014 жылғы ISO 9001:2008 стандарттарының талаптарына сәйкес корпоративтік менеджмент жүйесінің жұмысы туралы есепке» баға берілді. Жоғары басшылық тарапынан КМЖ-ге талдау жүргізу Қоғам басшылығының КЖМ-нің ISO 9001:2008 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін тұрақты бағалау, сондай-ақ оны жақсарту бойынша мүмкіндікті іздеу мақсатында өткізіледі. Осы талдауда Қоғамның әрбір үдерісіне баға берілді, нәтижелері бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Менеджмент жүйелерін халықаралық стандарттар негізінде жетілдіру еліміздің энергетикалық нарықтағы ұстанымын серпінді дамыту мен күшейтудің маңызды факторы болып табылады.

09

ОРНЫҚТЫ ДАМУ



«Самұрық-Энерго» АҚ-ның қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсерді азайту және «таза» технологияларды дамыту бойынша қол жеткізген жетістіктері мемлекеттік деңгейде бағаланды. Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы жетістіктеріміз үшін біздің компаниямызға 2015 жылғы «Парыз» Президенттік сыйлығының гран-приі берілді, оны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тапсырды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы сапа менеджменті жүйесі.

Қазақстандағы ірі электр энергетикалық компаниялардың бірі бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ қоғам үшін орнықты дамуы үдерісіндегі өзінің айтарлықтай рөлін түсінеді. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану Қоғам мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезде Компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясы мен Экологиялық саясатынан көрініс тапқан Компанияның табиғатты қорғау саласындағы қызметінің басым даму бағыттары мен мақсаттары анықталуда.

Компания жаңа технологияларды енгізу және жаңартылатын энергия көздерін қолдану арқылы өндірістік қызметтің қоршаған ортаға етер әсерін біртіндеп азайтуды жоспарлайды.

Төменде менеджменттің экология саласындағы әр аспект бойынша тәсілдемесіне қатысты қысқаша мәліметтер сипатталған.

2. Материалдарды, энергияны, суды тиімді пайдалану, биоәртүрлілікті сақтау, оның ішінде:

С4-ЕН1. САЛМАҒЫ МЕН КӨЛЕМІНЕ ҚАРАЙ ЖҰМСАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы өзінің қызметін жүзеге асырған кезде әрі қарай электр немесе жылу

энергиясына айналдыру үшін қолданылатын табиғи ресурстар сатып алынады. Табиғи ресурстармен қатар, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы тұтыну көлемі жағынан маңызы едәуір төмен химиялық өнімдерді, жағармайлар мен салқындататын сұйықтықтарды да пайдаланады.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобының бірқатар еншілес және тәуелді ұйымдарында күні бүгінге дейін құрамында полихлорланған дифенилдер (одан әрі – «ПХД») бар қондырғылар қолданылады. ПХД трансформаторлардағы, конденсаторлар мен басқа да электр қондырғыларындағы диэлектрлік сұйықтық ретінде пайдаланылады, олар адам денсаулығына қауіп-қатер тудырады. ПХД-мен улану қаупінің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасында «Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына» (одан әрі – «ООЛ») қол қойылды. Аталған құжатқа сәйкес, Қазақстан Республикасы Конвенцияның бір тарапы бола отырып, мынадай іс-шараларды іске асыруға тиісті болады:

- Қазақстан Республикасында құрамында ООЛ бар заттарды экспорттауға, импорттауға, өндіруге тыйым салу;
- 2025 жылға қарай құрамында ПХД бар қондырғыларды (яғни, трансформаторларды, конденсаторларды немесе құрамында заттектердің сұйық қалдықтары бар басқа да қабылдағыштарды) қолдануды тоқтату;
- ООЛ-дың әдейі тасталмаған

- шығарындыларын азайту бойынша шаралар қабылдау;
- ООЛ-мен уланған учаскелерді анықтау бойынша арнайы стратегия әзірлеуге күш салу;
 - ООЛ-дың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға төндіретін қаупі туралы жұртшылықты хабардар ету.

Қолданылатын материалдардың қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту үшін «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы жаңартылатын энергия көздерін, атап айтқанда күн және жел энергиясын молынан пайдалануды жоспарлауда, бұл атмосфераға бөлінетін зиянды шығарындыларды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

Конвенция бойынша жоғарыда аталған іс-шараларды орындау нәтижесі экологиялық жағдайдың жақса-

руы болмақ, ол жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығына оң әсер етеді.

G4-EN8. СУ КӨЗДЕРІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ АЛЫНАТЫН СУДЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша су бірінші кезекте су электр станцияларындағы, жылу және мемлекеттік аудандық электр станцияларындағы электр қондырғыларын, циркуляциялық жүйелерді және айналымды сумен қамтамасыз етудің қосалқы технологиялық үдерістерін суыту үшін қолданылады. Алынған судың біраз бөлігі технологиялық үдерісте қолданылған кезде буланып кетеді. Судың негізгі бөлігі өндіріс үдерістерінде қолданылған соң және механикалық, физика-химиялық және биологиялық тазартулардан өткеннен

кейін табиғи ортаға қайтарылады. Су ресурстары және экология жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар су жинауға қатысты мәселелерді реттейді, атап айтқанда, еншілес және тәуелді ұйымдар қатысатын өңірлердің экожүйелеріндегі судың деңгейіне ерекше көңіл бөлінеді. Технологиялық үдерісте пайдаланылған суды жоғалту көлемінің азаюы орта мерзімді перспективадағы басым бағыт болып табылады.

G4-EN9. СУ БӨГЕТІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕРІН ТІГІЗЕТІН СУ КӨЗДЕРІ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының су көздеріне тигізетін айтарлықтай әсері жоқ. Су көздерінен алынатын су бірнеше қайтара әрі зиянды шығарындыларсыз пайдаланылады.

EN10 БІРНЕШЕ РЕТ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ҚАЙТАРА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН СУДЫҢ ҮЛЕСІ МЕН ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

Бірнеше рет және екінші қайтара пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі		
	Өлшем бірлігі	Объем
Алынатын судың жалпы көлемі	мың м³	60 887 587
Бірнеше рет немесе екінші қайтара пайдаланылатын судың көлемі	мың м³	76 883
Бірнеше рет немесе екінші қайтара пайдаланылатын судың үлесі	%	1

G4-EN11. БИОӘРТҮРЛІЛІК

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы өз қызметінің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне тигізер әсерін барынша азайтады. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының электр энергетикалық активтері орналасқан ұлттық табиғи парктер мен қорықтары бар өңірлерге айырықша назар аударылады.

Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында биоәртүр-

лілікті басқару саласындағы реттеуші құжаттар әзірленбеген. Биоәртүрлілікті басқару жөніндегі құжаттардың болмауына қарамастан, «Самұрық-Энерго» тобының әр компаниясы үнемді өндіріс үдерісін қолдану және жануарлар мен өсімдіктер әлемінің қауіпсіздігін арттыратын жаңа технологияларды енгізудің маңыздылығын түсінеді. Қазақстанда да, әлемдегі сияқты орнықты даму аспектілерінің күн санап өсіп келе жатқан маңызын ескере отырып,

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы өздері орналасқан және жұмыс істейтін өңірлерде биоәртүрлілікке бақылау жасау мен оны басқаруды жақсартуды жоспарлайды. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының ұйымның меншігіндегі, жалға немесе басқаруына берілген және қорғалатын табиғи аумақтарға, сондай-ақ сондай-ақ табиғи аумақтар шегінен тыс аумақтардағы немесе мұндай аумақтарға жапсарлас жатқан биоәртүрлілігінің құн-

дылығы жоғары аумақтарда орналасқан өндіріс алаңдары бар. Іле Алатауы табиғи паркінде «АлЭС» АҚ СЭС каскадының өндірістік объектілеріне 48,4 га жер жалға берілген.

G4-EN12. ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР МЕН ТАБИҒИ АУМАҚТАР ШЕГІНЕН ТЫС АУМАҚТАРДАҒЫ БИОӘРТҮРЛІЛІГІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНАТЫН АУМАҚТАРДАҒЫ БИОӘРТҮРЛІЛІККЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ, ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның өндірістік нысандары қорғалатын табиғи аумақтар мен табиғи аумақтар шегінен тыс аумақтардағы биоәртүрлілігі жоғары бағаланатын аумақтардағы биоәртүрлілікке айтарлықтай әсер етпейді.

G4-EN14. ТҮРЛЕРДІҢ ӨМІР СҮРУІНЕ ҚАУІП ТӨНУ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕ, ХТҚО ТІЗІМІНЕ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАЛАТЫН ТҮРЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН, ҰЙЫМ ОРНАЛАСҚАН

АУМАҚТАРДА ТІРШІЛІК ЕТЕТІН ТҮРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы орналасқан аумақтарда ХТҚО-ның қызыл тізіміне және Ұлттық қорғалатын түрлердің тізіміне енгізілген түрлер жоқ.

3. Санкция салынбаған және нормативтен тыс шығарындылардың, қалдықтардың алдын алу

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2015 жылы санкция салынбаған және нормативтен тыс қалдықтарының шығарындылары болған жоқ.

G4-EN15. ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ (1-ҚАМТУ АЙМАҒЫ)

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының жұмысы нәтижесінде атмосфераға шығарылатын реттелетін парниктік газ жылу және электр энергиясын, сондай-ақ көмір

өндіру арқылы пайда болатын көмірқышқыл газы (CO₂) болып табылады. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының өндіру деңгейінің өсуі атмосфераға шығарылатын парниктік газ шығарындыларының артатынын көрсетеді.

Биосалмақты сұйылту немесе оның іріп ағуы салдарынан пайда болатын CO₂ шығарындылары жоқ.

Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің Ұлттық жоспарына сәйкес, 2014-2015 жылдарға үшін базалық жылдар ретінде 2012-2013 жылдар таңдап алынған. Базалық жылы шығарындылар 33 799 290 мың тоннаны құрады, 2015 жылы парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту көзделмеген.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2015 жыл бойында Ұлттық жоспарда белгіленген парниктік газдар нормативтен тыс шығарылған жоқ.

Сондай-ақ, экологиялық заңнамаларда талаптардың болмауы салдарынан парниктік газдардың қарқындылығына есеп жүргізілмейді.

G4-EN21. АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН NO_x, SO_x ЖӘНЕ БАСҚА ДА МАҢЫЗДЫ ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Атмосфераға шығарылатын NO _x , SO _x және басқа да маңызды ластағыш заттардың шығарындылары			
	2013	2014	2015
NO _x , тонна	63 995	63 127	53 000
SO _x , тонна	181 993	143 994	125 800
Орнықты органикалық ластағыштар (CO ³), тонна	н/д	0,00000004	-
Ұшқыр органикалық қосылыстар (ҰОҚ), тонна	45 142	120	107
Қауіпті ауа ластағыштар, тонна	-	-	1,6
Нүктелі және ұйымдаспаған көздерден шығатын шығарындылар	-	-	9 329
Қатты бөліктер, тонна	60 847	39 767	30 100
Нормативтік актілерде пайдаланылатын атмосфераға шығарылатын шығарындылардың басқа да стандартты санаттары, тонна	45 740	128 151	57 498

G4-EN23. ҚАЛДЫҚТАРДЫ ТҮРЛЕРІ МЕН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ САЛМАҒЫ

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобының өндірістік қызметі нәтижесіндегі әдеттегі қалдықтар қатарына жанған көмірден қалған күл, қож, трансформаторлық майлар, пайдаланылған сынапты шамдар мен аккумулятор батареялары жатады. Қазіргі кезде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында қалдықтарды басқарудың бірыңғай тәсілі жоқ.

Қауіптілік деңгейі бойынша барлық (өндірістік және коммуналдық) қалдықтар екіге бөлінеді:

- Жасыл - G индексі (қауіпті емес);
- Янтарь түсті - A индексі (қауіпті);
- Қызыл - R индексі (қауіпті).

Құрамында сынап бар қалдықтар бәрінен де уытты әрі қауіпті болып саналады (пайдаланылған люминесцентті шамдар), олар қауіптіліктің (янтарь) деңгейіне жатады, бұл қалдықтар мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылады.

«Самұрық-Энерго» ЕТҰ-лары қалдықтарды басқару барысында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен Қалдықтарды дұрыс пайдалану нормативтерін (ҚДПН) басшылыққа алады. Пайда болу түріне қарай қалдықтар өндірістік:

- «пайдаланылған трансформатор майлары», «майлық шүберектер», «металл сынықтары», «құрамында ПолихлорДифинил (ПХД) бар бұзылған конденсаторлар», «құрамында сынап бар шамдар», «өндіріс және құрылыс қалдықтары» жән т.б.;
- коммуналдық: «қатты тұрмыстық қалдықтар» – күнделікті тіршілікте пайда болатын қалдықтар деп бөлінеді.

Пайдаланылған сынапты шамдар, пайдаланылған аккумуля-

торлар мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес кәдеге жарату үшін жөнелтіледі.

Пайдаланылған майлар, трансформатор майлары май тазартатын жабдықтарда жаңартылғаннан кейін кәсіпорында қайтадан пайдаланылады.

Пайдаланылған оқшаулағыштар, электронды сынықтар мен құрылыстан қалған қоқыстарды мердігерлік ұйымдар қалдықтарды қабылдауға арналған талондар бойынша өнеркәсіптік полигондарға апарды.

Түсті және қара металл сынықтары тауарларды сату шарттары бойынша тапсырылады.

ҚТҚ мердігерлік ұйымдармен жасалған шарттар бойынша белгіленген көлемге сәйкес полигондарға шығарылады.

Құрамында сынап бар қалдықтар бәрінен де уытты әрі қауіпті болып саналады (пайдаланылған люминесцентті шамдар), олар құрамындағы сынабы мен қоспаларды алу үшін мамандандырылған кәсіпорындарға тапсырылады.

G4-EN24. МАҢЫЗДЫ ТӨГІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ МЕН КӨЛЕМІ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2015 жылы тіркелген төгінділер жоқ.

G4-EN25. БАЗЕЛЬ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ I, II, III ЖӘНЕ VIII ҚОСЫМШАЛАРЫНА СӘЙКЕС «ҚАУІПТІ» ДЕП ЕСЕПТЕЛЕТІН ТАСЫМАЛДАНҒАН, ИМПОРТТАЛҒАН, ЭКСПОРТТАЛҒАН НЕМЕСЕ ҚАЙТА ӨңДЕЛГЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ САЛМАҒЫ, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЛДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ ПАЙЫЗЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша тасымалданған, импортталған, экспортталған немесе өңделген қалдықтар болған жоқ.

G4-EN26. ҰЙЫМНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ МЕН ОНЫҢ АУМАҒЫНАН КЕЛЕТІН ҮСТІҢГІ АҒЫС АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТЕТІН СУ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТІРШІЛІК ЕТУ ОРТАСЫНЫҢ БИОӘРТҮРЛІЛІГІ ТҰРҒЫСЫНАН АЛҒАНДАҒЫ ҚОРҒАЛУ ТИІСТІЛІГІ, МӨЛШЕРІ, МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Экологиялық қауіпсіздік және табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын тиімді пайдалану «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының жұмысында маңызды орын алады.

Электр станцияларының қалыптасуы жұмыс істеуіне қажетті су жинау және су төгінділерінің көлемін азайту Қазақстан Республикасының экожүйесіне шығарылатын су төгіндісін біртіндеп, жүйелі түрде азайту міндетін шешу үшін кезек күттірмейтін шара болып табылады.

Жұмыс істеп тұрған станциялардың төгінділері Қазақстан Республикасының су көздеріне түспестен бұрын ағын сулардағы ластаушы элементтердің шектеулі қалпынан асып кетпеуіне талдау жасалады. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобын кәсіпорындарының барлық шығарындылары Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамаларының талаптарына сай келеді.

G4-EN29. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАЛАР МЕН НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАРДЫ САҚТАМАҒАНЫ ҮШІН САЛЫНАТЫН МАҢЫЗДЫ АЙЫППҰЛДАРДЫҢ АҚШАЛАЙ МӘНІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС САНКЦИЯЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2015 жылы экологиялық заңнамалар мен нор-

мативтік талаптарды сақтамағаны үшін маңызды айыппұлдар мен қаржылық емес санкциялар салынған жоқ.

G4-EN30. ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨНІМДЕРДІ, БАСҚАДА ТАУАРЛАР МЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС КҮШІН ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТИГІЗЕТІН ЕЛЕУЛІ ӘСЕРІ

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобының негізгі өнімдері мен көрсететін қызметі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын тарату және тасымалдау, көмір өндіру, электр энергетикалық кешен нысандарын қайта жаңарту және жаңғырту болып табылады. Өзекті мақсат – ұсынылатын қызмет түрлері мен өнімді қол жеткен деңгейде ұстап тұру, сондай-ақ электр энергетикасы мен көмір өндіру саласындағы өнімдер мен қызмет түрлеріне қатысты батыс стандарттарын қолдана отырып, сапа мен басқа параметрлерді одан әрі жетілдіру.

Жасалған жұмыстардың нәтижесі ретінде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы Қазақстан Республикасы аумағында ұсынылатын тауарлар мен қызмет түрлерінің сапасы мен параметрлеріне қойылатын барлық талаптарды сақтайды.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы үшін басым бағыт еншілес тәуелді ұйымдардың қызметі нәтижесінде пайда болатын парниктік газдардың шығарындыларын барынша азайту болып табылады. Қызметкерлер мен отын тасу үшін қолданылатын парниктік газдардың шығарындылары электр немесе жылу энергиясын өндіруден алынған шығарындылармен салыстырғанда болар-болмас қана. Электр энергиясын тасымалдау барысында көп

жағдайда атмосфераға шығарылатын шығарындылар мен су объектілеріне зиянды заттарды төгуге алып келетін үдерістер жоқ.

Компанияның ұйым қызметі үшін қолданылатын өнімдер мен басқа да тауарлар мен материалдарды тасымалдаумен, сондай-ақ жұмыс күшін тасымалдаумен байланысты қоршаған ортаға тигізетін айтарлықтай әсері жоқ.

4. Түрлері бойынша бөлгендегі қоршаған ортаға жұмсалатын жалпы шығындар мен инвестициялар

G4-EN31. ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖҰМСАЛАТЫН ЖАЛПЫ ШЫҒЫНДАР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаға жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар 2015 жылы шамамен 1,035 млрд теңгені құрады.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы энергия тиімділігін арттыруға ықпал етуге бар күшін салады. Бұл мәселедегі басымдықты шаралар ескірген электр қондырғыларын жақсартып, жаңғырту, электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау мен тарату бойынша тиімділікті арттыру, халыққа электр және жылу энергиясын ұқыпты пайдалана білу дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Осы мақсатта «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында манадай жұмыстар жүргізілді:

1. «Екібастұз ГРЭС-1 станциясы» ЖШС-да:
 - №2 және №1 энергия блоктарына жаңа буынды электр сүзгілерін орнату арқылы күл аулау жүйесін қайта құру;

- №2 қазандық агрегатында эмиссиясы төмен оттықты монтаждағаннан кейін оттық режимін жөндеу.

2. «Богатырь-Көмір» ЖШС-да:

- Бұрғылау станоктарындағы аспирациялық жүйені жөндеу.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның табиғатты пайдаланушы еншілес тәуелді ұйымдары жыл сайын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындайды. Іс-шаралар жоспары мынадай аспектілерден тұрады:

- атмосфералық ауаны қорғау;
- күл үйіндісінің шаңын басуға арналған іс-шаралар;
- су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;
- басқару және озық қауіпсіз технологиялар жүйелерін енгізу;
- ғылыми-зерттеу, іздестіру және басқа жұмыстар;
- экологиялық оқу және насихат.

Жалпы алғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту үшін қажетті барлық іс-шаралар жүргізіледі. Жаңартылатын энергия көздерін, атап айтқанда, жел және күн электр станцияларын салуға айырықша көңіл бөлінеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

1. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Орнықты даму мен бизнестің тиімділігі — бұл ең алдымен компания қызметкерлерінің күн сайынғы еңбегі.

Жоғары білікті және адал персонал тиімді бизнестің кепілі екенін сезіне отырып, Қоғам Даму стратегиясын және Трансформациялау бағдарламасын іске асыру аясында персоналды басқарудың тиімді жүйесін құруға ерекше назар аударады, үздік кадрларды тартуға, оларға жұмыс жасауға қолайлы жағдай туғызуға және жоғары деңгейде әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге тырысады, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби деңгейін тұрақты түрде көтеруге ықпал етеді.

Қоғам жұмыс барысында қызметкерлердің үздік кәсіби және жеке басының қасиеттерінің ашылуына барынша көп күш салады.

Персоналды басқару саласындағы саясат қолданыстағы Кадр саясатында және персоналды оқыту, іріктеу, бағалау және бейімдеу жөніндегі регламенттерде, сондай-ақ Іскерлік этика кодексінде көрсетілді. Ол Қоғам қызметкерлері өз әрекеттерінің Қоғам миссиясына, корпоративтік басқару мен іскерлік этиканың қабылданған қағидаттарына сәйкестігінің маңыздылығын түсінуге, сондай-ақ үздік іскерлік мінез-құлық тәжірибесін қолдану арқылы мүдделі тұлғалармен өзара тиімді қатынасқа ықпал ететін Қоғамдағы корпоративтік мәдениетті дамытудың маңызды құралы болып табылады.

2. ПЕРСОНАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

2015 жылы Қоғам тобы қызметкерлерінің тізімдік саны 22 650 адамды құрады.

2015 жылдың аяғында персонал санының құрамында әкімшілік қызметкерлердің үлесі 8,3%-ды құрады. Ерлер мен әйелдердің ара қатынасы мынадай: әйелдер—27% (6 189 адам); ер адамдар — 73 % (16 461 адам).

Қоғамның компаниялар тобы персоналдарының 2015 жылдың аяғындағы орташа жасы 41 жасты құрады.

30-ға толмаған жас қызметкерлердің үлесі 23,2%-ды (5 265 адам) құрады.

Жоғары білімі бар персонал саны Қоғамның компаниялар тобының жалпы санының 34%-ын құрайды.

Жоғарғы менеджменттің үлесі Қоғам тобы персоналы жалпы санының 0,3%-ын пайызын құрады.

Жоғарғы менеджменттің жасы: 30-ға толмағандар — 1,6%, 30-дан 50-ге дейінгілер — 56,5%, 50-ден асқандар — 41,9%.

Қоғамның тобы бойынша энергетика саласындағы орташа жұмыс өтілі 11,8 жылды құрайды.

Қоғам компанияларының тобындағы кадрлардың жалпы тұрақтамаушылығы (барлық себептер бойынша) 2015 жылы жалпы тізімдік санның 11,6%-ын құрады, бұл 2014 жылдың көрсеткішінен 0,8%-ға (2014 жылы — 12,4%) төмен.

Есепті кезең ішінде Қоғамның компаниялар тобына 2 300 жаңа қызметкер қабылданды.

Персонал сапасын қамтамасыз ету үшін Қоғамда бос орындарға үміткерлерді конкурстық іріктеу рәсімдері жүзеге асырылады, ол ашықтық пен мөлдірлік қағидаттарына негізделген.

Конкурстық іріктеу рәсімдері үміткерлердің қазақ және ағылшын тілдерін білу деңгейін анықтауға тест жүргізуді, кәсіби білім деңгейін анықтауды, сонымен бірге Конкурстық комиссияның сұхбаттасып, аңгімелесу өткізуін қарастырады.

Мұнда бос орынды иеленуге өздерінің мінездемелері бойынша үміткерлерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін қызметкерлер басым құқыққа ие болады.

Сөйтіп, ағымдағы жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша 460 бос орын ашылды, оның 419-ы үміткерлерді конкурстық іріктеу арқылы жабылды.

Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру мақсатында Қоғамның еншілес ұйымдарында басқарушы және басшылық лауазымдарды иелену үшін үміткерлерді еншілес ұйымдардың/Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы арқылы келісу және тағайындау тәжірибесі енгізілді.


2015 ЖЫЛЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ТҮРІ БОЙЫНША
ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛДАУ
ШАРТЫНЫҢ ТҮРІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ САНЫ




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ӨҢІРЛЕР
БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ САНЫ




ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖЫНЫСҚА ҚАРАЙ
БӨЛГЕНДЕГІ ЖАЛПЫ САНЫ




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕГІ
ЖАҢАДАН ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ЖАСЫНА ҚАРАЙ БӨЛГЕНДЕГІ
ЖАҢАДАН ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ӨҢІРЛЕРГЕ ҚАРАЙ БӨЛГЕНДЕГІ
ЖАҢАДАН ЖАЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР




ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ
БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЫНЫСЫНА ҚАРАЙ БӨЛГЕНДЕГІ
КАДРЛАР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ



2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ЖАСЫНА ҚАРАЙ БӨЛГЕНДЕГІ
КАДРЛАР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ




2015 ЖЫЛ БОЙЫНША ӨҢІРЛЕРГЕ БӨЛГЕНДЕГІ
КАДРЛАР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ




«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТОБЫНЫҢ САНАТТАРҒА
БӨЛГЕНДЕГІ ПЕРСОНАЛ САНЫ



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ПЕРСОНАЛ САНЫ



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ӨТІЛІ БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР



* «Самұрық-Энерго» АҚ КО есепке алмағанда

LA12: ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЫНЫСЫ, ЖАСЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ЖӘНЕ АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІ КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРАМЫ

№	Көрсеткіш	Қызметкерлер	Үлесі
1.	Жынысы	22 650	-
1.1.	Ерлер	16 461	72,7%
1.2.	Әйелдер	6 189	27,3%
2.	Аз ұлттар топтары (нәсілдік/этникалық, діни, мүмкіндіктері шектеулі)	22 650	-
2.1.	Қазақтар	12 552	55,4%
2.2.	Орыстар	7 407	32,7%
2.3.	Украиндар	876	3,9%
2.4.	Ұйғырлар	352	1,6%
2.5.	Татарлар	413	1,8%
2.6.	Немістер	359	1,6%
2.7.	Белорустар	153	0,7%
2.8.	Корейлер	82	0,4%
2.9.	Басқалар	456	2,0%
3.	Жасына байланысты топтар	22 650	-
3.1.	30-ға дейінгілер	5 265	23,2%
3.2.	30-дан 50 жасқа дейінгілер	10 388	45,9%
3.3.	50-ден асқандар	6 997	30,9%

**LA12: ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖЫНЫСЫ,
ЖАСЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ АЗ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРАМЫ**

№	Көрсеткіш	Үлесі
1.	Жынысы	-
1.1.	Ерлер	93,5%
1.2.	Әйелдер	6,5%
2.	Аз ұлттар топтары (нәсілдік/этникалық, діни, мүмкіндіктері шектеулі)	
2.1.	Қазақтар	82,3%
2.2.	Орыстар	9,7%
2.3.	Украиндар	1,6%
2.4.	Ұйғырлар	0,0%
2.5.	Татарлар	0,0%
2.6.	Немістер	0,0%
2.7.	Белорустар	1,6%
2.8.	Корейлер	4,8%
2.9.	Басқалар	0,0%
3.	Жасына байланысты топтар	
3.1.	30-ға дейінгілер	1,6%
3.2.	30-дан 50 жасқа дейінгілер	56,5%
3.3.	50-ден асқандар	41,9%

3. ПЕРСОНАЛДЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

Персоналды басқару саясаты Компанияның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын, оларға қол жеткізу жолдарын және негізгі көрсеткіштерін белгілейтін бизнес-стратегияның ережелеріне сүйенеді. Кадр саясатында еңбек ресурстарының сапасын арттыруға, персоналды ұзақ мерзімді болжамдауға, біліктілік талаптары мен кәсіби стандарттарды арттыруға, оқу орталықтарының жаңғыртылуына және қосарлы оқыту жүйесіне басым мән беріледі. Кадрлық резервінің жасақталуына және басшы ұстанымына сабақтастықты жоспарлауға баса назар аударылады. Қызметті бағалау, қызметкерлерді жоғарылату және ынталандыру жүйесі арасындағы байланыс күшейтіледі.

Персоналды басқару саясатындағы

негізгі бағыттардың бірі Қоғамның персоналын дамыту, оның біліктілігін арттыру, басқарушылық дағдыларын дамыту, сала бойынша жаңа білім алу болып қала береді.

Трансформацияның Жол картасын іске асыру аясында 2015 жылы қызметкерлерді дамытудың бағыттары трансформациялауда көшбасшыларды дамытуға бағытталған оқыту шаралары, жобаларды басқару, ситуациялық көшбасшылық және тиімді командаларды құру болды.

Осылайша, ағымдағы жылы басшылар үшін Адизес әдістемесі бойынша «Синдаг» курстары, сондай-ақ «Көшбасшылық трансформациясы» модульдік бағдарламасы бойынша оқу курстары ұйымдастырылды.

Бизнесті трансформациялау командасының мүшелері болып табылатын Қоғам тобының қызметкерлері АРИС жүйесінде модельдеу негіздері бойын-

ша оқудан және Cobit 5 сертификаттау бағдарламасынан өтті және New кеңесіне қатысты.

Сондай-ақ, Қоғам трансформациясының Жол картасына сәйкес 2015 жылдың 1-ші жартыжылдығында жобалар, жауапкершіліктің жаңа салалары арқылы жұмыс орнында оқыту шараларының 70%-ын, консультациялау мен тәлімгерлік арқылы 20%-ын және сыртқы оқыту арқылы 10%-ын іске асыруды болжайтын 70/20/10 қағидаты бойынша жаңа нысандағы Қоғам қызметкерлерін дамытудың 2015-2016 жылдарға арналған жеке жоспарлары әзірленді.

«Самұрық-Қазына» АҚ қаржы-экономикалық блогы қызметкерлері біліктілігінің деңгейін жоғарылату жөніндегі бастамаларды іске асыру мақсатында Қоғам тобы бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттырудағы басым бағыты қаржы-экономикалық блогының қыз-

меткерлерін сертификаттау болып қала береді.

Осылайша, Қоғамның компаниялар тобының ҚЭБ қызметкерлерінің сертификатталған қызметкерлерінің пайызы ағымдығы жылы 52%-ды құрады және Қордың 2015 жылдың соңына дейін сертификатталған қызметкерлерінің 50%-ын қамтамасыз ету талабына сәйкес келеді.

Қызметкерлердің кәсіби деңгейін тұрақты түрде көтеру мақсатында Қоғам компанияларының тобында ішкі және сыртты жаттықтырушыларды тарта отырып, «Алматы электр станциялары» АҚ-ның, «Алматы Жарық Компаниясы» АҚ-ның, «Богатырь Көмір» ЖШС-ның меншікті оқу орталықтары негізінде оқыту, сондай-ақ өндірістік үдерістерді жетілдіру және жаңа технологияларды игеру үшін Қоғам тобының ішіндегі білімді жинақтауға, жүйелендіруге, сақтауға және беруге мүмкіндік беретін жұмыс орнында оқыту іске асырылуда.

Қызметкерлердің ағылшын тілін білу деңгейін арттыру үшін Қоғамда

топтық және жеке нысанда тіл курстары іске асырылады.

Қоғамның еншілес ұйымдарында мемлекеттік тілді оқыту бойынша курстар табысты жүргізілуде.

Соған қоса, Қоғам қызметкерлердің Қоғамның стратегиялық даму талаптары мен перспективаларын ескере отырып, техникалық тағылымдамаларға, семинарларға, тренингтерге, конференцияларға, форумдарға қатысуды қарастыратын Қоғамның басшы және басқарушы қызметкерлерін дамытуға айрықша назар аударады.

Жыл сайынғы шаралар аясында Қоғам қызметкерлерінің Еуразиялық бизнес форумына, Астана экономикалық форумына қатысуы, Ресей делегациясының құрамында Шанхай қаласында өтетін Қытай энергетикалық аптасына, сондай-ақ Париж қаласында өтетін Ішкі аудит институттары Еуропа конфедерациясының конференциясына және т.б. қатысуы қамтамасыз етілді.

Осылайша, 2015 жылы Қоғамның компаниялар тобында 14 866 қызмет-

кер оқудан өтті, шығындардың жалпы сомасы 377 700 мыңнан аса теңгені құрады, 2015 жылы еңбекке ақы төлеу қорынан компания тобы бойынша персоналды оқыту мен дамытуға бөлінген инвестициялар 0,9%-ды құрады.

Қоғамның мақсаттарына тиімділікпен жету үшін «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында персоналдың нәтижелілігін бағалау жүйесі ендірілді.

Қоғамда 2015 жылы Қоғамды трансформациялаудың Жол картасына сәйкес Көшбасшылық құзыреттер моделін ескере отырып, қызметке жылдық бағалау жүргізу үдерісін, қорытынды рейтингтер шығаруды және қызметкерлерді Таланттар картасы бойынша (gbox) үйлестіруді қарастыратын қызметкерлерді жұмысын бағалау жүйесі жетілдірілді.

Қоғам мен еншілес компаниялардың басшы және басқарушы қызметкерлері үшін НҚК бойынша қызметті бағалау қолданылады.

LA9: БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ БІР ҚЫЗМЕТКЕРДІ ОҚЫТУҒА БӨЛІНЕТІН САҒАТТАРДЫҢ ОРТАША САНЫ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫНА БӨЛГЕНДЕ

№	Персонал санаты	2015 жылдың аяғындағы жалпы саны	2015 жыл ішіндегі даярлық сағаттарының саны	Бір қызметкерге бір жыл ішінде бөлінген даярлық сағаттарының орташа саны
1.	Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	85	2 521	29,6
2.	ӘБП	1 661	27 482	16,5
3.	Өндірістік персонал	20 441	1 025 944	50,1
4.	Қызмет көрсетуші персонал	630	2 202	3,5
№	Персонал санаты	2015 жылдың аяғындағы жалпы саны	2015 жыл ішіндегі даярлық сағаттарының саны	Бір қызметкерге бір жыл ішінде бөлінген даярлық сағаттарының орташа саны
1.	Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	87	1 534	17,63
2.	ӘБП	1 735	22 980	13,24
3.	Өндірістік персонал	21 117	931 550	44,11
4.	Қызмет көрсетуші персонал	630	2 202	3,50

LA11: НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ МЕН МАНСАПТЫ ДАМУҒА МЕРЗІМДІЛІКПЕН ЖҮРГІЗІЛІП ТҰРАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	Қызметкерлердің 2015 жылдың соңындағы жалпы саны (тізімдік)	22 650
2.	Нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлер саны, оның ішінде	1 008
2.1.	Ерлер	532
2.2.	Әйелдер	476
3.	Нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлер саны	4%
3.1.	Ерлер	2%
3.2.	Әйелдер	2%

4. КАДР РЕЗЕРВІН ЖАСАҚТАУ

Қоғамның орнықты дамуының негізі шешуші лауазымдарды иеленуге кадр резервінің болуы, бұл менеджмент қызметінің сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қоғамның перспективтік қызметкерлерін анықтау, іріктеу, ілгері жылжыту жүйесі кәсіби және жеке басының құзыреттерін, олардың өсу мен дамуға деген әлеуетін, тікелей басшылардан, әріптестерден, клиенттерден (ішкі), жетекшілік ететін қызметкерлерден збо градус тәсілі бойынша кері байланысты бағалауға негізделді.

2015 жылғы бірінші тоқсанда үміткерлерді бағалау қорытындысы, анықталған әлеует рейтингтері, олардың мансаптық жоспарлары негізінде белгіленген тәртіпте мыналар қалыптастырылып, бекітілді:

- 2015-2020 жылдарға арналған Қоғамның негізгі лауазымдарына сабақтастық бағдарламасы («Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі бекітетін Сабақтастық жоспарының лауазымдарын қоспағанда);
- 2015-20202 жылдарға арналған

Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізілімге сәйкес Қоғам Басқармасы мүшелерінің және өзге қызметкерлердің сабақтастық бағдарламасы.

Ағымдағы жылы мансаптық жоспарларға сәйкес резервте тұрған 13 адам Қоғамның ашылған негізгі бос лауазымдарына тағайындалды, резервте тұрған 1 адам Қоғамның ЕТҰ-сына аударылды.

Кадр резервіне қатысушыларымен танысу, олардың мансаптық жоспарларын қарау және бағалау, оларға Қоғамның пайымдауы мен Даму стратегиясын, трансформацияның негізгі бағыттарын және Қоғамның қызмет тиімділігінің мүмкін болатын өзгерістерін хабарлау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Басқарма Төрағасының кадр резервіне қатысушыларымен кездесулері тұрақты негізде жүргізілуде.

Соған қоса, Қоғамның еншілес ұйымдарында да Кадр резервін және сабақтастықты жоспарлауды қалыптастыру бойынша іс-шаралар іске асырылуда. Қоғамның компаниялар тобы бойынша 2015 жылдың соңында кадр резервінің саны 684 адамды құрады.

Көрсеткіштердің атауы	Өлш. бірл.	2015 жыл	Оның ішінде КО
Резервтегілердің арасындағы тұрақтамаушылық	%	3,6%	0%
Кадр резерві қалыптастырылатын лауазымдар бойынша бос орындар саны	бірл.	91	13
Кадр резервіне кірген қызметкерлер толтырған бос орындар пайызы	%	61,5%	100%
Қоғамның тобына кірмейтін ұйымдарға өз қалауы бойынша босатылған резервтегілер саны	адам	25	0
Барлық резервтегілердің саны	адам	684	27
Резервтегілер толтырған бос орындар саны	бірл.	56	13

5. ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ТӘЛІМГЕРЛІК ИНСТИТУТЫН ДАМУ

Қоғам компаниясы тобы қызметінің кадрлық әлеуетті дамыту саласындағы басым бағыты жастар саясатын іске асыру болып табылады, ол жастардың әлеуметтік бейімделуіне ерекше мән береді, жас қызметкерлердің өз мүмкіндіктерін табысты және тиімді көрсете алуына, олардың кәсіби әлеуетін дамытуға жағдай жасап, дене тәрбиесі мен спортты дәріптеуге мүмкіндік береді.

Сөйтіп, Қоғам компаниялары тобында жастардың қоғамдық ұйымдары мен қозғалыстары құрылды, олардың жұмысының негізгі бағыттары – мен жастардың рухани, мәдени дамуы, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен физикалық дамуы үшін, олардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастыру жағдайларын жасау мен кепілдіктер беру болып табылады.

Қоғамда барлығы құрамында 12 жастар ұйымы жұмыс жасайды, жалпы саны – 4 676 адам. Ең ірі және қазірдің өзінде жұмыс жасап жатқан жастар ұйымдарының бірі - «Бога-

тырь Көмір» ЖШС Біріккен жастар қозғалысы (БЖҚ), «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ Жастар қозғалысы кеңесі және «Алматы электр станциялары» АҚ «Жарқын болашақ» жастар ұйымы болып табылады.

Техникалық және кәсіби білімі бар білікті жас мамандарды даярлау сапасын арттыру, сондай-ақ студенттердің оқу орнында алатын теориялық білімі мен өндірістегі және еңбек нарығындағы талаптар арасындағы айырмашылықты азайту мақсатында Қоғамның компаниялар тобында дуальдық білім беруді енгізу мен дамыту жөніндегі, білім берудің бейінді ұйымдарымен әлеуметтік серіктестікке бағытталған іс-шараларды іске асыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізілді.

Осылайша, «Алматы ЭнергоСбыт» ЖШС-да «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» МҚКК және «Алматы қаласы Білім басқармасы» ММ, «Кәсіпкерлер палатасы» және «Алматы ЭнергоСбыт» ЖШС арасында дуальдық білім беру жүйесімен оқытатын техникалық және кәсіби білім бойынша мамандар даярлау мәселесі бойынша 2015-2018 жылдарға арналған төрт жақты келісім-

шарт жасалды.

«Алматы электр желілері» АҚ-да «Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжі» МҚКК-нің 25 студенті 3 жұмысшы мамандығы бойынша оқиды, олар 2015 жылдың I жартыжылдығында кәсіпорын қызметкерін дайындау бөлімінде теориялық білім алуды аяқтап, қыркүйектен бастап өндірістік департаменттерде машықтанудан өтті.

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ Өскемен политехникалық колледжімен дуальдық білім беру жүйесі бойынша 2 студентті оқытуға шарт жасасты.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да Екібастұз инженерлік-техникалық институтымен, сондай-ақ, К.Пішембаев атындағы Екібастұз тау-кен техникалық колледжімен дуальдық білім беру нысаны бойынша шарт жасалған.

2015 жылы «Богатырь Көмір» ЖШС-да әлеуметтік серіктесі ретінде К.Пішембаев атындағы Екібастұз тау-кен техникалық колледжі қалды. Іс-шараларды іске асыру жоспарына сәйкес маусым айында жоба жабылды және 15 студент «металл жонушы» және «электргазбен дәне-

керлеуші» кәсіптері бойынша дуальды білім алды.

Электр энергетикасы саласының кәсіптерін дәріптеу мақсатында Қоғам «Алматы энергетика және байланыс университеті» ҰАҚ-мен бірлесе отырып, 2015 жылы қарашада болашақ энергетиктер арасында физика-математика пәндері бойынша республикалық олимпиада өткізді. Олимпиада туралы ережеге сәйкес, олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне Қоғамның гранттары мен шәкіртақылары тағайындалады. Байқауға 50 талапкер қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша бітіруші сынып оқушыларының 2 (екі) талапкеріне «электр/жылу энергетикасы» мамандықтары бойынша барлық оқу курсы бойына грант берілді, ҚР Білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын 2-3 курс студенттерінің 2 (екі) үміткеріне Қоғам бір жылғы оқу ақысын төлей отырып, қоса шәкіртақы тағайындады.

Бұдан бөлек, Қоғам тобының кәсіпорындар базасында еңбек ұжымына жастардың тиімді бейімделуі мен бекітілуіне қолайлы жағдай жасау үшін тәлімгерлік бағдарламасы жұмыс жасайды, оның аясында әр жас маманға тәлімгер бекітіледі, тәлімгерлер мамандық ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі, күрделі мәселелер бойынша кеңес береді, жұмыстарын қадағалайды және оның сапасына баға береді.

Қоғамда ұрпақ сабақтастығын насихаттау мен энергетика мамандығын дәріптеу үшін еңбек династияларына құрмет көрсету жөніндегі іс-шаралар өткізу дәстүрге айналған. Ағымдағы жылдың мамыр айында Қоғам Астана қаласында 50 жылдан 170 жылға дейін еңбек өтілі 7 еңбек династиясымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу материалдары сайттардың беттері мен еншілес

компаниялардың қабырға баспаларына орналастырылды.

6. ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

Қоғамдағы еңбекке ақы төлеу жүйесі оның құндылықтары мен мәдениетіне қолдау көрсете отырып, өнімділіктің тұрақты өсуіне, кәсіби тұрғыдан өсу мен дамуға ынталандыруға бағытталған.

Қоғамның компаниялар тобындағы еңбекке ақы төлеу жүйесі сыйлық ақы берудегі ішкі әділдік пен сыртқы бәсекеге қабілеттілікті сақтау, әрбір қызметкердің қызмет нәтижелеріне қосқан жеке үлесін бағалау қағидаттарына құрылған.

Қоғам әлеуметтік бағдар ұстаған компания ретінде еңбекке ақы төлеу саласы бойынша қабылдаған барлық міндеттемелерді орындайды.

Қоғам өз қызметкерлерінің өндірісте жоғары жетістіктерге жетуге талпынуына, олардың компания ішіндегі кәсіби және мансаптық өсуге қызығушылық танытуына айырықша мән береді. Қоғам персоналға лайықты жалақы төлеу арқылы жоғары деңгейде ынталандыруды қамтамасыз етуге тырысады.

Қоғамның компаниялар тобында ауыр, зиянды (айырықша зиянды), қауіпті жұмыс жағдайында еңбек ететін қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында белгіленген тиісті жылға арналған ең төменгі айлық жалақы мөлшері және салалық коэффициентті арттыратын еңбекақы есебінен еңбекке ақы төлеудің ең төменгі стандарты сақталған.

Қоғам тобында жасалған Ұжымдық шарттарға сәйкес, қызметкерлердің жалақысы жыл сайын индекстеледі.

Қоғамның компаниялар тобы

бойынша 2015 жыл ішіндегі орташа айлық жалақы көрсеткіші 154 357 теңгеден 164 490 теңгені құрап, 7 %-ға өсті. Өндірістік қызметкерлердің орташа жалақысының өсуі 141 566 теңгеден 150 312 теңгеге дейін 6,2%-ды, әкімшілік қызметкерлердің орташа жалақысының өсуі 302 353 теңгеден 325 199 теңгеге дейін 7%-ды құрады.

Қоғам қызметкерлері үшін кәсіпті (лауазымды) қоса атқарғаны, қызмет көрсету аумағының кеңейгені немесе орындайтын жұмыс ауқымының ұлғайғаны үшін бекітілген еңбекке ақы төлеу қоры шегінде қосымша ақы енгізілген, сондай-ақ жоғары кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігі немесе айырықша маңызды жұмысты орындағаны үшін тарифтік мөлшерлемеге сараланған үстем-ақылар белгіленеді.

Бұдан бөлек, Қоғам мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары жыл сайын аймақтардағы еңбек нарығына қатысуға мониторинг жүргізіп, алынған мәліметтер негізінде қызметкерлердің еңбек ақы мөлшеріне түзету енгізеді. Қоғам бойынша ең төмен жалақы мөлшері 2015 жылы 65 060 теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 7 %-ға артық. Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, 2015 жылғы ең төмен жалақы мөлшері 21 364 теңгені құрады.

2015 жылы Қоғамда Трансформация жол картасы аясында, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру мақсатында Қоғамның әкімшілік және басқарушы қызметкерлерінің лауазымдарын бағалау мен HayGroup әзістемесі бойынша грейдерлеуге негізделген еңбекке ақы төлеу жүйесін ендіру жөніндегі жоба іске асырылды.

Жоба аясында Қазақстан Республикасының жалпы индустриалдық нарығының, Ресей Федерациясы-

ның референтті нарығының ұқсас деңгейлерімен салыстырғанда сыртқы нарықпен бәсекеге қабілеттілік ескеріле отырып, Қоғамның басқарушы және әкімшілік қызметкерлерінің лауазымдары бағаланып, оларға сыйлықақы берудің ағымдағы тәжірибесіне талдау жасалды.

2016 жылы әкімшілік қызметкерлердің еңбегіне грейдирленген ақы

төлеу жүйесін Қоғамның барлық еншілес ұйымдарына енгізу жоспарланып отыр.

ЕС5: ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАЛАҚЫ МЕН БЕКІТІЛГЕН ТӨМЕН ЖАЛАҚЫ АРАСАЛМАҒЫНЫҢ ДИАПАЗОНЫ

№	Көрсеткіш	Мәні (2015)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төмен жалақы	21,364	мың теңге
2.	Қызметтің маңызды аймақтарындағы ұйымдардың бастауыш деңгейдегі қызметкерінің жалақысы	106,13	мың теңге
2.1.	Ерлер	104,39	
2.2.	Әйелдер	107,88	
3.	Қарым-қатынас	497%	%
3.1.	Ерлер	489%	
3.2.	Әйелдер	505%	



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Іскерлік ортадағы ашықтыққа, қоғамның дамуындағы бизнестің рөліне қойылатын талаптар өсіп отырған қазіргі жағдайда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік Қоғамның даму стратегиясында айрықша орын алады.

Қоғамның орнықты дамуына қосқан үлесі үшін өзінің жауапкершілігін сезіне отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің қызметіне ықпал ететін көптеген мүдделі тараптар – инвесторлар, серіктестер, қызметкерлер, өнім берушілер, мемлекеттік басқару органдары, қалың жұртшылық және т.б. алдында әлеуметтік жауапты мінез-құлық бойынша өздеріне ерікті түрде міндеттемелер қабылдайды.

Қоғам қоршаған ортаны қорғау мен энергия үнемдеу, жасыл технологияларды дамыту, экологиялық стандарттарды ендіру, жергілікті қоғамда-

стықтарды қолдау, қайырымдылық және демеушілік қызмет жөніндегі қызметтерді жүзеге асырады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясы компания аясында қызметкерлерге қатысты әлеуметтік жауапты шаралар мен адам капиталына, қызметкердің денсаулығына, қауіпсіздігіне, еңбегін ынталандыруға инвестиция салу, баспанамен қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеу, өмірі мен денсаулығын сақтандыру, кәсіподақтар құруға жәрдемдесу, қызметкерлерді оқытуға байланысты мәселелерді іске асырады.

Осылайша, 2015 жылы «Самұрық - Энерго» АҚ жұмыста және корпоративтік, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарын іске асыруда жоғары нәтижелерге қол жеткізген кәсіпорын ретінде «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі конкурсының Гран - при жүлдесінің иегері атанды.

Қоғам тобының еңбек ұжымының әлеуметтік көңіл-күйін бағалау, қызметкерлердің көңіл-күйінің негізгі көрсеткіштерін өлшеу және проблемалар мен қауіпті аймақтарды анықтау мақсатында 2015 жылдың 3-тоқсанында Әлеуметтік серіктестік орталығы мен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік университеті әлеуметтік тұрақтылық рейтингі мен қызметкерлердің қатыстырылу көрсеткішін анықтау бойынша зерттеу жүргізді.

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің көрсеткіші Қоғам қызметінің стратегиялық көрсеткіштеріне жатқызылған, Қоғамның компаниялар тобының бірінші басшыларының НҚК-сі осы көрсеткіштер бойынша анықталды.

Сонымен, Қоғам тобы бойынша өндірістік қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің көрсеткіші 2015 жылы жағымды динамикамен сипатталып, 2014 жылғы 69%-дан 2015 жылғы 72%-ға артты.

Әкімшілік-басқару персоналының тартылу деңгейі де 2014 жылғы сияқты, 2015 жылы да жағымды мәнге ие болды – 65%.

Зерттеу нәтижелері қызметкерлердің жұмыстың негізгі сипаттамаларына жоғары деңгейде қанағаттанғанын көрсетті. Бұл ұжымда қалыптасқан ахуалға байланысты әріптестермен қарым-қатынастан көрінеді, олардың арасында әріптестердің кәсібилігіне сенім арту, тікелей басшымен өзара қарым-қатынас деңгейінің жоғары болуы байқалады.

Қызметкердің өз жұмысына қанағаттану деңгейіне қызметкерлерге жұмыс қызықты болатындай жағдайды қамтамасыз ету, олардың жұмыста дербестіктің және бастама білдіру мүмкіндіктерінің болу деңгейіне қанағаттануы, сондай-ақ жұмыста қандай да бір жаңа нәрсені үйренуге мүмкіндіктің болуы секілді факторлар айтарлықтай әсер етеді – қызметкерлер осы факторлардың барлығына жоғары деңгейде қанағаттанған.

Тұрақтылық бойынша кадрларды іріктеу, жайғастыру және тікелей басшымен жұмыс сапасы мен нәтижелерін талқылау мүмкіндігін қанағаттандыру, сондай-ақ Қоғам тобының қосымша қызметкерлерінің жақсы еңбек жағдайларына, кәсіби және қызметтік өсу келешегіне жоғары деңгейде қанағаттануға қатысты қосалқы индекстері белгіленген. Жалақы деңгейін жақсы деп сұралған респонденттердің төрттен бір бөлігі (27%) атап көрсеткен.

Еңбек ұжымдарында тұрақтылықты сақтау, қарсылық білдіретіндей көңіл-күйдің алдын алу, еңбек дауларын шешу және еңбекті ұйымдастыру мен еңбек қатынастары мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын уақтылы қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар Қоғамның компаниялар тобында 2015-2018 жылдарға арналған әлеуметтік тұрақтылық пен

қызметкердің тартылу рейтингін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Жоспар персоналдың еңбегіне ақы төлеу, еңбекті ынталандыру, қызметкерді оқыту және дамытуды жетілдіру, жас қызметкерлерге, тұрғын үйге, денсаулықты қорғау, еңбек және техника қауіпсіздігі, сондай-ақ бақылау іс-шараларына қатысты саясатты жетілдіру жөніндегі іс-шаралардан тұрады.

2015 жылы ақпан-наурыз айларында барлық еңбек ұжымдарында басшылықтың және қызметкерлердің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы жұмысының қорытындылары бойынша есеп беру жиналыстары өткізілді. Барлық ЕТҰ-да еңбек ұжымының басшысы мен қызметкерлерінің арасында кері байланыс белсенді түрде жүзеге асырылады, тұрақты негізде азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау жүргізіледі.

Барлық өндірістік ЕТҰ-да еңбек ұжымдары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін әлеуметтік тұрақтылық бойынша жұмыс топтары құрылған.

Қоғамның компаниялар тобында қызметкерлерге әлеуметтік төлемдерге кепілдік беретін, еңбек және олармен тікелей байланысты өзге де қарым-қатынастарды реттейтін 13 ұжымдық шарт жасалды.

Қоғамның компаниялар тобының қызметкерлеріне 2015 жылы ұсынылған әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер қатарына: қызметкерлерді өз еңбек (қызметтік) міндетін орындау барысында тап болатын жазатайым оқиғалардан сақтандыру, сауықтыруға, шипажай-курорттық емделуге берілетін біржолғы көмек, сырқаттану парағына төлем жасау, медициналық сақтандыру мен емделу, өндірістік жарақат алған жағдайда материалдық көмек көрсету және т.б. жатады.

Бұдан басқа, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында ұжымдық шарттарға сәйкес, артық жұмыс уақытына, мереке және демалыс күндеріне, түнгі жұмыстарға ақы төлеу, ауыр, зиянды және айырықша зиянды, қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге қосымша және үстеме ақы төлеу; ақы төленетін қосымша жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы, электр энергетикасында үздіксіз 10 жыл және одан да көп жұмыс өтілі болған жағдайда мерейтойға (50, 60 жас) байланысты біржолғы сыйақы беру қарастырылған.

Жұмыс пен білім беру ұйымдарындағы оқуды қатар алып жүрген қызметкерлерге де емтихан немесе бағыттаушы сессия кездерінде, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, мемлекеттік емтихандарды тапсыру кезінде қосымша демалыс беріледі.

Сөйтіп, 2015 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша 2 703 595 мың теңге сомасында әлеуметтік төлемдер төленді, оның негізгі үлесін әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасының еңбек демалысын алған кезде сауықтыруға берілетін біржолғы жәрдемақыға – 37 %, жас қызметкерлер үшін баспана сатып алуға арналған несие төлеміне – 3 %, мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға – 6 %, қызметкерлердің шипажай-курорттық еміне – 7 %, медициналық сақтандыруға – 6 % және т.б. құрайды.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арналған «Қазақстан-2050»: Мәңгілік ел» Жолдауының мүмкіндіктері шектеулі адамдарға кедергісіз орта құру туралы қағидаларын және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының тапсырмасын орындау үшін Қоғамның компаниялар тобында 2015 жылы 189 адам еңбек етуде, оның ішінде 53-інің екінші топтағы

мүгедектігі, 136 адамның үшінші топтағы мүгедектігі бар.

Бұған қоса, 2015 жылы Қоғамның компаниялар тобында 1 630-дан астам адам 87 млн астам теңгеге медициналық сақтандырумен қамтылды, Қоғамның топтары бойынша 5 000-нан астам адам медициналық қызмет көрсетумен қамтылды, ЕТҰ өндірістік қызметкерлері жыл сайын медициналық тексеруден, тұмауға қарсы вакцина алады. Барлық өндірістік ЕТҰ-да алғашқы медициналық жәрдем көрсететін медицина қызметкерлері бар.

Қоғамның еншілес ұйымдарында қызметкерлердің тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін тұрғын үй сатып алуға несие беру бойынша бағдарлама жүзеге асырылады.

Осылайша, «Богатырь-Көмір» ЖШС-да қызметкерді жұмыс орнында ұстап қалу үшін жас қызметкерлерге үй сатып алуға қарыз беру бағдарламасын жүзеге асырады. 2015 жылы 13 жас қызметкер 75 707 мың теңге сомасына тұрғын үй сатып алды.

Бұқаралық спортты насихаттау мен спорттық мәдениетті дамыту мақсатында 2015 жылы 16-17 қыркүйекте Қоғам компаниялары тобы қызметкерлерінің арасында Басқарма Төрағасының кубогына III дәстүр-

лі спартакиада өткізілді. Спорттың мынадай 5 түрі бойынша жарыстар өткізілді: мини-футбол, волейбол, шахмат, үстел теннисі және армрестлинг. Жарыстарға Қоғамның еншілес компанияларынан жиналған 13 команданың құрамында 250-ге жуық қатысушы болды. Қоғам командасы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2-Спартакиадасына қатысып, 17 команданың ішінен 3-орынды иеленді.

LA4: ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ХАБАРЛАМА ЖАСАУДЫҢ ЕҢ АЗ МЕРЗІМІ, СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛ ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БЕ

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 48-бабы 2-тармағына сәйкес, Қоғам мен оның ЕТҰ басшылығы қызметкерді және/немесе оның өкілін еңбек шартының өзгергені туралы кемінде бір ай бұрын жазбаша түрде ескертеді. Аталған тармақ ұжымдық шартта көрсетілген және Қоғамның компаниялар тобының әр ұйымында мүлтіксіз сақталады.

G11: ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАРДА ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ

№	Көрсеткіш	Мәні (2015)	Өлшем бірлігі
1.	2015 жылдың соңындағы қызметкерлердің (тізімдік) жалпы саны	22 650	адам
2.	Оның ішінде 2014 жылға арналған ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлер саны:	21 825	адам
3.	Ұжымдық шартта қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі:	96%	%

№	Көрсеткіш	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен толық қамтылмаған немесе уақытша қамтылған қызметкерлер үшін
1.	Қызметкерлерге төленетін төлемдер мен жеңілдіктер		
1.1.	Өмірді сақтандыру	Беріледі	Беріледі
1.2.	Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Беріледі
1.3.	Жұмысқа жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар	Беріледі	Беріледі
1.4.	Ана болуға/әке болуға байланысты демалыс	Беріледі	Беріледі
1.5.	Зейнетақы беру (зейнеткерлікке шыққан кездегі біржолғы төлем)	Беріледі	Берілмейді
1.6.	Компанияның акцияларын меншікке беру	Берілмейді	Берілмейді
1.7.	Өзге (шипажай-курорттық емделу, баланың тууына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге материалдық көмек, сауықтыруға арналған материалдық көмек)	Беріледі	Беріледі

7. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Әлеуметтік нормалардың сақталуының негізгі кепілі адамның өмір сүруге, қадір-қасиетіне қол сұғылмауына, сөз бен ар-ождан бостандығына, бірлесу еркіндігіне құқықтары бекітілген Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады.

Қоғамның компаниялар тобының кәсіпорындары ерікті түрде әрбір қызметкердің жынысына, нәсіліне, ұлтына, шығу тегіне, мүлктік, әлеу-

меттік және лауазымдық жағдайына, дінге қарым-қатынасына және саяси наным-сеніміне қарамастан өздерінің еңбек құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндіктері бар екенін ескере отырып, кемсітушілік пен мәжбүрлі еңбектің кез келген түріне жол бермеу бойынша өзіне міндеттемелер алады.

2015 жылдың ішінде Қоғам зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында 18 жасқа толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салатын талаптарды қатаң

сақтады, сондай-ақ қызметкерлер мен іскер серіктестерге қатысты қандай да болмасын кемсітушілікке жол берген жоқ.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қоғамның компаниялар тобында әйелдердің әлеуметтік құқықтары, бостандықтары мен міндеттері іске асырылады, ол ер адамдармен тең мүмкіндіктердің берілуінен көрінеді.

2015 жылы Қоғамның компаниялар тобында байырғы және саны аз халықтың құқықтарын бұзатын бір-

де-бір оқиға тіркелген жоқ. Қоғам тең құқықтар мен мүмкіндіктер қағидатын таниды. Қызметкерлердің қолданыстағы заңнамалар аясында қауымдастықтарға бірігуге және ұжымдық келіссөздер жүргізуге құқықтары бар.

Қазіргі кезде Қоғамның компаниялар тобында 16 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді, Қоғамның компаниялар тобы 80 %-дан астам қызметкері (18 000 адам) оның мүшесі болып табылады.

Әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендетіп, еңбек дауларын реттеу және қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Қоғамның компаниялар тобында медиаторлар институты құрылды, 2015 жылдың соңында оның құрамы 423 адамға жетті, олардың 5-еуі «Әлеуметтік серіктестік орталығы» КФ комиссиясы өткізген әңгімелесу мен тестілеу нәтижелері бойынша кәсіби медиатор мәртебесін алды.

Сонымен қатар, 2015 жылы Қоғам бойынша еңбек қатынастары тәжірибесі бойынша 34 арыз тіркелді. Арыздардың құрылымына жасалған талдау 34 арыздың 23-і еңбек ұжымдарының еңбек ұжымының өз ішінде қарауға, 7 арыз құқық қорғау органдарына және 4-еуі мемлекеттік органдарға жолданғанын көрсетті, бұл арыздардың құрылымында оң өзгерістер болғанын және қызметкерлердің басшылық пен кәсіподақ ұйымдарына деген сенімінің арта түскенін білдіреді.

Әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу шеңберінде Қоғамның тобында кәсіподақ ұйымдарымен қатар Әлеуметтік-еңбек дауларын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құрылған.

Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің ішкі шағымдарын тіркеу үшін «қауырт желі» телефонын, арыздар мен шағымдарға арналған арнайы жәшік орнату

тәжірибесі енгізілген және ұйым басшыларының дербес блогы құрылып, жұмыс істейді.

Бұған қоса, Қоғамның компаниялар тобында омбудсмен институты құрылуда, Омбудсмен туралы ереже мен Іскерлік этика кодексі бекітілді.

Бүгінгі күні Қоғам компаниялары тобында 13 омбудсмен жұмыс істейді.

LA16: ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ПРАКТИКАСЫ БОЙЫНША ШАҒЫМ БЕРУДІҢ РЕСМИ ТЕТІКТЕРІ АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН, ӨНДЕЛГЕН ЖӘНЕ РЕТТЕЛГЕН ШАҒЫМДАР САНЫ

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	2015 жыл ішінде еңбек қатынастары практикасы бойынша шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген, шағымдардың жалпы саны, оның ішінде	34
1.1.	есепті мерзім ішінде өңделгені	34
1.2.	есепті мерзім ішінде реттелгені	34
2	Есепті мерзім басталғанға дейін берілген және есепті мерзім ішінде реттелген еңбек қатынастары практикасы бойынша берілген шағымдардың жалпы санын көрсетіңіз	-

LA8: КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖАСАЛҒАН РЕСМИ КЕЛІСІМДЕРДЕ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	Кәсіподақтармен жасалған (жаһандық немесе жергілікті деңгейде) ресми келісімдерде денсаулық және қауіпсіздік мәселелері қозғала ма	Иә
2.	Егер көрсетілсе, денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылу деңгейіне қатысты мәліметтер. Жергілікті деңгейдегі келісімдер, әдетте, мынадай сұрақтарды қамтиды:	
2.1.	Дербес қорғаныс құралдары	Иә
2.2.	Басшылық өкілдері мен қызметкерлердің қатысуымен құрылған Денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер	Иә
2.3.	Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі инспекцияларға, аудитке, жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуы	Иә
2.4.	Білім беру және оқыту	Иә
2.5.	Шағым беру тетігі	Иә
2.6.	Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы	Иә
2.7.	Мерзімді инспекциялар	Иә
3.	Егер болса, денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің ұйым қол қойған жаһандық келісімдерде қамтылу деңгейіне қатысты мәліметтер. Жаһандық деңгейдегі келісімдер, әдетте, мынадай сұрақтарды қамтиды:	
3.1.	Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) ұсынымдарына сәйкестік	Иә
3.2.	Мәселелерді шешу жөніндегі шаралар немесе құрылымдар	Иә
3.3.	Қолданылып жүрген практикалық тәсілдердің мақсатты стандарттарының нәтижелілігіне немесе деңгейіне қатысты міндеттемелер	Иә

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды тиімді іске асыру мақсатында Қоғам әлеуметтік жауапкершілік саласын-

дағы қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша қойылған мақсаттар бойынша қол жеткізілген жетістіктерге мониторинг жүргізеді.

№	НҚК атауы	Өлшем бірл.	Нақты 2014	Жоспар 2015	Нақты 2015
1	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша жалпы өндірудегі үлесі	%	30,0	26	24,6
2	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ҚР бойынша көмір өндірудегі үлесі	%	35	33,7	35,6
3	Негізгі қызметтен түсетін кіріс	млн теңге	178 085	194 442	228 865
4	Компанияның түсіміндегі инновациялық жобаларға салынған инвестицияның үлесі	%	14,8	12,6	5,3
5	Компанияның жалпы таза пайдасындағы инновациялық жобаларды іске асырудан түскен пайданың үлесі	%	2,39	0,80	-11,9
6	Апаттық жағдайлардан келген шығынның көлемі	млн теңге	14,04	6,30	4,12
7	Еңбекті және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығын	млн теңге	1 430	5 547,68	7 937,99
8	Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	69	64	72
9	Кадр тұрақтамаушылығы	%	8,6	12,0	11,9
10	Қатыстырылу деңгейі	%	65	65	65
11	Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, барлығы	адам	18 203	18 754	18 169
12	Жылына 1 адамды оқытуға жұмсалатын шығын	мың	20,28	22,62	25,18
13	ЕАҚ-дан оқуға жұмсалатын шығын %	%	1,13	1,30	0,9

№	НҚК атауы	Өлшем бірл.	Нақты 2014	Жоспар 2015	Нақты 2015
14	Өндірістегі жазатайым оқиғалар саны, мың адам	саны/1000 адам	0,2	Жоспарланбайды	0,5
15	Демеушілік және қайырымдылық көмекке жұмсалған шығын	млн теңге	1 170,9	215,664	214,93
16	Төлеуге есептелген салықтар мен басқа да міндетті аударымдар	млн теңге	1 085,9	1 978,5	1 418,6
17	Тауарлардағы, жұмыстар мен қызмет түрлеріндегі жергілікті қамтудың үлесі	%	76,0	70	74

* Көрсеткіштер деректері «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының Даму жоспарына сәйкес келтірілді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

«Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік» аспектісі

1. G4-LA5 МОНИТОРИНГКЕ ҚАТЫСАТЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСТЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ ӘЗІРЛЕЙТІН БАСШЫЛЫҚ ӨКІЛДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚҰРЫЛҒАН ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ БІРЛЕСКЕН РЕСМИ КОМИТЕТТЕРДЕ КӨРСЕТІЛГЕН БАРЛЫҚ ПЕРСОНАЛДЫҢ ҮЛЕСІ.

а. Ұйымда басшылардың және қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі жөніндегі әрбір бірлескен комитеттің әдеттегі жұмыс жасау деңгейін көрсетіңіз.

Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында (ЕТҰ) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 339-бабына сәйкес, Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі комитеттер (комиссиялар) (ЕҚЖҚК) құрылған. ЕҚЖҚК құрамына жұмыс берушілердің өкілдері, кәсіподақ ұйымдары мен өзге уәкілетті қызметкерлердің өкілдері тепе-тең негізде кіреді.

б. Басшылардың және қызмет-

керлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі жөніндегі бірлескен комитеттерге ұсынылған қызметкерлердің пайызын көрсетіңіз.

Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі комитеттерде Қоғамның ЕТҰ қызметкерлерінің орта есеппен алғанда 2,8 %-ы қамтылған.

2. G4-LA6 ӨҢІРЛЕР МЕН ЖЫНЫСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ, ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙІ, КӘСІТІК АУРУЛАР ДЕҢГЕЙІ, ЖОҒАЛТҚАН КҮНДЕР КОЭФФИЦИЕНТІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДА БОЛМАУ КОЭФФИЦИЕНТІ, СОНДАЙ-АҚ ЖҰМЫСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨЛІМГЕ ӘКЕП СОҚҚАН ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ.

а. Штаттан тыс қызметкерлерді қоса алғанда, бүкіл персонал бойынша өндірістік жарақаттану түрлері, жарақаттану коэффициенті (ЖК), кәсіптік аурулар коэффициенті (КАК), жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК), жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК), сондай-ақ жұмыспен байланысты өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалардың жалпы саны бойынша деректер келтіріңіз.

2015 жылы, 2014 жылмен (4 оқиға) салыстырғанда өндірістік жарақаттану саны (11 оқиға, оның біреуі – топ-

тық) артқан, мұнда алдыңғы 5 жылдағы (16 оқиға) орташа көрсеткішке қатысты жазатайым жағдайлар санының жалпы 30%-ға азаю үрдісі байқалады. 2015 жылы өлімге әкеп соққан 1 жазатайым оқиға фактісінің орын алғанын атап өту қажет.

Жарақат түрлері	2013	2014	2015
Химиялық күйік	1	-	-
Соғып алу	1	-	2
Травматикалық ампутация	1	-	1
Электр жарақаттары	4	1	4
Сынықтар	5	3	4
Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы)	-	-	1
Барлығы	12	4	12

Көрсеткіштер	2013	2014	2015
Жарақаттану коэффициенті (ЖК)	0,06	0,02	0,07
Кәсіптік аурулар коэффициенті (КАК)	0	0	0
Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК)	6,24	1,0	4,7
Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК)	9,8	20,5	9,2
Өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалар саны	0	1	1

Ескерту:

Жарақаттану коэффициенті (ЖК):

ЖК = Жарақаттанудың жалпы саны * 200 000 / Өтелген сағаттардың жалпы саны.

Жоғалтқан күндер коэффициенті (ЖКК):

ЖКК = Жоғалтқан күндердің жалпы саны * 200 000 / Өтелген сағаттардың жалпы саны..

Жұмыс орнында болмау коэффициенті (ЖОБК):

ЖБК = мерзім ішіндегі босатқан (болмаған) күндердің жалпы саны * 200 000 /

Осы уақыт ішіндегі өтелген сағаттардың жалпы саны.

б. Өндірістегі жазатайым жағдайларды тіркеу және тиісті есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын қағидалар жүйесі туралы деректерді келтіріңіз. .

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау тәртібі және

есепке алу Қазақстан Республикасы (ҚР) Еңбек кодексінің «Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және оларды есепке алу» тақырыбындағы 37-тарауына

және ҚР-ның басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылды. Ай сайын еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау және өндірістік жарақаттану саласында жүргізілген мониторинг бойынша есеп жасалып, ол ҚР еңбек жөнінде-

гі уәкілетті органға ұсынылады. Жыл қорытындысы бойынша, ҚР Статистика агенттігіне еңбек қызметімен байланысты жарақаттану туралы «7-ЖКС» нысанында есеп беріледі.

3. G4-LA7 ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАҚАТТАНУ ЖӘНЕ АУРУҒА ШАЛДЫҒУ ТӘУЕКЕЛІ ЖОҒАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

а. Компаниядағы жарақаттану қаупі жоғары немесе белгілі бір аурулармен ауыру тәуекелі жоғары кәсіби қызметпен айналысатын қызметкерлерді көрсетіңіз.

Қоғамның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларына аттестация өткізілді. Жұмыс орындарының аттестациясына сәйкес, еңбек жағдайы зиянды және қауіпті жұмыс орындары айқындалды. Сонымен қатар, барлық қызметкерлер тиісті жеңілдіктермен қамтамасыз етіліп, оларға дербес қорғаныс құралдары мен арнайы киім-кешектер берілді. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1458 «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилак-

тикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын; жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт беру нормаларын; жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту туралы»).

Қоғамның ЕТҰ-лары	Саны
«Алматы электр станциялары» АҚ	2 109
«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	307
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	1 101
«Жамбыл ГРЭС-і» АҚ	379
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	926
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	164
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ	744
«Маңғыстау электр тораптық бөлу компаниясы» АҚ	25
«Шардара СЭС» АҚ	119
«Мойнақ СЭС» АҚ	55
«Богатырь Көмір» ЖШС	5 929

Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында зиянды және қауіпті жағдайда еңбек ететін қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ ЕТҰ-ЛАРЫНДА ӨНДІРІСТЕ ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

- Өндірістік жарақаттануды азайту үшін Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында мынадай шаралар қолданылады:
1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.
 2. Барлық өндірістік персоналға

жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.

3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс тексеру жүргізіледі.
4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшысының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Өткізілген Қауіпсіздік техникасы күнінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.
5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.
6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру ережелеріне сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқыту жүргізіледі.
7. Жөндеу науқаны алдында барлық ЕТҰ-да құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша практикалық сабақтары бар семинар-кеңестер өткізіледі.
8. Кәсіпорындарда ең кемі бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.
9. Пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жаб-

дықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.

10. Қоғамның барлық дерлік ЕТҰ-ларында «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджментінің ОHSAS-18001 жүйесі» халықаралық стандарты енгізілді.
11. Өндірістік жарақаттанудың әрбір оқиғасы Қоғам ЕТҰ-ларының Директорлар/Байқаушы кеңестерінің отырыстарының қарауына шығарылады.
12. Өндірістегі жазатайым оқиғалар санының өсуіне байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ-да 2016 жылға арналған өндірістік жарақаттану деңгейін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

6. G4-LA8 КӘСІПОДАҚТАРМЕН ЖАСАЛҒАН РЕСМИ КЕЛІСІМДЕРДЕ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

а. Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдер (жаһандық немесе жергілікті деңгейдегі) денсаулық және қауіпсіздік мәселелерін қозғай ма, көрсетіңіз.

Қоғамның барлық ЕТҰ-ларында жұмыс берушілер мен қызметкерлер мүддесін көздейтін кәсіподақтар арасында ұжымдық шарттар жасалған. Ұжымдық шарттар жасау тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (ҚР ЕК) 31-тарауымен реттеледі. ҚР ЕК-нің 284-бабымен белгіленген ұжымдық шарттардың мазмұны мен құрылымы, оның ішінде «...саламатты әрі қауіпсіз еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау, еңбек қауіпсіздігі пен оны қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру көлемі туралы, денсаулықты қорғауды жақсарту туралы...» қарастырады.

б. Егер бар болса, онда ұйым қол

қойған жергілікті және жаһандық келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері қандай деңгейде (пайызбен) екенін көрсетіңіз.

Ұжымдық шарттар қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелерін 100 % қамтиды.

7. G4-LA5-7 АУЫР СЫРҚАТТАРЫ БАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ, ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ БЕРУ, ОҚЫТУ, КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР БЕРУ, ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Қоғам ЕТҰ-ларында нақты бір сырқат түріне шалдығуға айтарлықтай немесе жоғары тәуекел бар жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлер жоқ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 175 «Міндетті медициналық тексеріп-қарау өткізілетін зиянды өндірістік факторларлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 бұйрығымен бекітілген «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидасына» сәйкес (одан әрі – Қаулы), «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының қызметкерлері алдын ала және мерзімді медициналық тексерістерден өтеді. Медициналық тексерістерді денсаулық жағдайы бойынша кәсіби жарамдылықты бағалау жөніндегі медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау институттары жүзеге асырады. Алдын ала және мерзімді медициналық тексерістердің нәтижелері бойынша, комиссия қызметкерді сауықтыруға бағытталған шаралар кешенін, атап айтқанда, стационарлық тексерістен өту және емделу, оңалту,

шипажайлық-курорттық емдеуді ұсынуға және оған шипажай-профилактикаға жолдама беруге кеңес береді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 312-бабына сәйкес, қызметкерлердің белгілі бір тобы күн сайын ауысым алдында медициналық куәландырудан өтеді.

Қоғамның компаниялар тобы тұрақты түрде өз қызметкерлері үшін вакцина егу шарасын өткізеді, сонымен бірге аурулардың алдын алу мақсатында иммунитетті көтермелеуге арналған басқа да шаралар түрлерін пайдаланады.

Қызметкерлердің отбасы мүшелерімен және халықтың өкілдерімен ауыр сырқаттарға қатысты жұмыстар жүргізілмейді.

8. МЕРДІГЕР ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕР ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТ ПЕН ТАЛАПТАР

Қоғамның Жұмыс тобының ұсынымдарына сәйкес, барлық ЕТҰ-да мердігер таңдаудың талаптары қарастырылған ішкі нормативтік құжаттар әзірленген, мердігер ҚР-ның еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық актілері талаптарының сақталуына, сондай-ақ мердігерде сапа, экологиялық қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы халықаралық стандарттар сертификацияның болуына сүйеніп таңдалады.

Мысалы «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да мердігер және қосалқы мердігер ұйымдарының қызметкерлерін кәсіпорын аумағына кіруге рұқсат беру жүйесі әзірленді және қызмет етуде, атап айтқанда: 03.004.1.05.016-11 «Кәсіпорын аумағында мердігер ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру туралы

ереже» СТП кәсіпорнының стандарты әзірленді. Жоғарыда көрсетілген стандартқа сәйкес барлық мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар жұмыстарды бастар алдында қауіпсіздік талаптарына сәйкестік тексерісінен өтеді, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС аумағына кіруге рұқсат алу үшін қажетті құжаттар тізіліміне» сәйкес ЕҚ қызметіне құжаттарды, соның ішінде медициналық тексеруден өткен қызметкерлердің тізімін тапсырады. Құжаттардың сәйкестігін тексергеннен кейін мердігер ұйым «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС аумағында жұмыстарды атқару үшін рұқсаттаманы ала отырып, кәсіпорын бойынша нұсқауларын одан әрі ресімдеу үшін еңбекті қорғау қызметіне жасақтар бойынша (соның ішінде жалпы және аралық) жетекші, өндіруші және мүшелері болуға құқығы бар қызметкерлердің тізімін жолдайды.

9. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША ТИІСТІ ОҚУДАН ӨТКЕН МЕРДІГЕРЛЕР МЕН ҚОСАЛҚЫ МЕРДІГЕРЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ПАЙЫЗЫ

Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін шарт міндеттемелеріне сай жұмыс жүргізу үшін жұмыс орындарына жіберу қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау нормаларының ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Жіберер алдында кіріспе, бастапқы және мақсатты нұсқаулықтар жасалып, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі оқудан, сондай-ақ медициналық тексерістен өткендігі көрсетілген біліктілік куәлігінің болуы тексеріледі.

Жоғарыда айталғандарға сәйкес, мердігер ұйымдардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі тиісті оқудан өткен қызметкерлері 100 %-ды құрайды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК

Мемлекет бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша теңгермелі саясатты ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізуде. 2011 жылы Қоғам БҰҰ Жаһандық шартына қосылып, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын бекітті, оның мақсаты әлеуметтік бағдарламаларды жүйелеу, жетілдіру және жүзеге асыру болып табылады. 2015 жылы акционер өтініш берушілердің өтініштерін 209 млн теңге сомаға демеушілік көмек, 5,931 млн теңгеге қайырымдылық көмекті қарап, мақұлдады. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы жобаларды 215 млн теңге сомасына қаржыландырды. Спорт федерацияларының, клубтардың жұмысын қаржыландыруға және спорттық шараларды ұйымдастыруға 144 000 000 теңге бөлінді.

«Астана Арланс» КСК 2015 жылдың WSB маусымында бірінші орынды иеленді. Компанияның жоғары деңгейдегі қолдауымен «KAZENERGY» Х Еуразия форумы өткізілді. Сонымен қатар ардагерлер, мүгедектер ұйымдарына, балалар үйлері мен орталықтарға көмек көрсетіліп, Серебрянск қаласында Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығын мерекелеу шаралары өткізілді. «Шардара СЭС» АҚ ҰОС және Ауған ардагерлеріне электр энергиясына жеңілдіктер беру бойынша көп жылғы дәстүрді жалғастырды.

Бүкіләлемдік тәжірибе көрсеткендей, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, оның ішінде, қайырымдылық – кез келген ірі компанияның қоғамның дамуына, әлеуметтік және экологиялық саланы жақсартуға ерікті түрде қосқан үлесін көрсететін тұрақты бағыттарының бірі.



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІН ДАМУ

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІН ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ МИССИЯ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы қаулысымен бекітілген жергілікті қамту үлесін (одан әрі - ЖКҮ) дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде Қоғам жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңғырту және жаңаларын іске қосу барысында жергілікті қамту үлесін дамытуды жоспарлы түрде қамтамасыз етіп, сондай-ақ отандық тауар өндірушілердің (одан әрі - ОТӨ) жаңа өндіріс орындарын салу кезінде электр энергетикасы саласындағы өндірістік және перспективті жобаларды жүзеге асыруға ат салысуға шақырады.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІН ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ПАЙЫМДАУ

Қоғам өзін энергетика саласындағы отандық тауар өндірушілер үшін ОТӨ-нің ел экономикасының

электр энергетикалық сегментіне қатысуы мен оны дамыту саласындағы, оның ішінде «жасыл» экономика стратегиясының негізін құрып, жүзеге асыру, ЖЭК-ті дамыту, өндірістің ресурстық, сондай-ақ энергия тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар аясындағы көшбасшы ретінде сезінеді.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІН ДАМУ- ДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қоғам жергілікті қамту үлесін дамыту саласындағы миссияны орындау және ОТӨ-нің барлық диалогтық алаңдардағы салалық жобаларды жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында, Жергілікті қамту үлесін дамыту жөніндегі бағдарламаны орындау үшін:

- импортталатын тауарлар тізбесін ұсыну;
- ұзақ мерзімді шарттар жасау;
- инвестициялық жобаларды іске асыруға Қазақстан кадрларын тарту;
- ОТӨ-ні жұмыс істеп жатқан энергетика нысандарын жаңғырту

- және жаңаларын салу ісіне тарту;
- маркетингтік зерттеулер жүргізген кезде ОТӨ-нің болуын ескеру сияқты бірқатар жүйелі шараларды ұсынады және оларды өз қызметіне сәйкес жүзеге асырады.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Аталған шаралар кешенін жүзеге асыру ОТӨ-нің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, отандық бизнесті электр энергетикасына барынша кешенді әрі жүйелі түрде тартуға, саланың жалпы тиімділігі мен инновациялылығын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, жаңа өндірістерді құруға, жеткізілетін қондырғылардың қосалқы бөлшектерін жасап шығару барысындағы жергілікті қамтудың үлесін арттыруға, әлемдік алдыңғы қатарлы құқық иеленушілердің технологияларды беру шарттарын алуға және жеткізілетін қондырғыларға сервистік күтім жасау сегментін дамытуға жағдайлар жасалатын болады. Жоғарыда аталған шаралар нәтижесінде жаңа жұмыс орындарының құрылуы мен

жергілікті персоналдың жеткізілетін және өндірілетін қондырғыларды пайдалану, сервис және жөндеу саласындағы біліктілігін арттыруға қажетті жағдайлар туғызудың өзінің өз алдына бөлек оң әсері болмақ. ОТӨ-мен ұзақ мерзімді шарттар жасасу арқылы өнімдерді кепілдендірілген түрде өткізу мәселелері де шешілетін болады.

2014-2015 ЖЫЛДАРЫ ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАРДЫҢ САНЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2014 жылы Қоғам тауарлар бойынша 151,54 млрд теңге сомасына 3669 шарт жасады, оның ішінде ОТӨ-мен 136,63 млрд теңгеге 766 шарт жасалды.

2015 жылы Қоғам тауарлар бойынша барлығы 121 млрд теңгеге 3 140 шарт жасады, оның ішінде ОТӨ-мен 110,57 млрд теңгеге 835 шарт жасады.

Біз отандық тауар өндірушілермен шарттардың жасалуынан оң серпінді көреміз.

2014-2015 ЖЫЛДАРДА ЖАСАЛҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ШАРТТАРДЫҢ САНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2014 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы сомасы 2,48 млрд теңге болатын 63 ұзақ мерзімді шарт жасалды.

2015 жылы отандық тауар өндірушілермен жалпы сомасы 214,45 млрд теңге болатын 87 ұзақ мерзімді шарт жасалды.

САТЫП АЛУЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫҢ ҮЛНІСІ БОЙЫНША АҚПАРАТ 2013-2015 ЖЖ., МЫҢ ТЕҢГЕМЕН*

	2013 (нақты)		
	Жасалған шарттардың жалпы сомасы	ЖҚ сомасы	ЖҚ %
тауарлар	166 114 048	123 164 229	74 %
жұмыстар	127 069 408	57 398 008	45%
қызметтер	80 782 171	78 555 575	97%
барлығы	373 965 627	259 117 812	69 %

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ БОЙЫНША ӨНІРЛІК КӨРМЕЛЕРГЕ ҚАТЫСУ

Қоғам өткен жылы Астана қаласында «NADLOC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған отандық өнеркәсіпті дамыту және қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау бойынша диалог алаңына; Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен жыл сайын Алматы қаласында қала әкімі мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының қатысуымен өтетін «Мемтапсырыс – 2016» акциясына; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының тапсырмасы аясында өтетін Астана, Өскемен, Шымкент, Петропавл, Павлодар және Алматы қалаларының өнеркәсіптік кәсіпорындарына қолдау көрсету шаралары бойынша кеңестерге қатысты. «Самұрық-Өазына Контракт» ЖШС, «NADLoC» жергілікті қамтуды да-

мыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен отандық тауар өндірушілермен өткен кеңестерге қатысты.

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША АҚПАРАТ:

- 1. «Кентау трансформатор зауыты» акционерлік қоғамы: 166 млн теңге сомаға тауар жеткізу: айырғыштар, трансформаторлар, қосқыштарқосқыштардың жетектері.
- 2. «Азия Авто» АҚ: 73 млн теңгеге автокөлік жеткізу.
- 3. «Казэнергокабель» АҚ: 122 млн теңгеге кабель өнімдерін жеткізу.
- 4. «Казцентрэлектропровод» ЖШС: 34 млн теңгеге өткізгіш кабель өнімдерін, муфталарды, шкафтарды жеткізу.
- 5. «HighIndustrialLubricants&LiquidsCorporation» («HILL») ЖШС:

	2014 (нақты)			2015 (нақты)		
	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ сомасы	ЖҚ %
	157 966 728	125 853 121	80%	134 371 841	112 279 782	84%
	99 769 397	49 652 585	50%	99 091 016	37 149 447	37%
	99 018 102	97 399 442	98%	92 663 066	91 230 497	98%
	356 754 227	272 905 148	76%	326 125 923	240 659 726	74%

* Ескерту: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның мәліметтері.

242 млн теңгеге тауар жеткізу: майлар мен майлайтын майлар.

6. «Орика-Казахстан» АҚ: тауар жеткізу: 453 млн теңгеге өндірістік жарылғыш заттар;
7. «Темір-бетон комбинаты» ЖШС: тауар жеткізу: 65 млн теңгеге тіреуіштер, іргетас блогы, темір-бетонды құрылғылар.
8. «Kagaz Shahary SEZ» ЖШС: тауар жеткізу: 2 млн теңгеге қағаз.
9. «Жаңа Семей шпал зауыты» АҚ: тауар жеткізу: 53 млн теңгеге аудармалы арқалық тақтайлар.
10. «ҚАЗЭЛЕКТРМАШ» ЖШС: тауар жеткізу: 204 млн теңгеге өткізгіш кабель өнімдері.
11. «КЭМОНТ» АҚ: тауар жеткізу: 7 млн теңгеге трансформаторлық қосалқы станция.

Біз тапсырыс беруші ретінде жаңа отандық өнімдерді өндіруге үлкен қызығушылық танытудамыз, сонымен қатар, отандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарт жасау бойынша жұмысты жалғастырамыз. Бұл өндірілетін өнімге сұраныстың тұрақты болуын, сәй-

кесінше, өндіріске ұзақ мерзімді инвестиция тарту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Өз кезегінде, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы іске асыратын инвестициялық жобалар, қуатты кеңейту, өндірісті жаңғырту жөніндегі жобалар, сондай-ақ, ағымдағы күрделі шығындар отандық тауар өндірушілерді шығарылатын өнім түрлерінің тізбесін кеңейтуге ынталандыруы тиіс.

САТЫП АЛУЛАРДЫ БАСҚАРУ:

а) материалдық ресурстарға қажеттілікті анықтау:

Материалдық ресурстарға қажеттілік Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметтік және өндірістік қажеттіліктеріне сүйене отырып берген тапсырыстары бойынша жасалған Қоғамның даму жоспары негізінде айқындалады.

б) жеткізушіні таңдау:

Жеткізушіні таңдау Қордың сатып алулар ережесіне сәйкес, баға ұсыныстарына сұраныс және бір көзден

сатып алу бойынша жүргізілген тендер нәтижелері бойынша анықталады.

в) сатып алуларды жүзеге асыру:

Қоғамдағы сатып алуларды жүзеге асыру «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншіктік және сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей және жанама түрде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 212 жылғы 26 мамырдағы №80 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ережесіне сәйкес іске асырылады.

Барлық сатып алулар <http://tender.sk.kz> сайтындағы Электронды сатып алулардың ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

Қоғам басшылығы мен Директорлар кеңесі өздерінің алдына орнықты компания құруды мақсат етіп қояды. «Орнықты» термині «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының ресурстарын да, сонымен қатар қоғамдық ресурстарды да тиімді қолдануды білдіреді.

Осы мақсатта, жекелеген кәсіпорындарда менеджменттің кіріктірілген жүйесі енгізіліп, станцияларды техникалық қайта жарақтандыру жүргізілуде және персонал мен өнім берушілерге қойылатын талап та күшеюде. Бұл орайда экономикалық аспектілерге де көп көңіл бөлінеді, өйткені корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық жағдайды жақсарту салаларындағы жобалар «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының меншікті операциялық табысынан қаржыландырылады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, басшылық орнықты дамудың барлық аспектілеріне экономикалық тиімділік тұрғысынан талдау жасайды. Мысалы, еңбек өнімділігі, пайдаланылатын шикізат (қоршаған ортаға әсері) және басқа да аспектілер Қоғамның компаниялар тобының жұмысын

жоспарлау барысында ескерілетін болады. Осылайша, 2015 жылдың қорытындысы бойынша, электр энергиясын өндіру саласындағы өнімділік 2014 жылмен салыстырғанда 14,7% -ға азайып, адам басына 3 191 мың кВтсағ. құрады. 2016 жылға арналған жоспарда бұл көрсеткішті адам басына 3 285 мың кВтсағ., 2017 жылға қарай адам басына 3 681 мың кВтсағ. және 2019 жылға қарай адам басына 7 242 мың кВтсағ. дейін ұлғайту көзделуде.

Орнықты даму және тиімділік философиясы экономикалық ғылым тұрғысынан қарастырылмауы тиіс болып көрінетін қайырымдылық сияқты аспектілерден де көрініс табады. Дей тұрғанмен, сөз болып отырған өзгерістердің тиімділігі мен ауқымдылығы басым әлеуметтік жобаларды айқындау барысында да ескеріледі.

ҚОҒАММЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Қоғам өзінің мүдделі тараптарын Компания қызметіне ықпал ететін немесе Компания қызметінің ықпал тиетін тұлғалар тобы немесе ұйым ретінде қарастырады. Төмендегі кестеде негізгі мүдделі тараптар көрсетілген.

<i>Мүдделі тараптар</i>	<i>Мәселелер аясы</i>	<i>Өзара іс-қимыл әдістері</i>
<i>Акционерлер</i>	- Жұмыс тиімділігі; - Дивидендтер; - Ашықтық және ақпаратты ашу.	- Акционерлердің жалпы жиналысы; - Жылдық есеп; - Кездесулер мен келіссөздер; - Интернет-сайт; - Хат алмасу және сұраныстар; - Көрмелер, форумдар мен таныстырылымдар.
<i>Енісілес және тәуелді ұйымдар</i>	- Компанияның табыстылығы; - Зиянды шығарындыларды азайту; - Су ресурстарын тиімді пайдалану; - Жоғары технологияларды қолдану.	- Кездесулер мен отырыстар; - Интернет-сайт; - Сатып алулар; - Қаржылық емес есептер; - Жұмыс сапарлары; - Дөңгелек үстелдер, саммиттер.
<i>Қызметкерлер</i>	- Еңбекке ақы төлеу; - Әлеуметтік топтама; - Қауіпсіз еңбек шарты; - Кәсіби өсу.	- Департаменттер жетекшілері арқылы жеткізілетін пікірлер мен тілектер; - Интернет-сайт; - Сауалнама; - БАҚ. - Басқарма отырысы.
<i>Мемлекеттік органдар</i>	- Салалық даму бағдарламалары; - Әлеуметтік мәселелер; - Тарифтер.	- Үкіметтік жұмыс топтарына қатысу; - Салалық ұйымдар арқылы өзара іс-қимыл; - Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен консультациялар.
<i>Тұтынушылар</i>	- Электр және жылу энергиясына өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру; - Көрсетілетін қызметтің сапасы; - Энергия үнемдеу.	- Сауалнама; - БАҚ; - Интернет-сайт; - Қаржылық емес есептілік.
<i>Банктер мен басқа да қаржылық ұйымдар</i>	- Кредиттік желі; - Банктік шоттар; - Жобаны жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық.	- Интернет-сайт; - Хат алмасу және сұраныстар; - Көрмелер, форумдар және таныстырылымдар; - Қаржылық шоттар.
<i>Басқа да үлестес тұлғалар</i>	- Кемсітушілікке жол бермеу; - Адам құқықтарын сақтау; - Жұмыспен тұрақты қамтылу.	- Қаржылық емес есептілік; - Интернет-сайт.
<i>Бәсекелестер</i>	- Салалық тиімділікті арттыру; - Жүктеме шамадан тыс көп кезде қолдау көрсету.	Салалық ұйымдар арқылы өзара іс-қимыл.
<i>Жұртшылық, оның ішінде БАҚ</i>	- Қоғам жұмыс істейтін аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына көмектесу; - Табиғатты пайдалану тиімділігі; - Қоршаған ортаны қорғау.	- Интернет-сайт; - Қаржылық емес есептілік; - Баспасөз хабарламасы; - Корпоративтік оқиғалар; - Баспасөз конференциясы.
<i>Өнім берушілер</i>	- Ұзақ мерзімді ынтымақтастық; - Жергілікті қамту; - Зиянды шығарындыларды азайту.	Жасалған шарттар мен меморандумдар.
<i>Серіктестер</i>	- Қондырғылардың сенімділігі; - Қоғамның даму жоспары; - Келісім-шарт міндеттемелерін сақтау.	- Қаржылық емес есептілік; - Жұмыс сапарлары; - Іскерлік кездесулері - Интернет-сайт; - Жарнама.

Қоғаммен өзара іс-қимыл жасау мақсатында және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұстанымдарына сәйкес «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы басым өз қызметіндегі бағыттарды белгіледі, бұл бағыт бойынша демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетіледі.

Қоғам бұл үдерісті Даму стратегиясы мен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясында да бекітті. Көмек көрсетудің критерийлері қала мен ауыл халқы барынша көп пайдалана алатын жаңа мүмкіндіктер жасау, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады.

Мемлекет адал бәсекелестік мәселесіне өті жіті қарайды. Бәсекелестікті қорғау агенттігі мен оның өңірлердегі басқармалары өндірушілердің өзара сөз байласуы мен жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу үшін нарықты ұдайы қадағалап отырады.

Қоғам өз бизнесін ең үздік әлемдік тәжірибеге сай жүргізуге ұмтылады. Нарық үлесінің артуы мен операциялық түсімнің ұлғаюына таза және бәсекелестік тәжірибелер есебінен қол жеткізілуде. 2015 «Самұрық-Энерго» компаниялар тобына қадағалаушы органдар та-

рапынан бәсекелестікке кедергі келтіргені туралы хабарлама түскен жоқ.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ БИЗНЕС-БІРЛІКТЕРДІ ТАЛДАУ

Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 28 наурыздағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 37-тармағына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ –да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты әзірленіп, бекітілді.

Саясат Қоғам қызметкерлері мен басқа да тұлғалардың, сондай-ақ басқа тұлғалардың Қоғамның алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрлері мен көріністерін қабылдамайтыны жайлы бірегей түсінік тудыру мақсатында, сондай-ақ алаяқтық тәуекелі мен Қоғамды сыбайлас жемқорлыққа тартуды барынша азайту үшін әзірленді.

Саясатта алаяқтық пен сыбайластық жемқорлыққа қарсы тұрудың, сондай-ақ алаяқтық пен сыбайластық жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, алаяқтық әрекеттер мен сыбайластық құқық

бұзушылықтың салдарын азайту және (немесе) жою жөніндегі негізгі қағидаттары белгіленген.

Саясат ережелері Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, сондай-ақ шарттық негізде жұмыс жасайтын үшінші контрагент-тұлғаларға (аудиторлар, консультанттар және т.б.) қолданылады.

2015 жылы Қоғамның Корпоративтік орталығы мен ЕТҰ-ларының барлық қызметкерлері Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатымен таныстырылды. Жыл сайын қызметкерлердің Саясатты білуіне тестілеу жүргізіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ мен ЕТҰ-ларының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық деректері бойынша БАҚ-тарда жарық көрген жағымсыз жарияланымдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп отырады.

2015 жылдың қорытындысы бойынша, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық деректері байқалған жоқ.

ӨНІМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

Техникалық реттеу және тұтынушылардың қауіпсіздігін артты-

ру мақсатында «Жалпы мақсаттағы электрмен жабдықтау жүйесіндегі электр энергиясының сапа нормасы» 13109-97 МемСт әзірленіп, онда электр энергиясының сапасы-

на қойылатын талаптар көрсетілді. «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында бұл мемлекеттік стандарттың орындалуы міндетті болып табылады.



ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТАҢБАЛАУ

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобында өнімдерді таңбалау қолданылмайды.

МАРКЕТИНГТІК КОММУНИКАЦИЯЛАР

Монополиялық немесе доминанттық жағдайға байланысты «Самұрық-Энерго» компаниялар тобы үшін маркетингтік коммуникация экономикалық жағынан тиімсіз болып табылады.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҚ

Қоғам клиенттерінің жеке өміріне қол сұғылмауына және олар туралы ақпаратты қорғауға бірінші кезекте мән береді. Осы мақсатта Қоғамның әр компаниясында компанияның клиенттері мен тұтынушылары туралы мәліметтерге авторлық қолжетімділігі бар қызметкерлер тобы белгіленген. Бұған қоса, Қоғамның бірқатар компаниялары үшін клиенттік база стратегиялық және коммерциялық құпия болып табылады.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобына қатысты басқа тұлғаларға клиенттік база туралы ақпаратты ашу тек Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талап етуі бойынша ғана жүзеге асырылады.

Есепті мерзім ішінде Қоғам компаниялары арасында клиенттер туралы мәліметтердің жоғалып кету оқиғасы орын алған жоқ.

ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК

Қоғам өз жұмысын қолданылып жүрген заңнамалар шеңберінде жүзеге асырады. Заң департаменті қолданылып жүрген заңнамалардың барлық нормаларын сақтау бойынша жұмыстарды тұрақты түрде жүргізеді. Заң департаменті электр энергетикасы, экология, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ өнім сапасы саласындағы ағымдағы және жаңадан күшіне енген заңдар мен Техникалық регламенттерге ұдайы мониторинг жүргізіп отырады.

Қоғамның заңдылықтардың барлық нормалары мен талаптарын сақтау бойынша ұстанымының дәлелі ретінде «Самұрық-Энерго» компаниялар тобының қазіргі кезде атмосфераға шығарылатын қатты бөшектердің анағұрлым көп бөлігін ұстап қалуға мүмкіндік беретін түтін аулағыш қондырғыларды орнату жұмыстарын жүргізіп жатқанын айта кетуге болады.

Аталған іс-қимыл табиғатқа тигізетін жағымсыз әсерді азайтуға бағытталған техникалық регламенттің 2013 жылы күшіне енуімен регламенттелді.

ӨНІМДЕР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІККЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАР МЕН ЕРІКТІ КОДЕКСТЕР ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛМЕТІН ОҚИҒАЛАР

Есепті мерзім ішінде, «Самұрық-Энерго» компаниялар тобында өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің денсаулық пен қауіпсіздікке тигізетін әсеріне қатысты нормативтік талаптар мен ерікті кодекстер талаптарына сәйкес келмейтін оқиғалар орын алған жоқ.

МАРКЕТИНГТІК КОММУНИКАЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАР МЕН ЕРІКТІ КОДЕКСТЕР ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕССІЗДІК ОҚИҒАЛАРЫ

2015 жылы Қоғам тобында маркетингпен немесе өз өнімдерін жарнамалаумен байланысты сәйкессіздіктер оқиғалары байқалмады.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМДАР

Есепті мерзім ішінде тұтынушылардың жеке өміріне қол сұғылмауы талабының бұзылуы және «Самұрық-Энерго» компаниялар тобындағы тұтынушылар туралы мәліметтердің жоғалғаны туралы шағымдар орын алған жоқ.

10

СЫРТҚЫ АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 ж. 11 қазандағы № 51 шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту саласындағы саясаты бекітілді. Аталған саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметін тарту (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) жөніндегі тиімді қызметті ұйымдастыру, олардың таңдауы бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, Қоғам аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызмет көрсеткен кездегі олардың тәуелсіз мәртебесін сақтауды қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.

СЫРТҚЫ АУДИТОРДЫ ТАҢДАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер:

- қызмет сапасы;
- қызметтің құны.

Аудиторлық ұйым қызметінің сапасы мынадай факторлар арқылы анықталады:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейі;
- қазақстандық және халықаралық нарықтардағы жұмыс тәжірибесі;
- қызмет көрсетудің оперативтілігі;
- энергетикалық және көмір өндіру саласын білуі.

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2012 жылдан бастап PricewaterhouseCoopers (одан әрі – PwC) фирмалар желісі Қоғамның сыртқы аудиторы болып табылады.

PwC өз клиенттерінің бизнесінің құнын арттыруға бағытталған аудит, салықтық және консалтингтік қызмет түрлерін көрсетеді.

PwC – трансұлттық мұнай-газ және электр энергетикалық компанияларға қызмет көрсететін жетекші фирма. Өнімдер мен ресурстарды бірыңғай, аталған салаға бағытталған практикаға біріктіру жоғары сапалы қызмет көрсетіп,

клиенттерінің қызметіне қосымша құндылық беруге мүмкіндік жасайды. PwC дүниежүзілік ресурстарды жергілікті жерлердегі жұмыстарға тартып, клиенттерінің білім мен практиканың артықшылықтарын қолдануына және мұны күнделікті жұмыстарына енгізуге мүмкіндік алуларына жағдай жасайды.

Бүкіл әлем бойынша 2 500 астам жылу және электр энергетикалық компаниялар PwC фирмасының аудит жөніндегі клиенттері болып табылады.

PWC-ТІҢ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАНДЫҚ АУДИТОРЛЫҚ КЛИЕНТТЕРІ:

- AGL Resources Inc.
 - Consolidated Edison Inc.
 - N.V. Nuon
 - Allegheny Energy Inc.
 - Constellation Energy Group Inc.
 - National Fuel Gas Company
 - Ameren Corporation
 - DTE Energy Corporation
 - National Grid Plc.
 - American Water Works Company
 - E.ON AG
 - NSTAR
- BG Group Plc.
 - Edison International
 - Pepco Holdings Inc.
 - British Energy Plc.
 - Enbridge Inc.
 - Puget Energy Inc.
 - Calpine Corporation
 - Energy Australia
 - RusHydro
 - Centrica Plc.
 - Exelon Corporation
 - RWE AG
- China Power International
 - Generation Company Limited
 - Federal Grid
 - Southern Union Company
 - CLP Holdings Limited
 - Huaneng Power International Inc.
 - Southwest Gas Corporation
 - CMS Energy Corporation
 - Koc Holding A.S.
 - TECO Energy Inc.

Қазіргі кезде Қазақстан PricewaterhouseCoopers компаниясының Алматы және Астана қалаларындағы персоналы 350-ден астам адамды құрайды, олар ұлттық және халықаралық деңгейдегі клиенттердің қомақты бөлігіне қызмет көрсетеді. Сонымен қоса, компания Орталық Азия өңірінде де: Бакуде (Әзербайжан), Ереванда (Армения), Тбилисиде (Грузия), Бішкекте (Қырғызстан), Ташкентте (Өзбекстан), Ашхабадта

(Түрікменстан) және Ұлан-Батырда (Моңғолия) белсенді жұмыс істейді. Компаниямен бірге оның жылу-энергетикалық сектор, қаржылық қызмет, тұтынушылық және өнеркәсіптік тауарлар, телекоммуникация мен қызмет көрсету секторымен қоса, экономиканың барлық секторларындағы клиенттерінің саны өсіп келеді. Соңғы 19 жыл ішінде PwC компаниясы Қазақстанның энергетика секторындағы жетекші аудиторлық

және консультациялық қызмет бойынша өнім беруші болып табылады. PwC Қазақстандағы ірі тау-кен және электр энергетикалық компаниялармен жұмыс жасап, оларға соңғы бірнеше жыл бойы ҚЕХС бойынша дайындалған қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет түрін көрсетті және қазіргі кезде де көрсетіп отыр. PwC компаниясының аудит бойынша Қазақстандағы ең ірі клиенттері болып табылатындар:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания.	2008-2010, 2012-2015
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қаласы мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желілерге тарату жөніндегі техникалық қызметтер	2010, 2012-2015
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қаласы мен Алматы облысы үшін электр және жылу энергиясын өндіру.	2010, 2012-2015
«АлматыЭнергосбыт» ЖШС	Алматы қаласы және Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды іске асырады.	2008-2010, 2012-2015
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру.	2007
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу.	2008-2010, 2012-2015
«Маңғыстау электртораттық бөлу компаниясы» АҚ	Мұнай өндіруші және басқа да компанияларға электр энергиясын тасымалдау, электрді желілерге техникалық тарату, сондай-ақ Маңғыстау облысының шалғай ауылдық аудандарына электр энергиясын сату жөніндегі қызметтер.	2008-2010, 2012-2015

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру.	2005-2009
«Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ	«Шығыс» көмір кесігінде ашық әдіспен тас көмір және электр энергиясын өндіру.	2005-2015
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Солтүстік» көмір кесіктерінде ашық әдіспен тас көмір өндіру.	2008-2010, 2012
«Өскемен жылу желілері» АҚ	Өскемен қаласында жылу энергиясын өндіру, беру және тарату.	2006

Сыртқы аудитор «Самұрық-Энерго» АҚ-ға мынадай қызмет түрлерін көрсетеді:

1. Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік аудиті;

2. Жоспарлау және мониторинг жүйесін автоматтандыру.

Бұның алдындағы аудит қызметін жасаған - КРМГ компаниялар желісі.

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМҒА 2015 ЖЫЛЫ КӨРСЕТКЕН АУДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ ЖОҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН ТӨЛЕНГЕН СЫАҚЫЛАР

Қызметтер	2015 жыл
Аудит	ҚҚС-ны қоса алғанда 32 339 059 теңге
Консультациялық қызметтер	ҚҚС-ны қоса алғанда 50 219 430 теңге
Оқу	ҚҚС-ны қоса алғанда 7 358 272 теңге

ҚОҒАМҒА АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ

Қоғамның міндетті аудитіне Қоғамның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры және бас аудитори лауазымдарына тағайындалар (сайланар) алдындағы екі жыл ішінде аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкері тағайындалуы мүмкін жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала келісімін алу қажет.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2016 жылы үшінші наурызда «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторының «Самұрық-Энерго» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есебі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес, Қоғам мен оның еншілес компанияларының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық маңызды қарым-қатынастардағы

қаржылық жағдайының, сондай-ақ оның аталған күнге аяқталған жыл бойындағы қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражатының қозғалысы дұрыс екенін білдіретіндігі туралы есебі алынды (Аудитордың қорытындысымен және Аудит жүргізген қаржылық есептіліктің толық мәтінімен Сіз осы Есептің екінші томында таныса аласыз).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстанның мың теңгемен	Ескерту	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді) *
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	804,846,336	747,309,059
Инвестициялық меншік	10	774,702	882,542
Материалдық емес активтер	8	2,894,963	2,450,543
Барлау активтері	9	13,520,805	11,448,375
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	11	72,047,578	78,896,702
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	12	14,256,809	18,783,300
Барлық ұзақ мерзімді активтер		908,341,193	859,770,521
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	13	13,777,955	13,053,789
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	14	19,842,838	14,931,807
Өзге де қысқа мерзімді активтер	15	50,866,965	43,214,791
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,534,371	1,579,015
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	16	31,927,511	21,658,167
Барлық қысқа мерзімді активтер		117,949,640	94,437,569
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		1,026,290,833	954,208,090

* - салыстырмалы ақпарат сату үшін шығарылған топтардың активтер мен міндеттемелерін ауыстыруды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж. (қайта есептелді) *
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	17	355,650,405	355,364,386
Өзге де капитал резерві	17	127,578,106	54,993,097
Бөлінбеген пайда		(3,236,425)	80,553,684
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		479,992,086	490,911,167
Бақыламайтын акционерлер үлесі	30	2,528,351	2,138,284
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		482,520,437	493,049,451
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві		1,842,401	1,203,172
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	18	1,329,840	1,338,136
Несиелер	19	340,158,800	283,724,820
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	4,735,410	8,146,330
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	28	79,404,793	79,296,635
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		427,471,244	373,709,093
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві		120,147	95,968
Несиелер	19	70,844,582	40,301,262
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	18	122,689	93,644
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	21	43,220,687	45,397,259
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек	28	1,524,428	1,408,623
Төленетін табыс салығы	28	466,619	152,790
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		116,299,152	87,449,546
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		543,770,396	461,158,639
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		1,026,290,833	954,208,090

* Салыстырмалы ақпарат сату үшін шығарылған топтардың активтер мен міндеттемелерін ауыстыруды көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

ПАЙДА НЕМЕСЕ ГЫҒЫН ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Табыс	22	228,865,079	221,150,337
Сатылымдардың өзіндік құны	23	(165,931,725)	(157,207,085)
Жалпы пайда		62,933,354	63,943,252
Сату бойынша шығындар		(3,029,040)	(2,516,167)
Жалпы және әкімшілік шығындар	25	(13,939,521)	(13,890,731)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар (шығысындағы)/кірісіндегі үлестер	11	(10,172,534)	12,957,577
Гудвилдың құнсыздануы		-	(75,875,134)
Активтердің құнсыздануынан келген шығындар	4	(3,590,229)	(2,785,110)
Қаржылық кірістер	26	2,728,571	8,710,222
Қаржылық шығыстар	27	(109,214,671)	(24,018,120)
Өзге де кірістер	24	1,994,642	58,978,315
Өзге де шығыстар		(1,749,618)	(1,198,607)
Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда		(74,039,046)	24,305,497
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(5,875,162)	(11,054,902)
Жыл ішінде қызметті жалғастырудан түскен (шығын)/пайда		(79,914,208)	13,250,595
Жыл ішінде тоқтатылған қызметтен түскен пайда	2	2,469,307	-
Жыл ішіндегі барлық (шығын)/пайда		(77,444,901)	13,250,595
Өзге де жиынтық шығындар			
<i>Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар</i>			
Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		3,106	(146,246)
Жыл ішіндегі жиынтық (шығын)/кіріс		(77,441,795)	13,104,349
Тиесілі пайда:			
Топ Акционерлеріне		(77,834,968)	15,946,974
Бақыламайтын үлеске		390,067	(2,696,379)
Жыл ішіндегі (шығын)/пайда		(77,444,901)	13,250,595
Тиесілі жиынтық (шығын)/кіріс:			
Топ Акционерлеріне		(77,831,862)	15,800,727
Бақыламайтын үлеске		390,067	(2,696,378)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (шығын)/кіріс		(77,441,795)	13,104,349

* - салыстырмалы ақпарат тоқтатылған қызметтен аударымдар нәтижелерін көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	Топ акционерлеріне тиесілі				Үлес бақыла- майтын үлес	Барлық капитал
		Акционер- лік капи- тал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
2014 ж. 1 қаңтардағы қалдық		233,946,269	75,308,815	72,276,222	381,531,306	3,021,709	384,553,015
Жыл ішіндегі пайда		-	-	15,946,974	15,946,974	(2,696,379)	13,250,595
Өзге де жиынтық		-	(152,764)	-	(152,764)	-	(152,764)
Барлық жиынтық кірістер		-	(152,764)	15,946,974	15,794,210	(2,696,379)	13,097,831
Акциялар эмиссиясы	17	21,418,117	-	-	21,418,117	-	21,418,117
Мойнақ СЭС-і бақыламайтын акционерлерінің үлесін сатып алу	17	-	(20,162,954)	-	(20,162,954)	1,812,954	(18,350,000)
Самұрық-Қазынадан қарызды бастапқы танудан түскен кіріс		-	18,922,380	-	18,922,380	-	18,922,380
Самұрық-Қазынадан қарызды бастапқы танудан түскен пай- даны шегеру		100,000,000	(18,922,380)	501,093	81,578,713	-	81,578,713
Дивидендтер		-	-	(8,170,605)	(8,170,605)	-	(8,170,605)
2014 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		355,364,386	54,993,097	80,553,684	490,911,167	2,138,284	493,049,451
Жыл ішіндегі (шығын)/пайда		-	-	(77,834,968)	(77,834,968)	390,067	(77,444,901)
Өзге де жиынтық кіріс		-	3,106	-	3,106	-	3,106
Барлық жиынтық шығындар		-	3,106	(77,834,968)	(77,831,862)	390,067	(77,441,795)
Акциялар эмиссиясы	17	286,019	-	-	286,019	-	286,019
Самұрық-Қазынадан қарызды бастапқы танудан түскен кіріс	17	-	72,581,903	-	72,581,903	-	72,581,903
Акционерге өзге де бөлулер	17	-	-	(1,174,068)	(1,174,068)	-	(1,174,068)
Дивидендтер	17	-	-	(4,781,073)	(4,781,073)	-	(4,781,073)
2015 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		355,650,405	127,578,106	(3,236,425)	479,992,086	2,528,351	482,520,437

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Жалғастырылатын қызметтен салық салынғанға дейін түскен пайда		(74,039,046)	24,305,497
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		38,954,690	28,715,622
Негізгі құралдардың шығарылуынан келген шығындар		932,943	441,062
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешекті және өзге де дебиторлық берешекті қайта қалпына келтіру		220,855	538,353
Тауар-материалдық қор құны төмендету резерві/(Резервті қайта қалпына келтіру)	23	(248,629)	881,417
Қосымша қуатты қосудан түскен кірістер амортизациясы		(364,926)	(379,358)
Ағымдағы қызметтер құны және қызметкерлердің сыйақылары бойынша актуарлық шығындар		-	(34,326)
Қаржылық шығыстар	27	109,214,671	24,018,120
Қаржылық кірістер	26	(2,728,571)	(8,710,222)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың шығындарындағы/(кірістеріндегі) үлес	11	10,172,534	(12,957,577)
Бұрын болған үлесті қайта бағалаудан түскен кіріс	24	-	(56,682,576)
Гудвилдің құнсыздануы		-	75,875,134
Негізгі құралдардың құнсыздануы	4	3,590,229	2,785,110
Өзге де түзетулер		3,108	(4,749)
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы		85,707,858	78,791,507
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және өзге де дебиторлық берешектер мен өзге де қысқа мерзімді активтердің (азаюы)/артуы		(4,311,947)	2,981,160
Тауар-материалдық қордың (артуы)/азаюы		(340,645)	168,327
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешектің және өзге де кредиторлық берешектің азаюы		(1,084,181)	(823,646)
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша берешектің артуы/(азаюы)		344,374	(26,904)
Төленетін салықтың (азаюы)/артуы		3,081,703	(1,701,557)
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат		83,397,162	79,388,887
Төленген табыс салығы		(4,996,199)	(5,638,833)
Төленген пайыздар		(23,490,234)	(20,815,349)
Алынған дивидендтер		5,726,955	5,771,472
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражат		60,637,684	58,706,177

* - салыстырмалы ақпарат тоқтатылған қызметтен аударымдар нәтижелерін көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

Қазақстандық мың теңгемен	Ескерту	2015 ж.	2014 ж. (қайта есептелді) *
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(97,607,800)	(81,741,843)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(718,235)	(371,087)
Кен орындарын бағалау және барлау бойынша шығыстар		(2,486,932)	(1,708,070)
Еншілес кәсіпорындарды сатып алу	32	78,386	(233,037,485)
Мойнақ СЭС АҚ инвестиция	17	-	(18,350,000)
Қауымдасқан компанияларға қатысу үлесін сатып алу	11	(8,906,910)	(6,059,620)
Алынған пайыздық кіріс		2,793,747	3,033,730
Қауымдасқан компанияларға қатысу үлесін сатудан түскен түсім		370,396	45,500
Негізгі құралдарды сатудан алынған ақшалай қаражат		79,204	-
Банк депозиттерін шығару/(орналастыру), нетто		14,412,555	40,320,274
Ұсынылған қарыздарды қайтару		-	3,669,540
Қаржы активтерін сату/(сатып алу)		-	405,839
Пайдалануға шектеу қойылған ақшалай қаражатты шығару		1,346,767	397,379
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшалай қаражат		(90,638,822)	(293,395,843)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Акция эмиссиясынан түскен түсім	17	-	21,418,117
Облигациялар эмиссиясынан түскен түсім		-	2,372,042
Қарыздар түсімі		142,510,049	233,614,123
Қарыздарды өтеу		(100,114,430)	(13,623,443)
Облигацияларды өтеу		-	(10,820,032)
Акционерлерге төленген дивиденттер		(4,781,073)	(8,170,605)
Бақыламайтын акционерлерге төленген дивидендтер		(188,476)	(218,312)
Тұтынушылардың қарыздарын өтеу		-	(616,518)
Акионерлерге өзге де төлемдер		(800,234)	-
Өзгелер		(3,770)	-
Қаржылық қызметтер алынған таза ақшалай қаражат		36,622,066	223,955,372
Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына валюта айырбастау курсының өзгеруінің ықпалы		3,648,416	17,150,465
Жалғастырылатын қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза артуы		10,269,344	6,416,171
Жыл басындағы ақшалай қаражат	16	21,658,167	15,241,996
Жыл соңындағы ақшалай қаражат	16	31,927,511	21,658,167

* Салыстырмалы ақпарат тоқтатылған қызметтен аударымдар нәтижелерін көрсету үшін қайта есептелді (2-ескерту).

12

ҚОСЫМШАЛАР

1-ҚОСЫМША. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЖК	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
АлЭС	«Алматы электр станциялары» АҚ
АҚ	Акционерлік қоғам
Бенчмаркинг	«Самұрық-Энерго» АҚ-ға өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетін нақты өзгерістерді іске асыру мақсатында өз жұмысын басқа компаниялардың практикасымен салыстыруына мүмкіндік беретін талдау әдістемесі
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖЭС	Жел электр станциясы
МУИИДБ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы	«Самұрық Энерго» АҚ, оның еншілес және тәуелді ұйымдары және бірлесіп қадағалайтын кәсіпорындары
МАЗС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ГТЭС	Газ-турбиналық электр станциясы
ГЭС	Гидравликалық электр станциясы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
АРБД	Қоғамның Адам ресурстарын басқару департаменті
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЖГРЭС	«И.Т.Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС-і» АҚ
МБЖ	Менеджменттің біріктірілген жүйесі
ҚИЭС	Қазақстандық зияткерлік энергия жүйесі
НҚК	Жалпы алғанда Қоғамның, сондай-ақ оның басқарушы қызметкерлерінің қызметінің тиімділік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін, Қоғам қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын негізгі қызмет көрсеткіші (индикаторы)
КМЖ	Корпоративтік менеджмент жүйесі
ЭЖЖ	Электр жеткізу желісі
ҚР ИЖТМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
Қоғам	Қазақстан Республикасында тіркелген, еншілес және тәуелді ұйымдарды басқаратын «Самұрық-Энерго» АҚ холдингтік компаниясы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ШРШ	Шектеулі рұқсат етілген шығарындылар
ШРТ	Шектеулі рұқсат етілген төгінділер
Сатып алу жоспары	Қоғамның жарғылық қызметінің жұмыс істеуін, сондай-ақ оның орындалуын қамтамасыз етуге қажетті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді ақылы негізде жоспарлы сатып алуын көрсететін, белгіленген нысандар бойынша қалыптастырылған құжат.

1-ҚОСЫМША. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Даму жоспарының көрсеткіштері	Өндірістік, операциялық және қаржылық қызметті сипаттайтын көрсеткіштер. Көрсеткіштер Даму жоспарының құрамында бекітілетін, есепті және жоспарланатын мерзім ішіндегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие.
ӨҚҚ	Өрт қауіпсіздігі қағидасы
ҚТҚ	Қауіпсіздік техникасы қағидасы
ЖКБ	Жүк тиеу-көлік басқармасы
ТПҚ	Техникалық пайдалану қағидасы
ПХД	Полихлорлы дифенилдер
Тәуекел	Алға қойған мақсаттар міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін оқиғалармен немесе әрекеттермен байланысты белгісіздікке душар болу
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ, Ресей	Ресей Федерациясы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Стратегия	«Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясы
Қоғамның құрылымдық бөлімшелері	Қоғамның белгілі бір қызмет түрін атқаруға жауапты және ұйымдық құрылымынан көрініс тапқан бөлімшелер (департаменттер, қызметтер)
АТП АЗА	«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы
КЭС	Күн электр станциясы
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«АЭС» ЖШС	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ЖЭО	Жылу электр орталығы
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ГРЭС-1	«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
ГРЭС-2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
ЭЖҰ	Энергиямен жабдықтаушы ұйым
CO₂	Көміртегінің қос тотығы
КОЛ	Күшті органикалық ластағыштар
EBITDA	Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар (ағылшынша Earnings Before Interest, Tax, Depreciation and Amortization)
GRI	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global reporting initiative)
ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization)
KEGOC	«KEGOC» акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company, Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы)
SWOT	Сыртқы және ішкі ортаға жағымды/ жағымсыз факторлардың әсерін талдау

ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

ГВтсағ.	Гигаватт сағат
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория
кВ	Киловольт
кВтсағ.	Киловатт сағат
км	Километр
м	Метр
мз	Текше метр
МВА	Мегавольт-ампер
МВт	Мегаватт
Млн	Миллион
мың	Мың
%	Пайыз

2-ҚОСЫМША. ЕСЕПТІҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ

GRJ индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсет- кішті ашу	Беті
Стратегия және Талдау			
1.1	Ұйымда шешім қабылдайтын ең үлкен тұлғаның мәлімдемесі	+	06-09
1.2	Түйінді әсерлердің, тәуекелдер мен мүмкіндіктердің сипаттамасы	+	115-119
2.1	Ұйымның атауы	+	12
2.2	Басты брендтер, өнім және/немесе қызмет түрлері	+	13
2.3	Ұйымның функционалдық құрылымы, оның ішінде негізгі бөлімдер, операциялық компаниялар, еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар	+	26-27-бет-тердің ара-сындағы қо-сымша бет
2.4	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	+	175
2.5	Ұйымның өз қызметін жүргізіп жатқан елдер саны және оның негізгі қызметі жүзеге асырылатын немесе есепте қамтылған тұрақты даму мәселелері тұрғы-сынан алғанда айрықша маңызды болып табылатын ел атаулары	+	13
2.6	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны	+	13
2.7	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (оның ішінде географиялық тұрғыдан топтас-тырғандағы қызмет көрсетілетін секторлар, тұтынушылар мен бенефициарлар санаты)	+	28-30, 35, 45
2.8	Ұйымның ауқымы	+	15-16
2.9	Есептілік кезең ішінде болған ауқымдардың, құрылымдардың немесе меншік-тердің елеулі өзгерістері	+	26-27
2.10	Есептілік кезең ішінде алған марапаттары	+	11, 122

2-ҚОСЫМША. ЕСЕПТІҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ)

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
Стратегия және Талдау			
3.1	Ұсынылған ақпарат тиесілі есептілік кезең	+	04
3.2	Алдыңғы есептердің соңғысының жарияланған күні (егер осындай есептер жарияланған болса)	+	04
3.3	Есептілік циклы	+	04
3.4	Есеп пен оның мазмұнына қатысты мәселелер бойынша байланыс ақпараты	+	175
3.5	Есептің мазмұнын анықтау үдерісі	+	05
3.6	Есеп шекарасы (мысалы, елдер, бөлімдер, еншілес компаниялар, жалға берілген қуаттар, бірлескен кәсіпорындар, өнім жеткізушілер)	+	05
3.7	Қамту аймағын немесе есеп шекараларын шектеу	+	05
3.8	Алдыңғы есептермен және /немесе басқа ұйымдармен салыстыруға елеулі әсер ететін бірлескен кәсіпорындар, еншілес кәсіпорындар, өндірісті жалға беру, міндеттердің бір бөлігін сыртқы мердігерлер мен басқа да ұйымдық бірліктер бойынша мәліметтерді есепке қосу үшін негіздемелер	+	05, 57
3.9	Есепке кірген, көрсеткіштер мен басқа ақпаратты дайындау үшін пайдаланылған болжамдар мен әдістемелерді қоса алғандағы деректер мен есептерді өлшеу әдістері	+	05
3.10	Алдыңғы есептерде келтірілген ақпараттардағы кез келген қайта тұжырымдаулар, сондай-ақ осындай қайта тұжырымдаулардың (мысалы, бірігу /жұтылу, есептілік кезеңінің, бизнес түрінің, бағалау әдісінің өзгеруі) мәнін сипаттау		
3.11	Есепте қолданылған қамту, шекаралар немесе өлшеу әдістері саласындағы алдыңғы есептілік кезеңдеріне қатысты елеулі өзгерістер	+	05
3.12	Есептегі Стандартты элементтердің орналасуын көрсететін кесте	+	170-174
3.13	Есептің сыртқы расталуына қатысты саясат және қолданылған тәжірибелік көзқарастар	+	05
4.1	Нақты міндеттерге, мысалы, стратегияны әзірлеуге немесе ұйымның қызметін жалпы қадағалауға жауапты жоғарғы басқарушы органның құрамындағы негізгі комитеттерді қоса алғандағы ұйымның басқару құрылымы	+	83
4.2	Жоғарғы басқарушы органның төрағасы бір мезгілде компанияның атқарушы менеджері болып табыла ма, көрсетіңіз	+	90
4.3	Біртұтас директорлар кеңесі бар ұйым үшін жоғарғы басшы органның тәуелсіз мүшелерінің және/ немесе компанияның атқарушы басшылығына жатпайтын мүшелерінің санын көрсетіңіз	+	85-86
4.4	Ұйымның акционерлерінің немесе қызметкерлерінің жоғарғы басқарушы органның қызметін бағыттауына немесе оған ұсынымдар беруіне көмектесе алатын тетіктер	+	83, 107
4.5	Жоғарғы басқарушы органның мүшелеріне, жоғарғы атқару органның өкілдеріне және аға басшыларға төленетін төлемдер (демалыс жәрдемақысын қоса) мен ұйым қызметінің нәтижелері (әлеуметтік және экологиялық нәтижелерді қоса алғанда) арасындағы байланыс	+	89, 107
4.6	Жоғары басқарушы орғандағы мүдделер қақтығысын болдырмауға бағытталған қолданыстағы үдерістер	+	110
4.7	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік [орнықты дамудың] тақырыптар бойынша ұйымның стратегиясын анықтау үшін жоғары басқарушы орган мүшелерінің біліктілігі мен құзыреттілігін анықтау үдерістері	+	87, 100

2-ҚОСЫМША. ЕСЕПТІҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ)

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
Стратегия және Талдау			
4.8	Ұйым ішінде әзірленген эномикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелілік тұрғысынан маңызды болып табылатын миссиялар мен құндылықтар туралы мәлімдемелер, корпоративтік мінез-құлық пен қағидаттар кодекстері, сонымен бірге оларды нақты іске асыру деңгейі	+	14-15, 107
4.9	Жоғары басқарушы органның ұйымның тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қоса алғанда, өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелілігін қалай бағалап, басқаратынын қадағалауды үшін пайдаланатын рәсімдері, сонымен қатар халықаралық стандарттарды, корпоративтік мінезқұлық пен қағидаттар кодекстерін ұстану немесе оларға сәйкестік	+	108
4.10	Жоғарғы басқарушы органның өз нәтижелілігін, оның ішінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік нәтижелерге байланысты нәтижелілігін бағалау үдерістері	+	100-104
4.11	Ұйымның сақтану қағидатын қолданатынына және қалай қолданатынына түсіндірме	+	108
4.12	Ұйым қолдайтын немесе қосылған сыртқы тараптар әзірлеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе басқа да бастамалар	+	109
4.13	Мүдделерді қорғау жөніндегі қауымдастықтарға (мысалы, салалық) және/немесе ұлттық, халықаралық ұйымдарға мүшелік	+	109
4.14	Ұйым өзара іс-қимыл жасаған мүдделі тараптардың тізбесі	+	154-156
4.15	Мүдделі тараптармен әрі қарай өзара іс-қимыл жасау мақсатында оларды табу және іркітеу үшін негіздемелер	+	154-156
4.16	Нысандар мен мүдделі топтар бойынша өзара іс-қимыл жиілігін қоса алғанда, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау бойынша көзқарастар	+	154-156
4.17	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау үдерісінде көтерілген немесе анықталған түйінді тақырыптар мен мүдделер, сонымен бірге ұйымның оларға қалай жауап қайтарғаны, соның ішінде өзінің есептілігі арқылы	+	154-156
EC	Менеджмент тәсілдемесі	+	57
EC1	Табыстарды, операциялық шығындарды, қызметкерлерге төленетін төлемдерді, қайырмалдықтар мен қоғамдастыққа салынатын басқа да инвестицияларды, бөлінбеген табыс, капитал мен мемелкеттерге өнім берушілерге төленетін төлемдерді қоса алғандағы құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	+	57-74
EC5	Ұйым қызметінің маңызды аймақтарындағы бастапқы деңгейдегі жалақы мен бекітілгең төмен жалақы арасалмағының диапазоны	+	138
EC6	Ұйым қызметінің маңызды аймақтарындағы жергілікті өнім берушілерден сатып алу саясаты, практикалық көзқарастар және осындай сатып алулардың үлесі	+	151-153
EC7	Ұйым қызмет ететін маңызды аймақтардағы жергілікті тұрғындарды жалдау рәсімдері және жергілікті тұрғындардан жалданған жоғары басшылардың үлесі	+	128
EC8	Коммерциялық, табиғи және қайырымдылық қатысу арқылы қоғамдық игілігі үшін инфрақұрылым мен қызметтерге бірінші кезекте ұсынылатын инвестициялар әсері мен дамуы	+	79, 150-151
EC9	Әсер ету саласын қоса алғандағы елеулі тікелей емес экономикалық әсердің түсінігі мен сипаттамасы	+	154
EN	Менеджменттің тәсілдемесі	+	123
EN1	Салмағы мен көлемі көрсетіліп пайдаланылған материалдар	+	123-124

2-ҚОСЫМША. ЕСЕПТИҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ)

GRI индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсеткішті ашу	Беті
Стратегия және Талдау			
EN3	Бастапқы көздерді көрсете отырып, энергияны тікелей пайдалану	+	–
EN5	Энергия тұтынуды азайту және энергия тиімділігін арттыру бойынша өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде үнемделген энергия	+	–
EN8	Су көздеріне шаққандағы алынған судың жалпы көлемі	+	124
EN10	Бірнеше қайтара және қайта пайдаланылатын судың үлесі мен жалпы көлемі	+	124
EN11	Ұйымның өз меншігіндегі, жалға алынған және ұйымның басқаруындағы өндірістік алаңдар бар, олар қорғауға алынған табиғи аумақтарда және биоәртүрлілігінің құны аса жоғары аумақтардың шекарасына тақау және кіріге орналасқан	+	124
EN20	NOx, SOx және түрі мен салмағын көрсетілген басқа да елеулі ластағыш заттардың атмосфераға шығарылуы	+	–
EN21	Ағынды сулар мен қабылдаушы нысанның сапасы көрсетілген шығарындылардың жалпы көлемі	+	125
LA	Менеджменттің тәсілдемесі	+	128
LA1	Жұмыспен қамтылу түрі, жалдау туралы шарт және аймақ бойынша топтастырылған жұмыс күшінің жалпы саны	+	129-133
LA2	Жасына, жынысы мен өңіріне қарай топтастырылғандағы қызметкерлердің жалпы саны мен кадрлар тұрақтамаушылығы	+	129-133
LA3	Негізгі қызметі бойынша топтастырғанда, уақытша жұмыс істеп жүрген немесе толық емес жұмыспен қамтылған қызметкерлерге берілмейтін, тек толық жұмыспен қамтылған қызметкерлерге ғана берілетін төлемдер мен жеңілдіктер	+	143
LA4	Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер үлесі	+	142
LA5	Ұйым қызметіндегі маңызды өзгерістерге қатысты хабарламалардың берілуі бойынша ең аз мерзімі және ол ұжымдық шартта көрсетілген бе	+	142
LA7	Өңірлерге шаққандағы өндірістік жарақаттану деңгейі, кәсіби аурулар деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ жұмыспен байланысты өлімге әкеп соққан оқиғалардың жалпы саны	+	147-148
LA8	Қызметкерлерге, олардың отбасы мүшелеріне және халықтың өкілдеріне ауыр сырқаттарға қатысты көмек көрсету мақсатында білім беру, оқыту, кеңес беру, алдын алу және тәуекелді бақылау бойынша қолда бар бағдарламалар	+	133-134
LA10	Қызметкерлер санатына шаққанда, бір қызметкерді бір жыл ішінде оқыту сағаттарының орташа саны	+	134
LA12	Нәтижелілікті бағалау мен мансапты дамыту тұрақты түрде жүргізіліп тұратын қызметкерлер үлесі	+	134
LA13	Ұйымның басқарушы органы мен персоналының жынысына, жасына қарай және аз ұлттың өкілдігі мен басқа да әртүрлілігі көрсетілген құрамы	+	133
HR	Менеджмент тәсілдемесі	+	140
HR4	Кемсітушілік оқиғаларының жалпы саны және қабылданған шаралар	+	143-144
HR5	Қауымдасу еркіндігі мен ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтары елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін әрекеттер мен осы құқықтарды қолдау үшін қабылданған әрекеттер	+	143

2-ҚОСЫМША. ЕСЕПТІҢ GRI НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІГІ КЕСТЕСІ (ЖАЛҒАСЫ)

GRІ индексі	Көрсеткіш атауы	Көрсет- кішті ашу	Беті
Стратегия және Талдау			
HR6	Балалар еңбегін жоюға қатысу үшін қабылданған және балалар еңбегін пайдалану оқиғаларының елеулі тәуекелдері бар қызмет	+	143-150
HR7	Міндетті еңбек немесе мәжбүрлі еңбекті жоюға қатысу үшін қабылданған әрекеттер және міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалану оқиғаларының елеулі қауіптері бар қызмет	+	143-150
HR9	Тұрғылықты және аз санды халықтардың құқығына қатысты заң бұзушылық оқиғаларының жалпы саны және қолданылған әрекеттер	+	143-150
SO	Менеджмент тәсілдемесі	+	154-155
SO2	Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерге қатысты болжанған бизнес-бірліктердің үлесі мен жалпы саны	+	156
PR	Менеджмент тәсілдемесі	+	156-157
PR2	Өнімдер мен қызмет түрлерінің денсаулық пен қауіпсіздік әсеріне қатысты салдарлар түріне шаққандағы нормативтік талаптар және еріктілік кодекстеріне сәйкессіздік оқиғаларының жалпы саны	+	156-157
PR7	Өнім мен демеушілікті жылжыту, жарнамалаумен қоса маркетингілік қатынастарға қатысты салдарлар түріне шаққандағы нормативтік талаптар және еріктілік кодекстеріне сәйкессіздік оқиғаларының жалпы саны	+	156-157
PR8	Тұтынушылар туралы мәліметтерді жоғалту және тұтынушының жеке өміріне қолсұқпаушылықтың бұзылуына қатысты негізделген шағымдардың жалпы саны	+	156-157
EU1	Реттеу тәртібі мен электр тасымалдау түрлеріне шаққандағы жобалық қуат	+	41-43
EU2	Реттеу тәртібі мен электр тасымалдау түрлеріне шаққандағы таза өндірілетін қуат	+	41-43
EU3	Тұрмыстық, өндірістік, институционалдық және коммерциялық тұтынушылардың жеке шоттарының саны	+	43
EU4	Барлық реттеу тәртібі бойынша тарату желілері мен электр берілісінің жерасты және жерүсті желілерінің ұзындығы	+	43
EU16	Мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты саясат пен талаптар	+	150
EU18	Мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқытылған қызметкерлерінің пайызы	+	150
EU21	Стихиялық зардаптар/төтенше жағдайлар және қалпына келтіру жұмыстары жоспарының оқу бағдарламалары мен іс-шаралар жоспарының төтенше жағдайлардағы әрекетін жоспарлау	+	148-149
EU25	Сот шешімдерін, соттық реттеу мен сот істерін қоса алғанда, Компания активтерінің қатысуымен болған, халықтың жарақаттануы мен өліміне әкелген, ауру ретінде қарастырылатын оқиғалар саны	+	147

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



Есепке немесе оның мазмұнына қатысты
кез келген сұрақ бойынша мына байланыстар
бойынша хабарласа аласыздар:

МҰХАМЕДСАЛИЕВ МАРАТ ОҚАПҰЛЫ

Баспасөз хатшысы

Телефон: +7 (7172) 55-30-62

email: m.mukhamedsaliyev@samruk-energy.kz

МҰХАМЕДЖАНОВА МАҚПАЛ ӨНЕРБЕКҚЫЗЫ

Корпоративтік басқару департаментінің директоры

Телефон: +7 (7172) 55-30-05

email: m.mukhamejanova@samruk-energy.kz

ar2015.samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы
Орталық басқару аппараты
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Қабанбай батыр даңғылы, 15 А
“Q” бизнес орталығы, Б блогы

Телефондар: +7 (7172) 55-30-00,
+7 (7172) 55-30-21
Факс: +7 (7172) 55-30-30
e-mail: info@samruk-energy.kz



Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған кезде
оған сілтеме жасау міндетті.